Пән мұғалімдері сыныптың білім сапасын көтеру үшін педагогика мен психологиядағы озық технологияларды пайдалана отырып, мектеп психологы және ата-аналармен тығыз байланыста болулары керек. Әрбір пән мұғалімі оқушылардың жүйелі түрде жұмыс істеуіне, дарынды және нашар оқитын оқушылармен жұмыс түрін жандандыруға баса назар аударуы керек. Сабақ әрбір оқушыға қызықты болуға тиісті дәрежеде өткізілуі, алдағы уақытта білім дәрежесінің көтерілуіне мұғалімнің мақсатты түрде жұмыс істеуі керек. Мысалы, білім сапасының төмендеуіне себепті анықтау мониторингі, сабаққа қиындық тудыратын жағдайды анықтау, пән мұғалімдерімен жекеше пікір алысу, оқушылардың білімімен қатар тәрбиесіне де ерекше назар аудару. Әр кезеңде жұмыс істейтін мұғалімдердің негізгі мақсаты оқушының уақытын ұтымды пайдалана білуіне, оқитын материалына жүйелі түрде дайындала білуіне , үй тапсырмасын орындау барысында ойланып, өз бетінше орындауына, дұрыс оқуға үйрету. Материал ауқымы өте үлкен болмауына. Оқушылардың материалды алып кетуіне үлкен жүйелілік керек. Ол мұғалім мен ата-ана тарапынан көрсетілетін көмектің уақытында әрі дәл болуына ат салысу, бір сөзбен айтқанда әрбір сабақ сапалы әрі нәтижеге бағытталып өтілуі тиіс. Бұл үшін әрбір пән мұғалімі сабақ жоспарын жазғанда мұқият әрбір кезеңді ұтымды пайдалана отырып, деңгейлік тапсырмалар мен функционалды сауаттылыққа негізделген тапсырмалардың болуын қадағалау және оқушының өзін-өзі дамыта отырып тақырыпты өзі меңгере алуын іске асыруға бағыттау. Мұқият 45 минуттың құдіретіне бағытталған сабақ жоспарларын күнделікті дұрыс ұйымдастыру және күнделік кз электронды оқулықты уақытылы толтырып отыру.


Мектеп бойынша оқушылардың білім деңгейінің арттыруына оқу үрдісінің тиімді ұйымдастырылуы мен мектепішілік бақылаудың жүйелі жүруі және білікті мамандардың тәжірибесі оң әсерін тигізді.Сондықтан жаңа оқу жылында да пән мұғалімдеріне оқушылардың білім, білік дағдыларын дамыту және тиянақтау жолындағы жемісті жұмыстарын жалғастыруда дәстүрге айналдырулары қажет.

Оқу жылы көлемінде педагогикалық ұжымның жұмысының білім берудегі кемшілігі мен жетістігін және себебін анықтау мақсатында оқу үрдісінің негізі болып табылатын педагогикалық жұмыстың мониторингі қадағаланып және білім сапасы әр пән бойынша сараланып отырылды. Оқушы білімінің нақтылығын, білім сапасының төмендігінің себебін және біліміндегі олқылықтарды әр пән бойынша анықтап, оны жою жолдарын қарастыру білім тексеру нәтижесінде анықталды.

Әр тоқсан сайын атқарылған жұмыстар ягни оқушылардың білім сапасының деңгейі арнайы параметр-көрсеткіштер арқылы бағаланып қорытындысы шығарылды, нәтижесінде қандай кемшілік, олқылықтары бары анықталып, педагогикалық кеңесте, әдістемелік бірлестіктерінің кеңес отырыстарында талқыланды, оларды жою жолдары белгіленіп арнайы тапсырмалар берілді.

Педагогикалық кенесінің шешімімен 2023 – 2024 оқу жылынан бастап сыныптан сыныпқа көшіру кезінде 5-8-10 сыныптар арасында аралық емтихан қазақ тілі пәні бойынша алынды. Мемлекеттік емтиханға дайындық сәуір айынан бастап дайындық кестесі бекітіліп, пән мұғалімдері дайындықты жүргізілді. 2023-2024 оқу жылын аяқтау және қорытынды аттестаттау әр пән бойынша комиссия құрамы бекітілді. Биылғы оқу жылында 5-8,10 сыныптар аралық емтиханнан өту арқылы келесі сыныпқа көшірілді.

Қорытындылай келгенде, 2023-2024 оқу жылында барлық пәндерден оқу бағдарламалары мемлекеттік стандартқа сәйкес орындалды. Электронды журнал тексеріліп, емтихан бағалалары мен қорытынды бағалары қойылды.



2.6. Аралық емтихан нәтижесі

Қазақ тілі бойынша 5-8,10 сыныптар бойынша аралық емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізілді.

Негізгі мақсаты:

- ✓ білім алушылардың қазақ тілі бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруін бағалау;
- ✓ оқу және жазу сауаттылығы деңгейін анықтау
- ✓ білім алушылардың «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты тарапына сәйкес бағалау.

Міндеті: білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығы мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.

27.05.2024 жылы 5-7, 31.05.2024 жылы 8-10 сыныптар бірінші рет емтихан тапсырады.


Биылғы оқу жылында жалпы 5-8,10 сыныптарда 768 оқушы аяқтады. Жекелей келе, 5 сыныптарда 190 оқушы, 6 сыныптарда 166 оқушы, 7 сыныптарда 157 оқушы, 8 сыныптарда 154 оқушы, 10 –сыныптарда 101 оқушы қатысты. Аралық емтиханға 766 оқушы қатысты. 2 оқушы белгілі себептермен Насипбай Бүркіт -5 «Д» сынып оқушысы, Турсунбаев Курбанбек- 6 «Г» сынып оқушылары қатыспады. Аралық емтиханның білім сапасы 5-8,10 сыныптарда 66,40 пайыз, үлгерім 100 пайызды көрсетті.

Мектеп директорының бұйрығының негізінде аралық емтихан коммиссиясы және тапсыру кестесі бекітілді.

Сыныптар	Барлық оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Үздіктер	Екпінділер	Қанағаттанарлық
5 А	26	26	5	14	7
5 Ә	28	27	4	16	7
5 Б	27	27	5	11	11
5 В	28	28	4	12	12
5 Г	28	28	5	14	9
5 Ғ	27	27	0	10	17
5 Д	26	25	6	10	9
6 А	27	27	3	14	10
6 Ә	28	28	3	15	10
6 Б	28	28	5	10	13
6 В	30	30	6	14	10

6 Г	29	26	4	11	11
6 Ғ	24	24	5	10	9
7 А	26	26	5	10	11
7 Ә	27	27	3	13	11
7 Б	27	27	7	10	10
7 В	25	25	4	11	10
7 Г	26	26	3	17	6
7 Ғ	26	26	6	8	12
БАРЛЫҒЫ	513	511	83	230	195
ПАЙЫЗЫ	513	511	16%	45%	38%

5-7 АРАЛЫҚ ЕМТИХАНҒА ҚАТЫСҚАН ОҚУШЫЛАР



31.05.2024 жылы 8- 10 сыныптар бірінші рет емтихан тапсырады.

Сыныптар	Барлық оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Үздіктер	Екпінділер	Қанағаттанарлық
8 А	27	27	7	14	6
8Ә	28	28	3	18	7

8 Б	24	24	0	20	4
8 В	25	25	1	18	6
8 Г	26	26	6	13	7
8 Ғ	24	24	1	14	9
10 А	17	17	6	8	3
10 Ә	23	23	6	11	6
10 Б	21	21	3	11	7
10 В	18	18	2	11	5
10 Г	22	22	4	15	4
БАРЛЫҒЫ	255	255	39	153	63
ПАЙЫЗЫ	255	255	15,29	60	24,70

2.7. 9-11 сыныптарды қорытынды аттестаттау

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес БҰЙЫРЫҒЫНА сәйкес:

Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілді:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

Мемлекеттік емтихан ережесі бойынша 9,11 сыныптарда емтихан алынды.

2023-2024 оқу жылында 11 сыныптарда жалпы -52 оқушы аяқтады, барлығы мемлекеттік емтиханға қатысты. 11 сыныптар бойынша Алтын белгі иегері -Кудайбергенова Жанель, Үздік аттестат иегерлері: Жарылқасын Әмина 11 Б сыныбы, Мұрат Аңсар, Мамырбай Ақерке, Мұхаметрахымова Зағипа 11 Ә сынып оқушылары мектебіміздің мақтаныштары. Емтихан тапсырмалары тексеріліп,хаттама толтырылды. Емтиханға қатыспай қалған оқушы жоқ, толық қатысты.

9 сыныптарда жалпы -116 оқушы аяқтап, мемлекеттік емтиханға толық қатысты. Емтихан тапсырмалары тексеріліп , хаттама толтырылды. Барлық емтихан бағалары күнделік kz журналына қойылды.

3. 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСҚА САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Гимназия пайымдауы: «Әлеуеті жоғары, жасампаз тұлға даярлаймыз»

Гимназия миссиясы: «Әрбір оқушының білім алуына жоғарғы деңгейдегі қолдау көрсетіледі»

Бағалау үдерісіндегі әдістемені жетілдіру: Тиімді қалыптастырушы және жиынтық бағалау білім алушы жетістігінің қойылған оқу мақсаттарына қаншалықты сәйкестігін көруге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін мұғалім оқу үдерісін жоспарлау, рефлексия, оқытудың жеке тәжірибесін жетілдіру үшін қолданады. Қалыптастырушы бағалау білім алушыға нақты тапсырманы немесе сабақтағы іс-әрекетті орындау кезінде берілетін кері байланысқа негізделген.

Іс әрекеттегі зерттеуді және Сабақты зерттеу тәсілін өзгеріс құралы ретінде оқыту тәжірибеге енгізу. SHARE, Action Research жобасы мектеп тәжірибесіне зерттеу үдерісін енгізу және қолдану болып табылады. Мектеп тәжірибесі деп отырғанымыз оның ішіндегі барлық үдерістерді айтамыз. Мәселен оқыту мен оқу үдерісі, мектептегі көшбасшылық және мектептегі басқарушылық үдерістер. Жобаның негізгі фокусы мектептегі жүріп жатқан барлық үдерістерді зерттеу арқылы дәлелдер негізінде шешімдер қабылдау, тиімділікті арттыру.

Педагогтардың кәсіби дамуы. Мұғалімнің кәсіби дамуы - тынымсыз ізденіс. Өмірдегі сан түрлі мамандықтардың ішінде білімділікті, кәсібилікті, тәрбиелілік пен шеберлікті аса қажет ететін мамандықтың бірден - бірі – мұғалім мамандығы. Мұғалімнің кәсіби даму шеберлігі жүйелі өтетін ашық сабақтар, түрлі сайыстар, байқаулар, іс-тәжірибелер, сыныптан тыс жұмыстар, олимпиада, конференция, семинарларға қатысуымен бағаланады. Мұғалім тұлғаны қалыптастыруда, өз-өзін жетілдіріп, күнделікті педагогикалық тәжірибеден тыс шығып, мұғалімдік іс-әрекетпен байланысты түрлі іс-шараларға қатысып жүруі тиіс.

Педагогтардың аттестатталуы: Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібін айқындайды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Педагогтардың біліктілік арттыру курстары. Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны. "Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығы негізінде жүргізіледі. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің

біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды.

Инновациялық жобалар: Сабақты зерттеу (AR, LS) **Педагогикалық инновация**- баланың жеке тұлғасының қалыптасу процесінің мәдени дәстүріндегі басқа концепциямен байланысты, білім беру процесіне деген басқа көзқараспен және жолмен байланысты білім беру іс-әрекетін зерделейді. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі - өсіп келе жатқан тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз. Lesson Study – сыныпты зерттеу нысаны немесе түйінді сипаты: креативтілік пен ғылыми дәлдік. «Сабақты зерттеу» (Lesson Study) әдісін мектеп жұмысын бағалау емес, оқу мен оқытуды жақсарту үшін қолданылады.

Жас мамандарға тәлімгерлікті ұйымдастыру. «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы негізінде іске асырылады. Тәлімгерлік – педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімдеу жоспарын жасауға практикалық көмек көрсетеді және оның орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәжірибесін зерделейді және қорытады, тәлімгерлікті одан әрі жетілдіру үшін орта білім беру ұйымының басшысына негізделген ұсыныстар енгізеді.

Көшбасшылық және менеджмент. Мектепті тиімді басқару жолдары. Мектеп басшылығы ұжыммен команда ретінде жұмыс істеп, мектепті басқаруда күнделікті оқу мен оқыту процесін бақылап, анализ жасай отырып алынған деректер негізінде мектептің мықты жақтарын анықтап, олардың қажеттіліктерін белгілей отырып, бүкіл ұжымның жұмысын ұйымдастыруда ескеруі қажет: кадрларды дұрыс таңдау; мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету; мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеруге жағдай жасау; олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу; оқу тәрбие процессінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау түрлеріне негізделеді.

Гимназияның ғылыми-әдістемелік жұмыстарының мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін дамыта отырып, іс-әрекеттегі зерттеу арқылы оқушының әлеуетіне сай құндылықтар негізінде оқу мен оқытудың сапалы жүйесін құру

Гимназияның ғылыми-әдістемелік жұмыстарының міндеттері:

1. Мектептің ғылыми-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту;
2. Мұғалімдердің оқыту және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәжірибесін дамыту;
3. Педагогикалық қызметкерлердің оң нәтижелі тәжірибесін тарату;
4. SHARE: (Action Research) мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын дамыту;
5. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестацияны ұйымдастыру;
6. Жаңадан қабылданған педагогтар мен жас мамандарға қолдау көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру;
7. Оқу-үйрену курстарын ұйымдастыру, мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін арттыру.
8. Жаңа технологияларды оқу үрдісіне енгізу;
9. Озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау және мұғалімдердің арасында тарату.
10. Өздігінен білім көтеру жұмысының сапасына қолдау көрсету;

11. Әдістемелік кеңес жұмысын ұйымдастыру.

3.1. 2023-2024 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыс есебі

2023-2024 оқу жылында 5 әдістемелік кеңес отырыстары жоспарланып өткізілді.

№1 әдістемелік отырыс «Нормативтік құжаттар педагогтың жұмысын қалай реттейді?» тақырыбында өткізілді.

Күн тәртібінде карастырылған сұрақтар:

1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары, жаңа талаптар.
2.Авторлық әзірленім жазудың құрылымы мен мазмұны
3.«2022-2023 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат талдауы. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекітуге ұсыну
4. Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар

1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары, жаңа талаптар.

ҚР БҒМ 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығымен таныстырды. Мұғалімдерді аттесттаудан өткізу қағидалары мен шарттары талқыланды. Бұйрыққа өзгерістер енгізілуіне байланысты, аттестталатын мұғалімдерге сабақтарды өткізу мен портфолио жинауға ұсыныстар берілді.

2. Педагогикалық ұжым авторлық әзірленім жазудың құрылымы мен мазмұнымен таныстырылып, гимназияның әдістемелік кеңесінде қаралып, қалалық оқу-әдістемелік сараптамалық кеңеске ұсынылатыны туралы айтылды.

3. 2023-2024 оқу жылында ҚР-ның орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процессінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарын, мақсат-міндеттерін айқындап, мектептің оқу бағдарламасын таныстырды, мұғалімдердің КТЖ, үйірме жұмысы, вариатив бөліктегі бағдарламаларды бекітуге ұсынды.

4. Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар

2023-2024 оқу жылы көлемінде ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына және «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 4-тармағында көрсетілген педагог лауазымына жұмысқа алғаш қабылданған адамға кәсіби бейімделуге практикалық көмек көрсету бойынша орта білім беру ұйымында тәлімгердің ақы төленетін қызметі – тәлімгерлік жүзеге асырылды. Аталмыш жылы гимназияда 1 жас маман Жолдыгулова Жадыраға бастауыш сынып мұғалімі Қ.Ж. Сейтмаганбетова тәлімгерлік атқарды.

Оқу жылы бойында жас мамандармен жүргізілген жұмыс пен тәлімгерлікті ұйымдастырудың *мықты жағы* – тәлімгерлердің біліктілігі мен еңбек өтілі, тәжірибесінің жоғары болуы, жас мамандардың жоғары білімді, цифрлық сауаттылықтарының жоғары деңгейі. *Әлсіз жағы*: тәлімгер мен жас маманның оқу ауысымдарының әртүрлі кезеңде болуы, сабақтарды бақылауға қатысуға, жиналыстар өткізуге педагогтердің жүктемесінің көп болуы кері әсерін тигізуі, кәсіби сайыстарға қатысуға жас мамандардың ішкі уәжінің аз болуы. *Мүмкіндіктер*: жас мамандардың қабілет, білім-біліктіліктері жоғары деңгейлі іс-шаралар, семинарлар, конференциялар, форумдар ұйымдастыруға жеткілікті болуы, тәлімгерлерді жас мамандарға жетекшілікке белгілеген тәрізді, дарынды оқушыларға тәлімгер мен жас маман дуэтін біріктіріп, үштік одақ қалыптастыру. *Қауіп-қатер*: педагогтердің басқа жұмыс орнына ауысуы, сайыстар мен байқау

жеңімпаздарын марапаттау кезінде материалдық ынталандыру көздерінің болмауы, педагогтердің уақыты мен ресурстарының тиімсіз жоспарлануы.

№ 2 әдістемелік отырыс.

Күн тәртібінде қарастырылған сұрақтар:

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепішілік олимпиада ұйымдастыру.
2. «Шебер педагог» және «Зерттеуші педагог» санатындағы мұғалімдердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру.
3. Бастауыш сыныптағы пәндік жүйе тиімділігі

1. Оқушылардың ғылымға деген қызығушылықтарын дамыту, пәндік білімін тереңдетіп, дарынды балаларды анықтау мақсатында 2023-2024 оқу жылында 5-11 сынып оқушыларына арналған мектепішілік олимпиада ұйымдастырылып, олимпиадалық резерв құрылды.

2. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту оның кәсіби тәжірибе арқылы үздіксіз өз білімін жетілдіріп, дамып, шыңдауға әкелетін тың жаңалықтарды қабылдау мен меңгерудің қарқынды үдерісі. Педагогикалық тәжірибе – шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. 2023-2024 оқу жылында педагог-зерттеуші мұғалімдер озық педагогикалық әдістерімен бөлісуі қаралды.

3. Заман талабына сай озық ойлы тұлға қалыптастыру үшін бастауыш сыныптарда 2 сыныптан бастап, білім беруде пәндік жүйе енгізілді.

№3 әдістемелік отырыс.

Күн тәртібінде қарастырылған сұрақтар:

1. «Педагогикалық шеберхана» онкүндігінің нәтижесі бойынша талдау, ұсыныстар.
2. «Тиімді тәжірибе» тарату мектепішілік, қалалық

1. Шығармашыл, құзыретті педагогтердің кәсіби өсуіндегі іс-тәжірибесімен бөлісу ортасын құру мақсатында «Педагогикалық шеберхана» онкүндігі ұйымдастырылды. Әдістемелік онкүндік барысында келесідей жұмыстар ұйымдастырылды: «Шебер сабақтар, зерттеу сабақтары.

2. Мұғалімдерге әдістемелік қызмет көрсету мақсатында: Тайм менеджмент тақырыбында Г. Жайлаубекқызы тренинг, сыныптарда тиімді психологиялық ахуал құру мәселелері тақырыбында Г. Қазкенова, сараланған тапсырмалар әзірлеу тақырыбында М. Куанышкалиев, топтық жұмысты ұйымдастыру тақырыбында Р. Кушниязова тренингтер өткізді.

№ 4 әдістемелік отырыс.

Күн тәртібінде қарастырылған сұрақтар:

1. Жаңа аттесттацияның негізгі талаптары бойынша мұғалімдердің біліктілік санаттары бойынша іс-тәжірибе көрсетуі.
2. Мектептегі инновациялық жобалар мен эксперименттік алаңдар жұмысы.

1. 12.03.2024 жылы «Педагогтердің әлеуетін көтеруде кәсіби тәжірибесін жетілдіру» тақырыбы бойынша семинарда Н.М. Махат – «Эндокринді бездердің қызметі және оларға байланысты аурулар», «Г.Ж. Сайлаубаева – М.Мақатаев Аққулар ұйықтағанда поэмасы», М.К. Куанышкалиев – «Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы», «Г.Н. Камолова – Етістіктің жіктелуі», Ж.Омирзах – «Теңдеу», А.Ү. Жикенова – Ас-атасы нан, Г.Шаймардан – Орта мән, дисперсия, Р.Кушниязова – А.П. Чехов – Сирена, Н.Т. Есеналы – Island destination with difference,

Г.М. Мухамадиева – Шеңбер мен дөңгелек. Г.У. Ибираева – Сын есім. И.Д. Конилбаева – Бабаларымыздың жылқы төлін қолға үйретуі тақырыптарында шебер сабақтар өткізді. Шебер сабақтар барысында мұғалімдер өзін – өзі жетілдіру жұмыстары барысында қолданатын технологияларды демонстрациялады.

2. Бала Абай-оқушының жасайтынын тыңдалым дағдысын терең түсіну қабілетін дамыту арқылы айтылым дағдысына әсер етуі. Алған түсінген білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз қамтамасыз етсе ғана ұстаздардың әрі ұжымның еңбегінің еш болмағандығы деп білеміз.

№ 5 әдістемелік отырыс.

Күн тәртібінде қарастырылған сұрақтар:

1. Авторлық бағдарламалары апробациядан өтіп жатқан мұғалімдердің жылдық есебі.

2. Жаңа оқу жылына апробациядан өтетін мұғалімдердің жылдық есебі.

1. 2023-2024 оқу жылында 9 сынып оқушыларына арналған «Қазақстан тарихы-олимпиадаға дайындық» курсы бойынша өз тәжірибесімен бөлісті.

Бағдарламаның мазмұны мен тақырыптары 9 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып таңдалғаны айтылды. Пән мұғалімі Е.Т. Тілек бағдарламамен жұмыс жасау барысында өзінің жинаған тәжірибесімен бөлісіп, жұмыс барысында кездесуі мүмкін қиындықтар туралы айтты.

2. 2024-2025 оқу жылына келесі бағдарламалар жазылып, апробациядан өткізілсін:

1. «Рационал сандар және оларға амалдар қолдану» - А.Дуйсенәлі, Н. Құндыбаева.
2. «ҰБТ-ға дайындық тест жұмыстары» - А.К. Кабидолдаева
3. «Жалпы тригонометрия» - Қ.Бекболат
4. «Мәтін есептерді шешу» - Ж.Жанпеисова, Қ.Қаркын
5. «Ықтималдылықтар» - Г.Шаймардан, Г. Султанова
6. «Компьютерлік жады және ақпараттық өлшем бірлік – Ж.Жанарбай
7. «Pythom» тілінде алгоритмдерді программалау және практикалық программалау – А. Ерғазы
8. «Кинематика негіздері» - А.Сағынтай, А.Базарбай
9. «Күрделі заттардың химиялық қасиеті» - С. Жаппар, Н. Қанат.

Сараптама: 2023-2024 оқу жылында әдістемелік отырыстар өз жоспарына сәйкес жүргізілді. Аталған оқу жылында мұғалімдердің авторлық бағдарламаларды ұсыну үлесі аз болды.

Мәселе: мұғалімдердің инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану үлесі аз, кәіби конкурстарға қатысу үлесі төмен.

Ұсыныс: ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Астана қаласы ББ және мектепішілік мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мақсатында байқаулар ұйымдастыру.

Әдістемелік бірлестіктердің сайыстарға қатысу белсенділіктері бойынша мониторингі

	Ж Е Т І С Т І К Т Е Р І		
	Кәсіби сайыстар	**№514, №101 бұйрықтар бойынша халықаралық республикалық, қалалық, аудандық сайыстар**	**Қалалық, республикалық деңгейде тәжірибе алмасу**
қазақ тілі бірлестігі бойынша мұғалімдер саны -11, сайыстарға қатысқаны-10, Бірлестік мұғалімдерінің белсенділігі - 90 %			
өнер бірлестігі бойынша барлық мұғалімдер саны -6, сайысқа қатысқаны -5, мұғалімдерінің белсенділігі - 90%			
тарих бірлестігі бойынша барлық мұғалімдер саны -7, сайысқа қатысқаны -5, Бірлестік мұғалімдерінің белсенділігі - **71 %**			
жаратылыстану бірлестігі бойынша барлық мұғалімдер саны -11, сайысқа қатысқаны -5, мұғалімдерінің белсенділігі - **45 %**			
МИФ бірлестігі бойынша барлық мұғалімдер саны -16, сайысқа қатысқаны -7, мұғалімдерінің белсенділігі - **43%**			
бастауыш сынып жаратылыстану бірлестігі бойынша мұғалімдер саны -17, сайысқа қатысқаны -8, мұғалімдерінің белсенділігі - **47 %**			
бастауыш сынып қоғамдық бірлестігі бойынша мұғалімдер саны -17, сайысқа қатысқаны -6, мұғалімдерінің белсенділігі - **35 %**			
орыс тілі бірлестігі бойынша мұғалімдер саны -6, сайысқа қатысқаны -3 марапат саны –10, Бірлестік мұғалімдерінің белсенділігі - **50%**			
шетел тілдер бірлестігі бойынша мұғалімдер саны 14, сайысқа қатысқаны -8, Бірлестік мұғалімдерінің белсенділігі - **57%**			
дене шынықтыру бірлестігі бойынша мұғалімдер саны -10, сайысқа қатысқаны -9, Бірлестік мұғалімдерінің белсенділігі - **90 %**			

2022-2023 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмысқа SWOT талдау

“S” күшті жақтары	**“W” әлсіз жақтары**
- Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің болуы, -Озық тәжірибе алмасу жұмыстарының ұйымдастырылуы. - мұғалімдердің заманауи білім беру платформаларын қолдана білуі - Көптеген мұғалімдердің тәжірибесін ортаға салуға дайын болуы	-Авторлық бағдарламалар жазуда оқушыға қажеттілікті басты назарға алмау -Функционалдық сауаттылық тапсырмалары мен жұмыс әлсіздігі. - біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің сабақ өту барысында стратегияларды, интербелсенді әдіс- тәсілдерді қолдануда, тәжірибе алмасуында белсенділіктің төмен болуы
“O” (Opportunities) мүмкіндіктері	“T” (Threats) қауіптері
- Гимназия жетістіктерін дамытуға, жаңашылдықпен басқаруға педагогтар құрамының сапасын арттыру; Сабақта жаңа әдіс тәсілдерді қолдану -Кәсіби конкурстарға қатысу мүмкіндіктері бар. -Желілік қауымдастық пен тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік болады.	-Мұғалімдердің өзгерістерді қабылдауында белсенділіктің болмауы

Кадрлық құрам

Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназияның кадрлық әлеуеті жылдар бойы өзгерді, бірақ тұтастай алғанда тұрақты болып қалды, кәсібилік пен өз жұмысының нәтижесі үшін жауапкершіліктің жеткілікті жоғары деңгейіне жетті. Мектепте жоғары деңгейдегі білім беруге және оқушылардың жеке дамуына жағдай жасауға қабілетті жоғары білікті педагогикалық ұжым жұмыс істейді.

Мектепте ішкі тәртіп ережелері әзірленіп, бекітілді. Барлық мұғалімдер бұйрықпен таныс. Әкімшілік шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің педагогикалық жұмысын ынталандырады. Ұстаздар мақтау қағаздарымен, грамоталармен, алғыс хаттармен марапатталады. Мұғалімдер тарапынан оқу үдерісін ұйымдастыруға қатысты арыздар мен шағымдар түскен жоқ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларының негізінде Кеңес құру туралы бұйрық шығарылды. Педагогикалық әдеп туралы 01.09.2023 ж. № 167 Кеңес отырысының жоспарына сәйкес тоқсанына 1 рет және өтініштер бойынша өткізіледі. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымының басшысына еңбек тәртібін нығайту және педагогикалық әдепті бұзудың алдын алу бойынша ұсыныстар енгізеді.

Педагогикалық құрамды есепке алу жөніндегі құжаттама істер номенклатурасына сәйкес жүргізіледі. Жұмысқа қабылданған мұғалімдермен еңбек шарты жасалып, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітабында тіркелетін бұйрық шығарылады. Бұйрық кітапшалары нөмірленіп, директордың мөрімен бекітілген. Хатшы оқытушылар құрамының жеке істерін есепке алу журналын жүргізеді. Мұғалімдердің жеке істері талапқа сай және мұқият толтырылады.

3.2.Педагогтердің сапалық құрамы

Оқу жылдары / біліктілік санаты	2021-2022 2021-2022		2022-2023 2022-2023		2023-2024 2023-2024	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%
Бастауыш мектеп						
Барлығы	12	100	28	100	34	55
Жоғары санатты	0	0	0	0	0	0
Бірінші санатты	0	0	0	0	0	0
Екінші санатты	1	8,3	1	3,5	0	0
Педагог-шебер	0	0	0	0	0	0
Педагог-зерттеуші	2	16,6	7	25	8	23
Педагог-сарапшы	3	25	4	14,2	6	17
Педагог-модератор	1	8,3	3	10,7	5	14
Санатсыз	5	41,6	13	46,4	15	44
Барлығы	12	100	28	100	34	**55**
Негізгі және жалпы орта мектеп						
Жалпы педагогтер	77	100	77	100	84	100
Жоғары санатты	2	2,5	0	0	0	0
Бірінші санатты	2	2,5	3	3,8	2	2,3
Екінші санатты	3	3,8	4	5,1	2	2,3
Педагог-шебер	4	33,3	2	2,5	1	1,1
Педагог-зерттеуші	12	15,5	12	15,5	14	16,6
Педагог-сарапшы	3	3,8	3	3,8	8	9,5
Педагог-модератор	17	22	13	16,8	24	28,5
Санатсыз	34	44,1	40	51,9	33	39,2

Барлығы пед. саны	**89**		**105**		**118**	

2023-2024 оқу жылында бірінші, жоғары, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер санаттарына ие педагогтердің үлесі бастауыш сыныптарда 41 %, орта буында 29 %, жалпы гимназия бойынша 31 % құрайды.



Сапалық құрамды біліктілік санаттарына байланысты талдауда жыл сайын гимназияда педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші санатындағы педагогтер санының артуын көруге болады.

Сараптама: 2023-2024 оқу жылында педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші педагогтер санының артқанын көруге болады, өткен оқу жылымен салыстырғанда педагог-сарапшы, модератор және зерттеушілер үлесінің жоғарылауы көрінеді.

Мәселе: санатсыз педагог кадрлердің көп болуы.

Ұсыныс:

Педагог кадрлерді кезектен тыс аттестаттаудан өткізу, әдістемелік көмек көрсету;

Жұмысқа тәжірибелі педагогтерді қабылдау.

Тәжірибелі мұғалімдер мен санатсыз, педагог-модераторлар арасында тәжірибе алмасуды жетілдіру.

3.3.2023-2024 оқу жылында педагогтердің кәсіби конкурстарға қатысуы

№	Педагог ТАӘ	Қатысқан іс-шара	Жүлделі орын
1	Қ.Е. Қабжан	Педагогикалық идеялар панорамасы	III орын
2	Е.Н. Толыбайқызы	«Үздік авторлық» бағдарлама қалалық кезең	3 орын
3	Э.М. Кайрамбаева	Пед старт	1 орын
4	А.М. Тұрғанбекова	Abai s creation	3 орын

5	А. Дуйсенәлі	Пед старт	
6	Д.Б. Бегимбаева	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	I орын
7	М.К. Куанышкалиев	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	I орын
8	С.Ә. Жаппар	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	2 орын
9	Н.М. Махат	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	3 орын
10	Д.Силам	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	3 орын
11	А.К. Кабидолдаева	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	3 орын
12	Н.Т. Есеналы	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	сертификат
13	Г.С. Сариева	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	сертификат
14	Р.К. Кушниязова	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	сертификат
15	Қ.Бекболат	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	сертификат
16	К.А. Абдыгалиева	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	сертификат
17	А.Сағынтай	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	сертификат
18	Ж.Толқынбек	Мұғалімдердің пәндік олимпиадасы	сертификат

Сараптама: 2023-2024 оқу жылында кәсіби байқауларға гимназия мұғалімдерінің қатысу үлесі төмен.

Мәселе: Мұғалімдер өз тәжірибелері және әдістемелік, шығармашылық жұмыстарын баспа беттеріне жүйелі жариялауға машықтанбаған. Проблемалық курстарға қатысуға мұғалім тарапынан сұраныстың аздығы.

Оқыту семинарларына қатысуға педагогикалық ұжым тарапынан сұраныс бар, қалалық, республикалық деңгейде өтетін семинарлардан тәжірибе алмасып, әдістемелік бірлестік отырысында талқылайды.

Ұсыныс:


Педагогтардың кәсіби деңгейінің өсуін, біліктілігін арттыру және қайта даярлаудан өтуін перспективалық жоспар бойынша ұйымдастыру.

Педагогтарға кәсіби біліктілік санатын тағайындауға бойынша аттестаттаудан өтуіне жағдай жасау.

Мектепішілік педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында байқаулар ұйымдастыру.

3.4. Педагог кадрлердің сандық құрамы

2021-2022	2022-2023	2023-2024
89	105	118




Диаграммадан көріп отырғанымыздай, гимназия мұғалімдерінің сандық құрамы негізінен тұрақты. Соңғы үш жылда шамалы өсу байқалады. Бұл мектептегі оқушылар санының артуына байланысты. Шағын аудан жыл сайын кеңейіп, жаңа тұрғын үй кешендері пайдалануға беріліп, оқушылар мен ұстаздар санының артуына себеп болып отыр.

Педагогикалық ұжымның жас ерекшеліктері бойынша сапалық құрамы

2023-2024 жылы педагогикалық ұжымның орташа арифметикалық жасы – 35 жас. Мектеп әкімшілігі жас мамандарды жұмысқа қабылдауда белсенді кадр саясатын жүргізіп келеді. Жыл сайын мектеп ұжымына 3-5 жас маман қосылады, қазіргі уақытта 20-30 жас аралығында 34 мұғалім жұмыс істейді, бұл жалпы қызметкерлердің 28 % құрайды. Негізгі жас 31-50 жас аралығында – 50 мұғалім. Төменде 2023-2024 оқу жылындағы мониторинг нәтижелері берілген.

Жас ерекшеліктері	**2023-2024**	**%**
20-30 жас	34	28
31-40 жас	40	34
41-50 жас	20	16

51-60 жас	23	19
61 және одан көп	1	0,8
Оның ішінде зейнеткер	1	
Жалпы	118	100



Білімі бойынша педагогикалық ұжымның сапалық құрамы

2021-2022		2022-2023		2023-2024	
Жоғары	Орта-арнаулы	Жоғары	Орта-арнаулы	Жоғары	Орта-арнаулы
82	**7**	**99**	**6**	**114**	**4**

92 %	8 %	94 %	6 %	97 %	3 %

Жылдан жылға мұғалімдердің көбеюімен жоғары білімді мұғалімдер саны да артып келеді:
-2021-2022 оқу жылы 89 мұғалім, оның 7 орта арнаулы біліммен;
-2022-2023 оқу жылы 105 мұғалім, оның 6 орта арнаулы біліммен;
-2023-2024 оқу жылы118 мұғалім, оның 4 орта арнаулы біліммен;

Жоғары оқу орындарын бітіріп жатқан жас мамандардың көбеюіне байланысты мектептерде орта арнаулы білімді мұғалімдердің азаюы байқалады.

Сараптама: 2023-2024 оқу жылында орта арнаулы біліммен педагогтер санының кемуі анықталды.


Мәселе: орта арнаулы білімді педагогтердің болуы, білім сапасының төмендігіне әкелуі мүмкін.

Ұсыныс:

Педагогтердің білімін жетілдіру, жұмысқа жоғары білімді педагогтерді қабылдау.

Мұғалімдерді жоғары білім мекемесін аяқтауға қолдау жасау, ұсыну.


Еңбек өтілі бойынша педагогикалық ұжымның сапалық құрамы



Педагогикалық өтілі	2021- 2022	%	2022- 2023	%	2023-2024	%
5 жылға дейін	42	13	52	16	53	45
5-15 жыл	25	22	25	26	35	29
15-25 жыл	9	22	11	21	13	11
25 жылдан жоғары	11	43	17	37	17	14
Барлығы	87	100	105	100	118	100

Еңбек өтілі бойынша педагогикалық ұжымның негізгі құрамы 15 жылға дейінгі еңбек өтілі бар педагогтер құрайды. Бұл көрсеткіш 3 жыл бойы сақталып келеді және педагогтердің тұрақтылығы білім сапасына оң әсерін тигізеді.

Еңбек өтілі бойынша педагогтердің сапалық құрамы



Сараптама: 2023-2024 оқу жылында өткен оқу жылдарымен салыстырғанда тәжірибелі педагогтер санының артуын көруге болады. Еңбек өтілі жоғары педагогтердің тәжірибесімен жас мамандарға бөлісуі жақсы мүмкіндік береді. Алайда мектепте еңбек өтілі аз 45 педагогтің жұмыс жасауы.

Мәселе: Жас педагогтердің көп болуы.

Ұсыныс:

Жас педагогтерге қолдау көрсету мақсатында кәсіби конкурстарға қатыстыру;


Кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында біліктілігін арттыру курстарынан өткізу;

Педагогтер арасында мектепішілік байқаулар ұйымдастыру, әдістемелік орталық және т.б. мекемелер ұйымдастыратын байқауларға қатыстыру.

Академиялық/ғылыми дәрежесі бар педагогтердің үлесі

Жас мамандардың көбеюіне байланысты магистрлік дәрежесі бар педагогтер саны жылдан жылға артып келеді.

Академиялық дәрежесі	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Магистр	22	33	30
PHd	2	2	0



Сараптама: 2023-2024 оқу жылында өткен оқу жылдарымен салыстырғанда магистр академиялық дәрежесі бар педагогтер саны 30 адамды құрады.

Мәселе: магистр дәрежесі бар педагогтердің оқушылардың олимпиадалар мен ғылыми жобаларға әдістемелік қолдау көрсету үлесі

төмен.

Ұсыныс:

Әр бірлестіктен магистр дәрежесі бар педагогтерді координатор ретінде бекіту;

«Қайым» ғылыми-зерттеу орталығының жанынан магистрлерден құрылған кеңес құру.

Магистрлер арасында рейтинг жүргізу

Жас мамандар үлесі (еңбек өтілі 3 жылға дейін)

2021-2022	2022-2023	2023-2024
31	40	29



2023-2024 оқу жылында гимназияның оқу-тәрбие жұмысына сәйкес, жас мамандарға келесідей әдістемелік көмек көрсетілді:

Педагог жүргізетін нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыру;

Жас мамандармен сұхбаттасу, сауалнама жүргізу, сауалнама нәтижесі негізінде көмек көрсету;

Жас мамандардың тәжірибелі педагогтердің сабақтарына және сәйкес тәжірибелі педагогтердің сабақтарына жас мамандардың

қатысуы;

Жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету;

Қысқа мерзімді жоспарлау;

Сабақ барысына құндылықтарды енгізу;

БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құру;

Ғылыми жобалар жазу ережелері мен критерийлері;

«Жас маманнан кәсіби маманға дейін мектепішілік курс» ұйымдастырылды.

Курс барысында Ата-аналар мен мұғалім байланысы, «Оқушы – ата-ана-мұғалім қарым-қатынасындағы психологиялық-педагогикалық қызмет» тақырыбында семинарлар өткізілді.

2024 жылдың наурыз айында жас мамандар мен тәлімгер арасында «Педагогикалық дуэт» жобасы аясында байқау ұйымдастырылды.

Сараптама: 2023-2024 оқу жылында 29 жас мамандар жұмыс жасады.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша Дуйсенәлі Ақжол Астана қаласы Жас мамандар слетіне қатысты. Жас мамандар аталған оқу жылында олимпиадаларға қатысып, оқушыларын қатыстырып, жүлделі орындарға ие болды.

Мәселе: жас мамандардың көпшілік бөлігі пассивті.

Шешу жолдары:

- Сауалнама алып, әдістемелік көмек көрсету;
- Зерттеу сабақтарын ұйымдастыру;
- Байқауларға қатыстыру.
- Жас мамандар арасында рейтинг жүргізу.
- Жас мамандар арасында байқаулар ұйымдастыру.

Тәлімгермен жас маманның жұмысы

2023-2024 оқу жылында Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназиясына Жолдыгулова Жадыра ағылшын тілі пәні мұғалімі болып жұмысқа қабылданды. Жадыраға бастауыш сыныптардан ағылшын тілі сабақтары берілді. Қыркүйек айынан бастап тәлімгер болып бастауыш сынып мұғалімі педагог-зерттеуші К.Ж. Сейтмаганбетова тағайындалды. Жас маманның қажетті кәсіби өсуі мен дамуға дайын білікті педагог ретінде қалыптасу процесін жетілдіру мақсатында 2023-2024 оқу жылына тәлімгердің жас маманмен жұмыс жоспары әзірленді.

Тәлімгер жас маманды педагог жұмыстары және ережелерімен таныстырды. Әдістемелік нұсқа хатпен, нормативтік құжаттармен және пәндер бойынша оқу бағдарламасымен таныстырып, түсіндірді.

Жас маманға күнтізбелік-тақырыптық жоспар құруға, баллдық жүйенің шкаласы бойынша көмек көрсетілді. Әр сабақта тапсырмалар құрастырып, кері байланыс беруді үйретілді. Kundelik kz жүйесіне КТЖ енгізу, үй тапсырмаларын беру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында жас маман зерттеу сабақтарын жүргізді. Зерттеу сабақтары қорытындысы бойынша жас маманға ұсыныстар жасалынып, кеңестер берілді.

Сонымен қатар, тәлімгері екеуі кіріктірілген сабақ өткізді.

Жас маманның оқушылары республикалық «Ақбота» байқауына қатысып жүлделі орындарға ие болды, жас маман өзі республикалық «Пед старт» олимпиадасына қатысып, жүлделі 3 орынды иеленді.

Сараптама: тәлімгер жас маманға жақсы қолдау көрсетіп, кәсіби-бағдар берді.

Мәселе: жас маманға ғылыми жобалар мен кәсіби байқауларға қатысу үлесін көтеру.

Шешу жолдары:

- 2024-2025 оқу жылында жас маманды кәсіби байқауларға қатыстыру;
- Ғылыми жобалар жазу критерийлерімен таныстыру.

3.5. 2023-2024 оқу жылында педагогтердің аттестаттаудан өтуі

2023-2024 оқу жылында аттестаудан өтуге 36 педагог және басшы мен 1орынбасары өтінім білдірді.

№	Педагогтердің аты-жөні	Лауазымы	Педагогикалық еңбек өтілі	Қазіргі бар санаты	Қай санатқа өтініш береді
1	Айтуганов Бауыржан Серикулы	география пәні мұғалімі	11 жыл 2 ай	педагог-сарапшы	педагог-сарапшы
2	Қабжан Қанзия Егізбайқызы	бастауыш сынып мұғалімі	15 жыл 11 ай 14 күн	Педагог-сарапшы	педагог-сарапшы
3	Уалиева Сауле Оразовна	бастауыш сынып мұғалімі	33 жыл 1 ай	Педагог-зерттеуші	педагог-зерттеуші
4	Кожахметова Назерке Ергалиқызы	информатика пәні мұғалімі	9 жыл 1 ай	педагог	педагог-модератор
5	Карагожин Арстанбек Бирликович	орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	17 жыл 4 ай 24 күн	педагог	педагог-модератор
6	Нугумарова Дина Кенесовна	математика пәні мұғалімі	30 жыл 3 ай 22 күн	педагог	педагог-модератор

7	Казкенова Умитжан Алпысбаевна	бастауыш сынып мұғалімі	30 жыл 8 ай 18 күн	педагог	педагог-модератор
8	Жакупбекова Алия Жунусовна	бастауыш сынып мұғалімі	33 жыл 3 ай 3 күн	педагог	педагог-модератор
9	Сариева Галия Сергеевна	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	25 жыл 4 ай 10 күн	педагог-зерттеуші	педагог-зерттеуші
10	Санат Қуандық	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	7 жыл 11 ай 12 күн	педагог-модератор	педагог-сарапшы
11	Кушниязова Рупия Кушбоевна	орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	32 жыл 2 күн	педагог-зерттеуші	педагог-зерттеуші
12	Қоржынбаева Жадыра Жұмабекқызы	ағылшын тілі пәні мұғалімі информатика пәні мұғалімі	5 жыл 26 күн	педагог-модератор	педагог-сарапшы
13	Тұрдықожа Серікбай		2 жыл 6 ай 1 кун	жоқ	педагог-модератор

14	Кабыкеев Асет Кабдоллаевич	дене шынықтыру пәні мұғалімі	15 жыл 1 ай 7 күн	педагог-зерттеуші	педагог-зерттеуші
15	Абилдаев Ергали Советбекович	АӘД пәні мұғалімі	38 жыл 3 ай	Педагог-модератор	педагог-модератор
16	Кабидолдаева Алия Кабидолдаевна	информатика пәні мұғалімі	11 жыл 4 ай 24 күн	педагог сарапшы	педагог-сарапшы
17	Қайсарбек Маржан Қайсарбекқызы	бастауыш сынып мұғалімі	4 жыл 1 ай 24 күн	жоқ	педагог-модератор
18	Султанова Гулбану Азретовна	математика пәні мұғалімі	14 жыл 2 ай 28 күн	педагог-модератор	педагог-сарапшы
19	Кирисхан Бахатгул	бастауыш сынып мұғалімі	25 жыл 6 ай 27 күн	Педагог - сарапшы	педагог-сарапшы
20	Сейтмаганбетова Кундыз Жугеревна	бастауыш сынып мұғалімі	30 жыл 1 ай 28 күн	Педагог-зерттеуші	педагог-зерттеуші
21	Жумабекова Нуркул Кудайбергеновна	бастауыш сынып мұғалімі	29 жыл 5 күн	Педагог-сарапшы	педагог-сарапшы
22	Конилбаева Инкар Дамухановна	бастауыш сынып мұғалімі	13 жыл	Педагог-сарапшы	педагог-сарапшы

23	Кабибуллина Мәдина Мұратқызы	ағылшын тілі пәні мұғалімі	3 жыл 3 ай 2 күн	жоқ	педагог-модератор
24	Мухамадиева Гульмира Мейрмановна	бастауыш сынып мұғалімі информатика пәні мұғалімі	15 жыл 1 ай 25 күн	педагог-модератор	педагог-сарапшы
25	Ерғазы Ақмарал		3 жыл 8 ай	жоқ	педагог-модератор
26	Тұрғанбекова Ақжарқын Мусырманқызы	ағылшын тілі пәні мұғалімі	4 жыл 5 ай 15 күн	жоқ	педагог-модератор
27	Курманов Ердаулет Амангельдиевич	дене шынықтыру пәні мұғалімі	4 жыл 7 ай 23 күн	жоқ	педагог-модератор
28	Базарбай Айдана Абайқызы	физика пәні мұғалімі	7 жыл 9 ай 4 кун	жоқ	педагог-модератор
29	Дуйсенәлі Ақжол	математика пәні мұғалімі бастауыш сынып мұғалімі бастауыш сынып мұғалімі	2 жыл 3 ай 20 күн	жоқ	педагог-модератор
30	Жикенова Анаргул		19жыл 3 ай 9 күн	педагог-модератор	педагог-сарапшы
31	Жанибекова Гулмира Куанышбековна		10 жыл 9 ай 12 күн	жоқ	педагог-модератор
32	Елеусіз Гүлзат Қуанышқызы	бастауыш сынып мұғалімі	4 жыл 10 ай 20 күн	жоқ	педагог-модератор

33	Сахабаұлы Ерболат	дене шынықтыру пәні мұғалімі	18 жыл 1 ай 26 күн	бірінші санат	педагог-сарапшы
34	Рысбек Мұрат	дене шынықтыру пәні мұғалімі	10 жыл 4 ай 29 күн	екінші санат	педагог-модератор
35	Абдыгалиева Кунсулу Асылбековна	көркем еңбек пәні мұғалімі	6 жыл 2 ай 12 күн	екінші санат	педагог-модератор
36	Есеналы Нұргүл Тойлыбайқызы	ағылшын тілі пәні мұғалімі	14 жыл 6 ай 19 күн	бірінші санат	педагог-сарапшы
37	Абдраманова Гульжанат Асановна	директор	Екінші санатты басшы	25.12.2020ж	басшы-көшбасшы
38	Силам Досжан	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	жоқ	жоқ	I санат

Оның ішінде: педагог-модератор біліктілік санатына – 18 адам, педагог-сарапшы біліктілік санатына – 13, педагог-зерттеуші біліктілік санатына – 5.

ПББ 1 – ші кезеңінде педагог-модератор біліктілік санатына 5, педагог-сарапшы біліктілік санатына 5, педагог-зерттеуші біліктілік санатына 2 адам ПББ оң нәтиже көрсетті.

Сараптама: Жаңа форматтағы кәсіби біліктілік санаттарын көтеруде педагогтер біліктілік тест тапсыруда кедергілерге тап болатындықтан, жүйелі түрде дайындық жүргізу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Ол үшін гимназияда жаңа форматта аттестатаудан өтудің перспективалық жоспары жасалып, іс-шаралар белгіленді.

Проблемалар: Ұлттық біліктілік тестілеуден өту барысында кейбір мұғалімдердің педагогика және оқыту әдістемесі бойынша білім деңгейінің төмен болуы, кәсіби жетістіктері мен оқушыларының жетістіктері, іс-тәжірибе тарату деңгейлері өтініш берген біліктілік санаттарына сәйкес болмауы байқалды.

Ұсыныс:

Алдағы уақытта мұғалімдер өзіндік білім жетілдіру жоспарын құрып, педагогика және оқыту әдістемесі бойынша, кейбір мұғалімдерге пәні бойынша білім деңгейін көтеру мақсатында жүйелі түрде дайындық жұмысын жүргізуді басты назарға алу қажет.

Мектеп педагог-шебер және педагог-зерттеуші мұғалімдер тобының педагогика және оқыту әдістемесі бойынша аттесталушы мұғалімдермен тәжірибе алмасу және үйрету семинарларын ұйымдастыру жұмыстарын жалғастыру.

3.6. Курстық оқытуды ұйымдастыру арқылы мұғалімдердің біліктілігін арттыру

Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназиясы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған мұғалімдердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары құрылды және бекітілді.

2023-2024 оқу жылында педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі

Курстар	**2023-2024**
Бейіндік курстар	26
Басқа курстар (инклюзивті оқыту)	75
Барлығы	**101**

2023-2024 оқу жылынының 25.05.2024 жылына біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтер

№	Педагог ТАӘ	Курс тақырыбы
1	Н.К. Жаскайратова	«Совершенствование предметных компетенций учителя английского языка по сложным темам в рамках учебной программы для 5-9 классов»
2	М.М. Кабибуллина	«Совершенствование предметных компетенций учителя английского языка по сложным темам в рамках учебной программы для 5-9 классов»
3	Қ.Қаркын	5-9 сынып математика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту
4	Д.К. Нугумарова	5-9 сынып математика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту
5	А.К. Кабыкеев	«Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру» «Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы»
6	Е.А. Курманов	«Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру» «Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы»
7	Г.С. Сариева	"Заманауи дағдайда білім алушылардың кәсіптік бағдарлауын жүргізу үші нпедагогтардың

		құзыреттілігін дамыту"
8	Н.К. Досыбаев	"Тарих және құқық негіздері пәндерін оқытудың инновациялық әдістері"
9	Н. Съезхан	"Тарих және құқық негіздері пәндерін оқытудың инновациялық әдістері"
10	Г.К. Жанибекова	"Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту"
11	А.Ү. Жикенова	"Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту"
12	Г.А. Байшева	"Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту"
13	А.Н. Мұрат	"Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту"
14	Г.Н. Камолова	"Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту"
15	А.Мәлжанбай	"Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту"
16	А.Құмарбекұлы	"Қазақ тілі" және "Қазақ әдебиеті" пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту"
17	А.Б. Карагожин	"Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы Я2"
18	А.Ерғазы	"Информатика мұғалімдерінің пәндік құзыретін дамыту"
19	Ұ.Б. Құмарбек	"Инновационные технологии в обучении английскому языку"
20	Б.А. Аманжолова	"Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық технологиялар"
21	Ж.Жолдыгулова	"Инновационные технологии в обучении английскому языку"
22	Г.З. Жанзакова	"Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық технологиялар"
23	Ж.Ж. Қоржынбаева	"Ағылшын тілін оқытудағы инновациялық технологиялар"
24	Г.Шаймардан	"Математиканы оқыту: қазіргі тенденциялар мен әдістемелер"
25	Г.А. Султанова	"Дарынды балаларды оқытудағы математикалық модельдеу"
26	Н.М. Кундыбаева	"Математиканы оқыту: қазіргі тенденциялар мен әдістемелер"
27	Б.С. Казкенов	"Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру"

Сараптама: Педагог кадрлар перспективалық жоспарға сәйкес біліктілік арттыру курстарынан өтті.

Мәселе: 2023-2024 оқу жылында көптеген біліктілікті арттыру курстары пәндік құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған, педагогтердің психологиялық қолдау, құндылықтарға негізделген білім беруге арналған курстарға қатысу үлесі төмен.

Шешу жолдары:

Қоғамдық қорлар мен біліктілік арттыру институттары арқылы педагогтерді аталмыш курстарға жіберу.

Біліктілік арттыру курстарынан келген мұғалімдердің өз тәжірибесімен бөлісу (зерттеу сабақтары, тренингтер өткізу)

3.7.Ғылыми-әдістемелік қор

Педагогикалық ұжымның әдістемелік қызметі білім беру мекемесінің негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Гимназия мұғалімдерінің кәсіби деңгейі, инновациялық үдерістердің жүргізілуі оқу үдерісінің сапасын, оның динамикасы мен білім беру мекемесінің дамуын анықтайды.

Білім беруді жаңғырту жағдайында гимназия әкімшілігінің қызметі мұғалімдердің біліктілігін арттырудың жаңа тиімді тәсілдерін іздестіру және олардың жетістіктерін бағалауды көздейді.

Гимназияның ғылыми-әдістемелік құрылымы

Білім берудегі заманауи талаптарға сүйене отырып, келесі мақсатты жүзеге асыруы керек: баланың жеке қасиеттерін дамытуға, оның даралығын қалыптастыруға, өз білімдерін адамгершілік және шығармашылықпен жүзеге асыруға тиімді ықпал ету мүмкіндіктері.

Өзін-өзі ұйымдастыруға ұмтылатын, өмірде өзін-өзі табысты жүзеге асыруға қабілетті, шығармашыл, жауапкершілігі жоғары тұлғаны кәсіби деңгейі жоғары ұстаздар ғана тәрбиелей алады. Әдістемелік қызмет жоғарыда аталғандардың барлығын дамытуға бағытталған.

Әдістемелік жұмыстың мақсаты- мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету. Мақсаттың орындалуына мектепте инновациялық технологияларды зерделеу және оқу үдерісіне енгізу арқылы қол жеткізілуде. Сабақты өткізу әдістемесін жетілдіру, үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізу арқылы ұжымға жүктелген міндеттер шешілуде.

Әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары қолданылды:

- педагогикалық кеңестер
- әдістемелік кеңестер
- зерттеу сабақтар
- сабақтарға қатысу және талдау
- ғылым айлығы
- шығармашылық топтар
- ғылыми-практикалық конференциялар
- жас мамандармен жұмыс
-оқу-әдістемелік мәселелер бойынша семинар
- дарынды оқушылармен жұмыс

Гимназияда келесі әдістемелік бірлестіктер жұмыс жасайды:

- Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ (жетекшісі А.Е.Әбутәліп)
- Тарих ӘБ (жетекшісі Н.Съезхан)
- Орыс тілі ӘБ (жетекшісі А.Б. Карагожин.)
- Ағылшын тілі ӘБ (жетекшісі Э.М. Қайрамбаева.)
- Жаратылыстану ӘБ (жетекшісі С.Жаппар)
- Математика, физика, информатика ӘБ (жетекшісі Г. Шаймардан).
- Дене шынықтыру ӘБ (жетекшісі Ә.К. Кабыкеев)

- Өнер ӘБ (жетекшісі Ж. Толқынбек)
- Бастауыш сыныптарда қоғамдық-гуманитарлық бағыт (И.Д.Конилбаева)
- Бастауыш сыныптарда жаратылыстану бағыт (Ж.Омирзак).

2023-2024 оқу жылында гимназияның 10 педагогі SHARE-4 жобасына қатысуда. Осы жоба аясында шығармашылық топ өз зертеулерінің нәтижесін WALS 2024 халықаралық конференциясына ұсынатын болады.

Сонымен қатар, гимназия мұғалімдеріне «Мектепте сабақты зерттеу үдерісін ұйымдастыру» тақырыбында семинарлар ұйымдастырылды.

Гимназия мұғалімдері әр сыныпқа зерттеу тақырыптарын анықтап, бір-бірінің сабақтарына қатысып, ұсыныстар жасады.

2023-2024 оқу жылында «Мұғалімдерді аттестаттаудан өткізу туралы ережемен және әртүрлі біліктілік санатындағы мұғалімдерге қойылатын талаптармен таныстыру», «Өзін-өзі білім алу тақырыбы бойынша шығармашылық есеп дайындау жолы», «Зерттеу тақырыбымен қалай жұмыс істеу керек», «Өз сабағыңды қалай талдауға болады», «Оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың инновациялық жүйелері», «Авторлық бағдарламаны жазу ережелері» тақырыптарында мұғалімдермен жеке сұхбаттар жүргізілді.

Гимназияда біліктілікті арттырудың кестесі бекітіліп, мұғалімдердің курсаралық дайындығы тұрақты бақылауда.

Жоспарға сәйкес мұғалімдерге арналған жүйелі оқыту семинарлары мен коучингтер жүргізілуде. Сондай-ақ ұстаздар қалалық семинарларға, конференцияларға, байқауларға қатысу арқылы өз біліктіліктерін арттырады.

Курстық оқыту жүйелі түрде жүргізілуде, ұзақ мерзімді курстық оқыту жоспары құрылып, бекітілді. Мұғалімдердің барлық курстық дайындықтары бақыланады, осылайша мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Жыл сайын гимназияның педагогтер құрамы жас мамандармен толықтырылады. Жас педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуде: олар тұрақты түрде жас мұғалімдерге арналған қалалық семинарларға, шебер сабақтарға қатысу. Сонымен қатар, жас мамандарға білімдерін жетілдіруге көмектесу, теориялық білім және педагогикалық шеберлікті жетілдіру, бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау көрсету, жас педагогтердің өзін-өзі дамытуға жағдай жасау мақсатында гимназияда жас мамандар мектебі жұмыс жасады.

2023-2024 оқу жылында Жас мамандарға білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы, сабақтағы тапсырмаларды құндылықтарға бағыттау, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын құру, сабақ барысында сараланған тапсырмаларды құру және т.б. тақырыптарында кеңестер берілді.

Сонымен қатар, жас мамандардан сауалнама алынып, қиындықтар туындайтын сұрақтар бойынша жеке кеңестер берілді.

Сараптама: Гимназияда жас мамандарды бейімдеу, педагогикалық шеберлік деңгейін көтеру, мұғалімдердің кәсіби дайындық деңгейін анықтау бағытында нақты және мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Жас мамандар мектебінің бекітілген жұмыс жоспары, тәлімгерді тағайындау туралы бұйрық бар. Әкімшілік пен тәлімгер жас мамандардың сабақтарына жүйелі түрде қатысады, психологиялық көмек көрсетіледі, жас мамандардың жұмысындағы проблемаларды анықтау мақсатында сауалнамалар жүргізіледі, яғни жас мамандардың өзін-өзі дамытуға барлық жағдай жасалған.

Мәселе: бастауыш сыныптарда пәндік жүйе енгізілгендіктен, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай, оқуда қиындықтары туындайды, сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімдері тек маманданған пәндерді өткізуіне сәйкес, оқушылардың бейімделуінде қиындықтар бар.

Зерттеу сабақтарын жүргізуде әлі де мұғалімдер зерттеу сұрағын құрастыруда қиындықтарға тап болады.

Шешу жолдары:

пәндік жүйеден бас тарту.

Педагогтерге LS және AR мектепішілік курстарын ұйымдастыру, координаторларын белгілеу.

3.8. Бейіндік оқыту

Бастауыш сыныптар бойынша вариативтік компоненттің бағдарламалары Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназиясының педагогикалық кеңесінде тамыз айында бекітілді (педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы 31.08.2023ж).

Гимназиялық компоненттер 1-4 сыныптар бойынша төмендегі бағдарламаларға негізделген:

«Жылдам оқып, сауатты жазамыз» 1 -сыныптарда 1 сағаттан (Силам Д., Сейтмаганбетова К.Ж. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Қ.Мұхамедханов атындағы №90 гимназия КММ әдістемелік кеңес отырысының №1 хаттамасы. 31.08.2022ж.).

«Бала Абай» 1-4 сыныптарда 1 сағаттан (Габдуллина А.М., Бәшіров Н.Қ., Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №1 хаттама 08.09.2020ж.).

«Тіл дамыту әлеміне саяхат» 1-сыныптарда 1 сағаттан (Бапахова Б.Ш. Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №2 хаттама 24.03.2023 ж.).

«Әріптер сыры» 1-сыныптарда 1 сағаттан (Жандилдина А.С. Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №2 хаттама 24.03.2023 ж.).

«Сөз өнері» 1-сыныптарда 1 сағаттан (Макадиева М.К. Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №2 хаттама 24.03.2023 ж.).

«Қызықты қазақ тілі» 2-сыныптарда 1 сағаттан (Медеуова Б.С., Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №2 хаттама 25.02.2022 ж.).

«Тіл әлеміне саяхат» 2-сыныптарда 1 сағаттан (Онор А., Алиханова Ж.И. Қалалық ғылыми-әдістемілік отырысынан №4 хаттама 05.08.2021 ж.).

Әдебиет әлемі» 3-сыныптарда 1 сағаттан (Баймағамбет М.Қ., Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №1 хаттама 28.11.2022 ж.).

«Тіл дамыту» 3-сыныптарда 1 сағаттан (Оразалиева Д.А., Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №2 хаттама 24.03.2023 ж.).

«Логика әлемі» 3-сыныптарда 1 сағаттан (Базарова М.А. Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №2 хаттама 24.03.2023 ж.).

«Сөз әлемі» 4-сыныптарда 1 сағаттан (Утегенова Г.М. Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №2 хаттама 24.03.2023 ж.).

«Қайымтану» 4-сыныптарда 1 сағаттан (Аскарова Д.А., Жанболатова А.Қ. Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №4 хаттама 31.08.2021ж.).

«Тілдік бірліктер» 4-сыныптарда 1 сағаттан (Қожахметова А.С., Жанбыршиева А.Б. Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысынан №1 хаттама 12.11.2021ж.).

5-9 сыныптар аралығында таңдау және гимназия компонентінен бөлінген сағаттар ұлттық ұстанымға сай шығармашылық және зерттеу әлеуетін дамыту бағытына арналған.

Гимназиялық компоненттер 5-9 сыныптар бойынша білім алушылардың қажеттіліктеріне орай төмендегі бағдарламаларға негізделген.

- «Speaking Club Lets talk» 5-сыныптарда 1 сағаттан (№81 А.К.Искакова.

қалалық ғылыми-әдістемелік кеңес №1 хаттамасы, 28.08.2019 ж.).

- «Халық ауыз әдебиеті» 5-сыныптарда 1 сағаттан (Г.Ж.Сайлаубаева.

Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысының №4 хаттама 31.08.2021 ж.).

- «Ұлттық құндылықтар және құқықтық сауаттылық» 5, 8-сыныптарда 1

сағаттан (Сәйдірахмен Ұ., Мәлжанбай А. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Қ.Мұқамедханов атындағы №90 гимназия КММ әдістемелік кеңес отырысының №1 хаттамасы. 31.08.2023ж.).

- «Ұлы дала тарихы» 6-сыныптарда 1 сағаттан (№40 МЛ Д.М.Сабанбай,

қалалық ғылыми-әдістемелік отырысының №1 хаттамасы, 25.01.2019ж.).

- «Оқу сауаттылығы. Сөйлеу мәдениеті» 6-9-сыныптарда 1 сағаттан (№14,

Апенова С.Т., Капанова М.Е., Сыздыкова А.Г., ФАО «НЦПК Өрлеу» №4 хаттамасы, 20.04.2018ж.).

- «Абай әлемі» 5-9 сыныптарда 1 сағаттан (№87 А.О. Кашаева, А.М.

Габдулина, А.Б. Шормакова. Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысының №2 хаттамасы. 29.01.2020ж.).

- «Start learning with grammar» 6 - сыныптарда 1 сағаттан Нуржанова

Ж.Ж., Айтберикова А.М. Қалалық ғылыми-әдістемелік отырысының №2 хаттамасы, 29.01.2020ж.).

- «Ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер» 7-сыныптарда 1 сағаттан

(Абдыгалиева И. М. №4 мектеп әдістемелік кеңес отырысының №1 хаттамасы. 25.01.2019ж.).

- «Қазақ хандары тарихы» 7-сыныптарда 1 сағаттан (Ж.М. Сабанбаева,

қалалық ғылыми-әдістемелік отырысының №1 хаттамасы, 25.01.2019ж.).

- «Writing Skills» 8-сыныптарда 1 сағаттан (№81 А.К.Искакова. Қалалық

ғылыми-әдістемелік кеңес №1 хаттамасы, 28.08.2019 ж).

- «Қайымтану» 8-сыныптарда 1 сағаттан (Сайлаубаева Г.Ж., Махмет Г.Р.
- Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Қ.Мұхамедханов атындағы №90

гимназия КММ әдістемелік кеңес отырысының №1 хаттамасы. 31.08.2022ж.).

- «Reding for p.» 9-сыныптарда 1 сағаттан (Туитина З.К., Нұр-Сұлтан

қаласы әкімдігінің №38 мектеп лицейі КММ әдістемелік кеңес отырысының №2 хаттамасы, 24.03.2023 ж.).

- «Хор» 5-7 – сыныптарда 1 сағаттан
- «Қазақ әні» 5-7 сыныптарда 1 сағаттан
- «Домбыра» 5-7 сыныптарда 1 сағаттан
- «Жас математик» 7-8 сыныптарда 1 сағаттан (Тердікбай К., Астана

қаласы Д. Қонаев атындағы №66 мектеп – лицей, әдістемелік кеңес орталығының №2 хаттамасы, 24.03.2023ж);

- «Абайтану» - 9 сыныптарда 1 сағаттан
- «Алаштану» - 9 сыныптарда 1 сағаттан
- «Шешендік өнер» - 6 сыныптарға 1 сағаттан
- «Ұлы дала тарихы» - 6 сыныптарда 1 сағаттан
- «Абайдың шешендігі» - 8 сыныптарда 1 сағаттан
- «Дебат» үштілде – 7-8 сыныптарда 1 сағаттан
- «Ғұлама ғалымдардың құнды еңбектері» - 8 сыныптарда 1 сағаттан

Гимназиялық компоненттен 10-11 сыныптарға 4 сағат бөлінген. Жоғары сынып оқушыларының қажеттіліктері мен сұраныстары және білімдегі олқылықтары негізге алынып, төмендегі бағдарламалар топтамасына бағытталды.

- «Эссе жазудың алгоритмі»
- «Оқу сауаттылығы»
- «Қазақстан тарихынан ҰБТ-ға дайындық»
- «The grammar for preparing to UNT».

«The grammar for preparing to UNT» 10-11-сыныптарда 1 сағаттан (Сатанова П.К. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 гимназия КММ педагогикалық кеңес отырысының №2 хаттамасы 24.03.2023ж.).

«Қазақстан тарихынан ҰБТ-ға дайындық» 10-11-сыныптар 1сағаттан (Әбсаттар О., Қуанышкалиев М., Рахымжанов Қ. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № Қ.Мұхамедханов атындағы №90 гимназия КММ әдістемелік кеңес отырысының №1 хаттамасы. 31.08.2023ж.).

Сараптама:

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптардың барлығында гимназиялық компонент жүргізілді. Барлық сыныптарда келесідей аптасына сағат саны өткізілді:

№	Сынып	Аптасына сағат саны	№	Сынып	Аптасына сағат саны
1	1	6	8	8	5
2	2	4	9	9	5
3	3	4	10	10	4
4	4	4	11	11	4

5	5	5
6	6	5
7	7	4

Мәселе:

Гимназиялық компоненттегі сабақтардың сенбі күндері өткізілуі, оқушылардың аз қатысуына әкелді, сонымен қатар, жүргізілген курстар бойынша оқушылардың жеке жетістіктері шамалы. Гимназиялық компонент жүргізілген сыныптарда кей оқушылардың «3»-ке шығуы. Сонымен қатар вариативті курстардың саны көп болғанымен, авторлық бағдарламалардың мектеп бойынша аз болы.

Шешу жолдары:

1) Келесі 2024-2025 оқу жылынан бастап, гимназиялық компонентте нәтиже беретін курстарды көбірек енгізіп, төмен нәтиже көрсеткен куртсарды шектеп, оқушыларға ұтымды және қызықтыларын кең түрде енгізу;

2) сыныптардың белсенділігін арттыру мақсатында рейтингтік бағалау жүйесін енгізу;

3) Мектептегі педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы мұғалімдерге келесі оқу жылында авторлық бағдарлама жазу.

3.9. Дарынды оқушылармен жұмыс

Дарындылық - өмір сүру барысында жүйелі дамитын психика саласы. Мектеп мұғалімдері алдында оқушылардың білім сапасын көтеріп қана қоймай, оқушылармен сабақ барысында жеке жұмыс жүргізудің ерекшеліктерін пайдалана отырып, қабілетті балалармен жұмыста жоғары көрсеткіштерге жетуге ұмтылу міндеті тұр. Сонымен қатар қабілетті оқушылармен жұмыс ұйымдастырудың нәтижелі жолдарын іздестіре отырып, әр мұғалім өз пәнін мемлекеттік стандарт көлемінен артық білуі, ерекше қабілетті оқушыларға шығармашылық ізденіске және зерттеуге есептер мен тапсырмалар таңдай білуі, оқушылармен қарым-қатынасты психологиялық түрде сауатты құра білуі және оқытудың нәтижесін бағалай білуі, қорытынды жасау, қорытындыға сәйкес шешім шығара білу дағдыларын жетілдіру.

Олимпиадалар 5-11 сынып оқушылары

№	Пән	сынып	Аудандық кезеңге қатысушы саны	Қалалық кезеңге қатысушы саны	Республикалық кезеңге қатысушы
	Математика	9-11	3	0	0
	Физика	9-11	3	1	0
	химия	9-11	3	1	0
	Биология	9-11	3	1	0
	География	9-11	3	0	0
	Информатика	9-11	3	0	0
	тарих	9-11	3	0	0
	Құқық	9-11	2	0	0

	Қазақ тілі мен әдебиеті	9-11	3	0	0
	Орыс тілі мен әдебиеті	9-11	3	1	0
	Ағылшын тілі	9-11	3	2	0
	Математика	7-8	2	1	0
	Қазақстан тарихы	7-8	2	0	0
	Орыс тілі	7-8	2	0	0
	Қазақ тілі мен әдебиеті	7-8	2	1	0
	Ағылшын тілі	7-8	2	1	0
	Физика	7-8	2	1	0
	Химия	7-8	2	0	0
	Биология	7-8	2	0	0
	География	7-8	2	0	0
	Информатика	7-8	1	0	0
	Математика	5-6	2	1	0
	Жаратылыстану	5-6	2	0	0
	Тарих	5-6	2	1	0
	Қазақ тілі мен әдебиеті	5-6	2	1	0
	Орыс тілі	5-6	2	0	0
	Ағылшын тілі	5-6	2	0	0

Сонымен қатар, Дарын РҒПО ұйымдастыруымен «Кенгуру» интеллектуалды-ойын конкурсы мен Ақбота республикалық олимпиадасына оқушылардың олимпиадалық резервтерін қалыптастыру мақсатында гимназия оқушыларын қатыстырдық, 68 оқушы жүлделі орын алды.
Сараптама: 2023-2024 оқу жылында кейбір негізгі пәндер бойынша оқушылардың олимпиадаға дайындық деңгейі төмен екендігін көрінеді.
Мәселе: негізгі пәндер бойынша олимпиадалық резервтің қалыптаспауы.
Ұсыныс: негізгі пәндер бойынша олимпиадалық резервті қалыптастыру жұмысын күшейту, «Қайым» ғылыми-зерттеу орталығының жұмысын күшейту, мектепішілік олимпиадалар ұйымдастыру, демалыс уақыттарында олимпиадалық мектептер ашу.

Оқушылардың ғылыми жобаларға қатысуы

№	Қатысушы аты-жөні	Секция	Қалалық	Республикалық
1	Ақжан Назым	Информатика	III орын	0
2	Ибраш Нұрислам	Тарих	0	0

3	Жақсыбай Нұрмұхаммед	Техника	0	0
4	Қали Раушан	Литература	0	0
5	Каримов Айару	Тілдік	III орын	0
6	Калемшарав Балнұр	Физика	III орын	0
7	Джанұзақ Айсана	Мед, пс.экология	II орын	
8	Данабек Ілияс	Мед, пс.экология	III орын	
9	Адильхатова Айерке	этномәдениет	III орын	
10	Жексенбекқызы Елана	Матем, қолд. Математика	III орын	
11	Шарафитдин Нұрбол	Химия, биология	0	
12	Қайшыбай Көркем	Химия, биология	0	
13	Айтмуххаммет Жансая Тұрсынхан Ұлағат	Химия, биология	III орын	
14	Мырзағазы Мадина	Тарих, өлкетану	III орын	

Сараптама: 2023-2024 оқу жылында оқушылар жазған ғылыми жұмыстарының мәліметтер ғаламтордан **көп алынып, плагиаттан өтпеді, сонымен қатар, ғылыми жобалардың тақырыптары қазіргі таңда өзекті болмады.**

Мәселе: ғылыми жобалар сапасының төмендігі, ғылыми жоба жазушы оқушылар үлесінің аздығы.

Шешу жолдары:

-оқушы таңдауда үштік келісімнің болуы /мұғалім, оқушы, ата-ана/

-жүйелі түрде ізденіс жұмысының жүргізілуі;

-жұмыс реферат түрінде болмау үшін зерттеу бөліміне ерекше көңіл аудару;

- антиплагиат сараптамасынан өту үшін жұмыстың шынайы жүргізлуі;

- оқушыларды жұмысты қорғау кезеңіне жаупкершіліпен дайындау.

Оқушыларды ғылыми жобаларға дайындау бойынша «Астана дарыны» ДДЖжПСО орталығымен серіктестік етуді, жоғары оқу орындары жетекшілерімен үнемі тығыз байланыста болып қосымша дайындық жұмыстарын жандандыру.


2024-2025 оқу жылында мектеп мұғалімдеріне «Ғылыми жобалар жазу талаптары мен алгоритмдері» тақырыбында бірнеше үйрету семинарын өткізуді жалғастыру. Ғылыми жобалардан оқушыларын жүлделі орындарға жеткізіп жүрген мұғалімдердің тәжірибесімен бөлісу.

Магистранттарды жетекшілік етуге тарту арқылы оқушылардың зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобалармен айналысуларына қолдау көрсету;

Түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларын мониторингілеу арқылы дамытуды қажет ететін тұстарын анықтау.
Оқушылардың оқулар/байқауларға қатысуы

№	Оқушының аты-жөні	Байқау атауы (қалалық кезең)	Жетекшісі	Нәтижесі
1	Акпарова Руза	Қайым оқулары	А.Е. Әбутәліп	грамота
2	Калемшарав Балнұр	Ыбырай оқулары	А.Е. Әбутәліп	3 орын
3	Бақытжан Еркежан	Мәуелі мұра	А.Е. Әбутәліп	3 орын
4	Темірхан Қарлығыш	Ақберен	А.Е. Әбутәліп	грамота
5	Мұрат Наурызбай	Абай оқулары Ілияс оқулары	Г.А. Абдраманова	2 орын 1 орын
6	Мұратбек Нұркайыр	Мұқағали оқулары	Н.Р. Рамазанова	1 орын
7	Мықтыбек Гүлім	Құтты білік Мұқағали оқулары Т.Айбергенов оқулары Ыбырай оқулары	Г.Ж. Сайлаубаева	3 орын Грамота 2 орын 2 орын
8	Жасарова Мерей	Қайым оқулары	Г.Ж. Сайлаубаева	3 орын
9	Болат Сабина	Есенберлин оқулары	Г.Ж. Сайлаубаева	грамота
10	Бекмаханова Мөлдір	Ақберен	А. Мәлжанбай	2 орын
11	Ибраш Нұрислам	Қайым оқулары, Айтыс	А. Мәлжанбай	1 2
12	Калийбекова Аружан	Қайым оқулары	А. Мәлжанбай	3 орын

2023-2024 оқу жылындағы халықаралық, республикалық, қалалық, аудандық байқаулар мен олимпиадалардағы жетістіктері



№	**Байқау атауы**	2023-2024 оқу жылында жүлделі орынға ие болған оқушылар саны
1	Пәндік олимпиада (аудан)	6
2	Пәндік олимпиада (қала)	2
3	«Зерде» қалалық кезең	7
4	«Зерде» республикалық кезең	0
5	Ғылыми жобалар (қала)	4
6	Ғылыми жобалар (республика)	0
6	5-6 сынып оқушылар арасында олимпиада (аудан)	4

Мықты жағы	Әлсіз жағы
Химия, биология, ағылшын тілі, тарих пәндерінен оқушыларды олимпиадаға дайындайтын мұғалімдердің болуы Оқушылармен ғылыми жоба жазуда оқушылармен тұрақты түрде ізденіс-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, дұрыс бағытта келе жатқан мұғалімдер: Г.А. Байшева, Б.А. Ортаева	- Математика, информатика, география, орыс тілі пәндері мұғалімдерінің белсенділігінің, оқушылардың дайындығының төмен болуы; - Жалпы көптеген пән мұғалімдерінің олимпиадаға қатысушы оқушыларды дұрыс таңдамауы (тұрақты оқушының болмауы, кейбір оқушылар жыл сайын әр түрлі пәнді таңдайды) және дайындықтың жыл бойы үзіліссіз жүйелі түрде жүргізілмеуі -Мұғалімдердің жағдайға қарай бейімделуінің төмен болуы, /сұранысқа берілген оқушы кетіп қалса немесе қатыса алмайтындай жағдай болса тез басқа оқушымен ауыстыру/ ; - оқушылармен жүйелі жұмыстың жеткіліксіз болуы; - пән мұғалімдері арасында өзара серіктестік жұмыстың нашар болуы;
Мүмкіндік	**Қауіп**
-Әр пән мұғалімі тұрақты түрде 10 оқушымен олимпиадаға дайындық жұмысын жүргізу (аудандық, қалалық деңгейге) -Әр мұғалім шағын топ оқушыларымен үздіксіз зерттеу жұмысын жүргізу; - Жоғары оқу орындары жетекшілерімен үнемі тығыз байланыста болу. -оқушыларды олимпидалар мен ғылыми жобалар жазуда магистранттардың көмек көрсету мүмкіндігі.	Кейбір мұғалімдердің оқушыға тек ғана стандарт деңгейінде білім берумен шектелуі - ғылыми жоба жазуға мұғалімнің ынтасының болмауы немесе құзіреттілігінің жетпеуі - дайындық жұмысының республикалық деңгейге жетпеуі

«Ғылым әлемі» айлығының өткізілуі

2024 жылдың 01-30 сәуір аралығында Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназиясында «Әрбір бала-бір жұлдыз» ғылым айлығы өткізілді.

Мақсаты: оқушылар арасында отандық және әлемдік ғылым жетістіктерін насихаттау, ғылыми-шығармашылық ізденіске қызығушылықтарын дамыту, зияткерлік мәдени деңгейін көтеру талпынысына, жалпы білім беретін пәндерден олимпиада резервтерімен жұмыс жүргізуде қолдау көрсету

Міндеттері:

- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, мектеп өміріне жеке қатысу перспективасын ашуға мүмкіндік беру;
- мектеп оқушыларының эксперименттік-зерттеу және шығармашылық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- оқушылардың қызығушылық танытатын пәндер бойынша ой-өрісін кеңейтуге, білімдерін тереңдетуге ықпал ету;
- оқушылар арасында әлеуметтік белсенді позицияны қалыптастыруға ықпал ету;

оқушыларды отандық және әлемдік мәдениеттің рухани-адамгершілік құндылықтарымен таныстыру;

- білім беру үдерісіне қатысушы әрбір тұлға үшін мектеп беделінің маңызды болуына қол жеткізу;
- педагогикалық технологиялар мен әдістемелік әзірлемелер банкін қалыптастыруға үлес қосу, медиатека мен оқу кабинеттерінің мазмұнын кеңейту; педагогтер мен оқушылар портфолиосында материалды жинақтау.

Ұйымдастырулар /оргкомитет/ міндеттері:

1. Дайындық жұмыстарының жоспарын жасап, жауаптыларды тағайындайды;
2. Оқыту барысын бақылайды және әдістемелік көмек көрсетеді;
3. Іс-шаралардың жалпы ұйымдастырылуын талдайды;
4. Ғылым күніне белсенді қатысушыларды мадақтау бойынша презентация дайындайды

Ғылым айлығынан күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау
- Мектептің ақпараттық кеңістігін жетілдіру, оқушылардың ғылыми жұмыстарының банкін толықтыру.
- Мектептің ғылыми қоғамдастығын қалыптастыру.
- Оқушылардың әлемді тануға деген қызығушылығын тәрбиелеу.
- Оқушылардың ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, деректерді өңдеу, нәтижелерді талдау, өз жұмысын ұсыну және қорғау дағдыларын дамыту.

Көрнекілік: Жобалар, жетістіктер көрмесі

ҒЫЛЫМ айлығының жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Мерзімі	Іс-шараның атауы	Сынып	Жауапты
1	01.04	Ғылым айлығының салтанатты ашылуы	1-11 сыныптар	ДБЖО ӘБ жетекшілері
	02.04	(Физика, химия, биология) пәндерінен экспериментер (көрме	1-11 сыныптар	ДБЖО ӘБ жетекшілері
2	03.04	«Алтын сақа» олимпиада	2-3	Бастауыш сынып ӘБ
3	04.04	«Зерде» 1-4 сыныптар	4-5	ДБЖО Барлық ӘБ
4	05.04	«Зерде» 5-6 сыныптар	5-6	ДБЖО Барлық ӘБ
6	08.04.	Үздік математик Интеллектуалды сайыс	5-11	МИФ ӘБ
7	09.04	«Ғарыш әлемі» суреттер байқауы	1-6	Бастауыш сынып ӘБ, Өнер ӘБ
8	10.04	«Ғарыш туралы не білесің?» викторинасы	1-4	Бастауыш сынып ӘБ
9	11.04	Roboland робототехника сайысы	5-11	МИФ ӘБ
10	12.04	«Ой мен ойын» информатикадан танымдық сайыс	5-6	МИФ ӘБ
11	15.04	Қ.Сәтпаевтың туған күніне орай сынып сағаты, Ұлттық ғарыш орталығына саяхат	1-11	Сынып жетекшілер
12	16.04	Тарих ата олимпиадасы	4-8	Тарих ӘБ
13	17.04	«Білгір биолог» сайысы	7	Жаратылыстану ӘБ
14	18.04	«Еділ қаған» ерлігі дебат	9-10	Тарих ӘБ
15	19.04	«Қайым оқулары» «Қайым» зерттеу орталығының ашылуы	1-11	ДБЖО Барлық ӘБ
16	22.04	7-10 ғылыми жобалар гуманитарлық бағыт байқауы	7-11	ДБЖО
17	23.04	7-10 ғылыми жобалар жаратылыстану бағыт байқауы	7-11	ДБЖО

18	**24.04**	«Ақберен» байқауы	7-10	Қазақ тілі ӘБ
19	**2504**	«Жас тілші» бейне даярлау сайысы	8-10	Қазақ тілі ӘБ
20	**26.04**	«Знатоки русского языка» интеллектуалды ойыны	5-6	Орыс тілі ӘБ
21	**29.04**	«Is artificial intelligence friend or foe?» дебат	8-9	Ағылшын тілі ӘБ
22	**30.04**	Ғылым айлығының салтанатты жабылуы	1-11	ДБЖО ӘБ жетекшілері

01 сәуір күні «Әрбір бала-бір жұлдыз» ғылым айлығының салтанатты ашылуы өткізіліп, әр әдістемелік бірлестік мұғалімдері жоспарлаған іс-шараларына креативті таныстырылым жасап, оқушыларды айлықтың өту барысында белсенділік танытуға шақырды.

Ғылым айлығының өту барысында дарынды оқушылармен жұмыс жүргізуде қолдау көрсету арқылы оқушылардың ғылым саласына қызығушылықтарын ояту мақсатында жалпы білім беретін пәндерден олимпиада резервтері іріктеліп, дайындық жұмыстары жоспарланды.

Мектеп оқушыларының эксперименттік-зерттеу және шығармашылық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасау мақсатында ғылыми жобалар қорғаудың мектепішілік іріктеуі жүргізіліп, жаңа оқу жылына тізім жасалып, пән мұғалімдері мен оқушылардың бірлескен жұмыс жоспары жасалды.

Пән мұғалімдері оқушылардың қызығушылық танытатын, ой-өрісін кеңейтуге, білімдерін тереңдетуге ықпал ететін, өз қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін танымдық сайыстар өткізді, мектеп фойесіне, әр қабаттарға қызықты ойындар, ребустар, оригами т.б. ойындар, тапсырмалар ілініп, көрмелер жасалды.

4. 2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмысының есебі

2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмысының ерекшелігі біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітіліп, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;
- ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;
- табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбеккорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы: Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы: этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке,

еңбеккорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.
Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы: өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

4.1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру:

Сынып жетекшілер Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережесін негізге алады.

Тоғыз айға 9 іс-шара

Айы	9 ай іс-шара	Кешенді жоспар
Қыркүйек	Сергіту сәті	«БІЛІМ» айы
Қазан	Әнұран орындау	«АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ» айы
Қараша	Асық ату	«ПОЭЗИЯ» айы
Желтоқсан	Шығарма жазу: болашаққа хат	«ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»
Қаңтар	Қазақ есебі	«ҰЛТТЫҚ КОД» айы
Ақпан	Оқуға құштар мектеп	«ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ» айы
Наурыз	Домбырашылар	«ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ» айы
Сәуір	Шахмат ойнау	«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» айы
Мамыр	Жасыл мекен	«БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ» айы

Жазғы демалыстан соң оқушылар мектеппен қауышты. «Мектебім — мейірім мекені» атты мерекелік іс-шараға ата-аналар, мектеп оқушылары, қонақтар мен мектеп табалдырығын аттап отырған 1-сынып оқушылары қатысты. «Білім күніне» орай мектепішілік салтанатты жиын, сондай-ақ сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары барысында оқушыларға білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлық, сондай-ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту туралы ашық сабақтар өткізіліп, достық қарым-қатынастың, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылықтары түсіндірілді.

«Мектептің ішкі тәртіп ережесіне» өткізілген сынып сағаты

04.09.2023 ж. «Мектептің ішкі тәртіп ережесіне» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. Оқушылардың өзін мектепте ұстау, ортамен дұрыс қарым-қатынасқа түсе білу, үлкендермен, мұғалімдермен әдептілік тұрғыда сөйлесе білу, мектеп мүлкіне ұқыптылықпен қарау сынды дүниелерді дәріптеу.

2023 жылдың 19 қыркүйек күні мектебімізде 5-9 сынып аралығында Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай сынып сағаттары өткізілді. Бұл біздің руханиятымыздың тіректерінің бірі, қазақ тарихында ғана емес, бүкіл түркі әлемінде өшпес із қалдырған көрнекті ойшыл.

Даңқы қазір күн санап кең тарап, түркі әлемі, қазақ жұртшылығына танымал болған аса қадірлі кісі Қожа Ахмет Яссауидің туғанына биыл 930 жыл толып отыр. Яссауи қараңғылық заманының аспанына жарық жұлдыздай өз арайын шашқан жалынды, жарқын бейне. Еліміз Егемдік алғанан кейін әдеби-мәдени мұраларымыздың, асыл қазыналарымыздың көзін ашты. Халқымызды қазыналы тарихына қайта бұрып, қасиетті мұраларымызды қастерлеуге нық аяқ бастық. Сол бір бетбұрысымыздың айқын айғағы – Қожа Ахмет Яссауиге және оның мұраларына жаңаша көзқарас, тарихи жаңа таным қалыптастыру мақсатында үстіміздегі жылдың 20 қаңтар күні Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасында Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай «Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл» атты тарихи-таным сағаты болып өтті.

Қарттар күніне орай бірыңғай *«Қарттарым – асыл қазынам»* тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бойына үлкенді сыйлап, құрметтей білуге, қайырымды болуға тәрбиелеу. Оқушы бойына қайырымдылық қасиеттерді сіңіру.

Тілдер мерекесіне орай қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің апталығы аясында 25 қыркүйек күні оқушыларға Мемлекеттік тілдің өркендеп оянуына, мемлекеттік тілімізді сүюге, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстау жөнінде түсіндіру, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, жұрт алдында еркін сөйлеуге баулу мақсатында *«Тілім менің – тірлігімнің айғағы»* мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Сайысқа 6-сынып оқушылары Рамазанов Нұрсұлтан, Мұқаметқали Айдана, Арманқызы Айша, Мұратбек Нұрқайыр, Молдағали Жания, Кәрібай Медина, Бабекқызы Зейнеп, Қойлыбай Нұрболат қатысып, белгілі ақындардың шығармашылығынан тіл туралы жаттаған өлеңдерін оқыды.

«9 ай 9 жоба» аясында «Сергіту сәті» челленджі өтті. Оқушылардың көңіл-күйін, есте сақтау дағдыларын арттыру, бір-бірімен мейірімділік және қамқорлық қатынасты қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған шарада оқушылар спорттық жаттығулар жасап, челленджге белсенділік танытты.

«Жолда жүру ережелерін білесіңбе?» тақырыбындағы 1-4 сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді.

Жазғы демалыстан соң оқушылар мектеппен қауышты. «Мектебім — мейірім мекені» атты мерекелік іс-шараға ата-аналар, мектеп оқушылары, қонақтар мен мектеп табалдырығын аттап отырған 1-сынып оқушылары қатысты. «Білім күніне» орай мектепішілік салтанатты жиын, сондай-ақ сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары барысында оқушыларға білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлық, сондай-ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту туралы ашық сабақтар өткізіліп, достық қарым-қатынастың, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылықтары түсіндірілді.

«Мектептің ішкі тәртіп ережесіне» өткізілген сынып сағаты

04.09.2023 ж. «Мектептің ішкі тәртіп ережесіне» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. Оқушылардың өзін мектепте ұстау, ортамен дұрыс қарым-қатынасқа түсе білу, үлкендермен, мұғалімдермен әдептілік тұрғыда сөйлесе білу, мектеп мүлкіне ұқыптылықпен қарау сынды дүниелерді дәріптеу.

2023 жылдың 19 қыркүйек күні мектебімізде 5-9 сынып аралығында Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай сынып сағаттары өткізілді. Бұл біздің руханиятымыздың тіректерінің бірі, қазақ тарихында ғана емес, бүкіл түркі әлемінде өшпес із қалдырған көрнекті ойшыл.

Даңқы қазір күн санап кең тарап, түркі әлемі, қазақ жұртшылығына танымал болған аса қадірлі кісі Қожа Ахмет Яссауидің туғанына биыл 930 жыл толып отыр. Яссауи қараңғылық заманының аспанына жарық жұлдыздай өз арайын шашқан жалынды, жарқын бейне. Еліміз Егемдік алғанан кейін әдеби-мәдени мұраларымыздың, асыл қазыналарымыздың көзін ашты. Халқымызды қазыналы тарихына қайта бұрып, қасиетті мұраларымызды қастерлеуге нық аяқ бастық. Сол бір бетбұрысымыздың айқын айғағы – Қожа Ахмет Яссауиге және оның мұраларына жаңаша көзқарас, тарихи жаңа таным қалыптастыру мақсатында үстіміздегі жылдың 20 қаңтар күні Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасында Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай «Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл» атты тарихи-таным сағаты болып өтті.

Қарттар күніне орай бірыңғай *«Қарттарым – асыл қазынам»* тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бойына үлкенді сыйлап, құрметтей білуге, қайырымды болуға тәрбиелеу. Оқушы бойына қайырымдылық қасиеттерді сіңіру.

Тілдер мерекесіне орай қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің апталығы аясында 25 қыркүйек күні оқушыларға Мемлекеттік тілдің өркендеп оянуына, мемлекеттік тілімізді сүюге, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстау жөнінде түсіндіру, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, жұрт алдында еркін сөйлеуге баулу мақсатында *«Тілім менің – тірлігімнің айғағы»* мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Сайысқа 6-сынып оқушылары Рамазанов Нұрсұлтан, Мұқаметқали Айдана, Арманқызы Айша, Мұратбек Нұрқайыр, Молдағали Жания, Кәрібай Медина, Бабекқызы Зейнеп, Қойлыбай Нұрболат қатысып, белгілі ақындардың шығармашылығынан тіл туралы жаттаған өлеңдерін оқыды.

«9 ай 9 жоба» аясында «Сергіту сәті» челленджі өтті. Оқушылардың көңіл-күйін, есте сақтау дағдыларын арттыру, бір-бірімен мейірімділік және қамқорлық қатынасты қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған шарада оқушылар спорттық жаттығулар жасап, челленджге белсенділік танытты.

«Жолда жүру ережелерін білесіңбе?» тақырыбындағы 1-4 сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Жолда жүру ережесін дұрыс түсініп оны пайдалана білуге үйрету. Оқушыларды жауапкершілікке, сергектікке, жол ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу. Балаларға жол белгілерін қайталату арқылы, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
25.09.2023жылы 1-4 сыныптары арасында «Адал азамат – әділетті Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Мақсаты: Әділетті Қазақстан ұғымын ашып талдау, оқушылардың санасына сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт түсініктерін бекемдеу. Ұрпақты адал еңбек етіп, білімді болуға, ел болашағына үлек қосуға үндеу.

2023 жылдың 11 қыркүйек күні 10-11 сыныптар арасында «Ұлы дала тұлғалары» А.Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасына арналған сынып сағаты өткізілді. «Кітапқа жазылмаған тарих» атты Ерлік сабақтары (Жеткіншектің жеті жарғысы) сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушылардың бойына патриоттық сезімін қалыптастыру, ерлікке, Отаншылдыққа, елжандылыққа, аталар ерлігін мақтан тұта жалғастыруға баулу, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған және ел тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, ынтымақтастық пен мәдениетаралық өзара әрекетке қабілетті тұлға қалыптастыруға тәрбиелеу.
«Оралхан Бөкейхановтың туғанына 80 жыл» 9-сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Жазушы Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылы туралы мағлұмат беру, туған жерге деген мақтаныш сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, жазушының шығармалары арқылы адамгершілікке, жауапкершілікке, барлық жақсы қасиеттерге тәрбиелеу, әдеби кітап оқуға тарту.

"Ғаламтордың ғаламаты мен кесапаты" атты адамгершілікке, ізеттілікке, техника қауіпсіздігін сақтауға тәрбиелеу мақсатында өткізілген пікірсайыска 5-9, 10-11 сынып оқушылары қатысты. Пікірсайыс барысында бірқатар сұрақтар талқыланып, «Жастар білімді, ақпаратты кітаптан, газет-журналдардан ала ма, әлде ғаламтордан ала ма?», «Ғаламторға қадалған жастардың бетін қалай кітапқа бұра аламыз?», «Ғаламтордан алған білім және кітаптан алған білімнің айырмашылығы неде?» деген сұрақтар барысында қатысушылар өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар, «Жастар қандай сайттарды көптеп пайдаланады?»,«Ғаламтордағы авторлық құқық қалай қорғалады?», «әлеуметтік желі ауру ма, әлде әдет пе?» және тағы да басқа сұрақтар төңірегінде қызу пікірталас өтті. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жылдығына орай қазақ тілі мұғалімдері 9-сыныппен кеш өткізді. Мақсаты: Мәшһүр Жүсіптің өмірі мен шығармашылығына тоқталып, өлеңдерінің құрылысына талдау жасау және оның туындыларының ерекшеліктерін түсіндіру, оқушыларды көзқарастары мен пікірлерін ортаға салуға дағдыландыру.

«Ұстаз! Сіздің алдыңызда...» мерекелік іс-шара өткізіліп, «Дублер күні» өткізу туралы мектеп бұйрығы шығарылып, бастамашыл топ құрылды. Мектеп директорының дублері лауазымына кандидатура ұсынылып, мектеп парламентінің президенті Мэльс Мадиар тағайындалды. Мектеп парламенттінің бастамашыл топ ұжымына Дублер күнінің штаттық кестесі таныстырылды. Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл 10 – сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерін нақышына келтіре оқи отырып, негізгі түйінге мән беру, Шәкәрім лирикасы мен Абай өлеңдерінің үндестігін тануда оқушыларды өзіндік ой қорытуға бағыттау. Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай, «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Мектеп мұғалімдері арасында 25 қазан – Республика күніне орай волейбол сайыс өтті. Мектеп мұғалімдері арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, патриотизмді, бұқаралық дене шынықтыру және спортпен шұғылдану жұмыстарын насихаттау мақсатында өткізілген бұл шараға 36 мұғалім қатысты. «Ұлттық валюта-Ұлт мақтанышы» тақырыбында жоғары сынып оқушылары арасында дебат өткізілді. Дебатқа оқушылардан құралған «Ақиқат» және «Парасат» топтары қатысты. Дебат төрешісі мектебіміздің «Парасат» деюат клубының жетекшісі Қуандық Санатұлы. Ал дебат ойыны барысында уақыт өлшеуші, яғни тайм-кипер: 10 сынып оқушысы Жарылқасын Әділ болды.

Дебат ойыны өте тартысты өтті. Дебатшылар Ибраш Нұрислам, Жасарова Мерей, Каримова Айару, Есіркеп Ерназар өз ойларын еркін түрде жеткізе білді.

Мектебімізде рухани кездесу кеші отті. Кездесудің қадірлі қонағы, ақын, «Құрмет» орденінің иегері – Серікзат Дүйсенғазы. Кездесу барысында оқушылар көкейде жүрген сұрақтарына жауап алды.Сонымен қатар ақынның өлеңдерінен оқушыларымыз мәнерлеп кездесуді одан әрі байланыстыра түсті. Музыка пәнінің мұғалімі Бейбіт Нұрбек кездесудің көркін қыздырып бірнеше күй орындап берді.

«Ар», «Ұят» ұғымының адамгершілік құндылық ретінде мәнін ашу. Ұят, ар, намыс туралы түсінік беру; сыпайы қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту; ұяты бар, арлы бала болуға тәрбиелеу мақсатында 8 сынып оқушыларымен «Адамның ең қымбат абыройы – ар ұяты» тақырыбында тренинг өткізілді. Ақпан «Оқуға құштарлық – жауапкершілік айы». Жоспар бойынша М. Жұмабаевқа 130 жыл «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» тақырыбында 9-сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Мағжан Жұмабаевтің поэзия әлеміндегі қайталанбас орны, қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында биік деңгейге көтергенін оқушыларға ұқтыру. Аталған іс-шараға кітапханашылар мен сынып жетекшілер бекітілді.

«Баланы тәрбиелеу мен әлеуметтендірудегі отбасы мен мектеп міндеттерінің ерекшеліктері» атты мектептен тыс іс-шара 7 сынып оқушыларымен өткізілді.

15.12.23ж. желтоқсанда мерт болған қазақ қыздар мен жігіттерінің рухына, ерлігіне деген тағзым көрсету мақсатында «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

Тәуелсіздік күніне орай іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-7 сыныптар арасында «Тәуелсіздіктің сыры бояулары» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді.

«Мемлекттік рәміздер-ұлттық мақтанышым» тақырыбында 1-11 сыныптарда ашық тәрбие сағаты өтті.

«Елімді жырға қосамын» тақырыбында 9-11 сыныптар мәнерлеп оқу челленджі өтті. Челленжді 11 «Ә» сынып оқушылары М.Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңімен бастап, өзге де сыныптарға жолдады. 11 «Б» сынып оқушысы Халман Елнұр М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін», 10 «А» сынып оқушылары М.Дулатовтың «Оян, қазақ» өленін жолдады.

Ақпан «Оқуға құштарлық – жауапкершілік айы». Жоспар бойынша М. Жұмабаевқа 130 жыл «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» тақырыбында 9-сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді.

«Жалпы мектепішілік Азаматтық қорғаныс айлығын» өткізу аясында Есіл ауданы Қорғаныс істер басқармасының әскери [illegible] майор Ақбаров Қайрбек Тулегенович және аға лейтенант Аубекерова Ақтоты гиназиянын 10-11 сынып оқушыларымен [illegible] оқуға түсу туралы үгіт насихат жүргізіліп,

Дебат ойыны өте тартысты өтті. Дебатшылар Ибраш Нұрислам, Жасарова Мерей, Каримова Айару, Есіркеп Ерназар өз ойларын еркін түрде жеткізе білді.

Мектебімізде рухани кездесу кеші өтті. Кездесудің қадірлі қонағы, ақын, «Құрмет» орденінің иегері – Серікзат Дүйсенғазы. Кездесу барысында оқушылар көкейде жүрген сұрақтарына жауап алды.Сонымен қатар ақынның өлеңдерінен оқушыларымыз мәнерлеп кездесуді одан әрі байланыстыра түсті. Музыка пәнінің мұғалімі Бейбіт Нұрбек кездесудің көркін қыздырып бірнеше күй орындап берді.

«Ар», «Ұят» ұғымының адамгершілік құндылық ретінде мәнін ашу. Ұят, ар, намыс туралы түсінік беру; сыпайы қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту; ұяты бар, арлы бала болуға тәрбиелеу мақсатында 8 сынып оқушыларымен «Адамның ең қымбат абыройы – ар ұяты» тақырыбында тренинг өткізілді. Ақпан «Оқуға құштарлық – жауапкершілік айы». Жоспар бойынша М. Жұмабаевқа 130 жыл «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» тақырыбында 9-сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Мағжан Жұмабаевтің поэзия әлеміндегі қайталанбас орны, қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында биік деңгейге көтергенін оқушыларға ұқтыру. Аталған іс-шараға кітапханашылар мен сынып жетекшілер бекітілді.

«Баланы тәрбиелеу мен әлеуметтендірудегі отбасы мен мектеп міндеттерінің ерекшеліктері» атты мектептен тыс іс-шара 7 сынып оқушыларымен өткізілді.

15.12.23ж. желтоқсанда мерт болған қазақ қыздар мен жігіттерінің рухына, ерлігіне деген тағзым көрсету мақсатында «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

Тәуелсіздік күніне орай іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-7 сыныптар арасында «Тәуелсіздіктің сыры бояулары» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді.

«Мемлекттік рәміздер-ұлттық мақтанышым» тақырыбында 1-11 сыныптарда ашық тәрбие сағаты өтті.

«Елімді жырға қосамын» тақырыбында 9-11 сыныптар мәнерлеп оқу челленджі өтті. Челленжді 11 «Ә» сынып оқушылары М.Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңімен бастап, өзге де сыныптарға жолдады. 11 «Б» сынып оқушысы Халман Елнұр М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін», 10 «А» сынып оқушылары М.Дулатовтың «Оян, қазақ» өлеңін жолдады.

Ақпан «Оқуға құштарлық – жауапкершілік айы». Жоспар бойынша М. Жұмабаевқа 130 жыл «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» тақырыбында 9-сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді.

«Жалпы мектепішілік Азаматтық қорғаныс айлығын» өткізу аясында Есіл ауданы Қорғаныс істер басқармасының әскери қызметкерлері майор Акбаров Каирбек Тулегенович және аға лейтенант Аубекерова Ақтоты гиназияның 10-11 сынып оқушыларымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жоғарғы әскери оқу орындарына оқуға түсу туралы үгіт насихат жүргізіліп, азаматтық қорғау саласындағы заң намасының негізгі нормалары мен талаптары түсіндірілді.

Салт дәстүрді дәріптеуге байланысты қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі оқушылармен пікірталас өткізді. 5-11 сыныптар салт дәстүрлердің түрлері және тәрбиелік мәні туралы айтып өтті. Әр сынып өздеріне берілген дәстүрлерді атап, сол дәстүрлерді көрсетті

15 ақпан - Ұлттық тарих күніне орай Е.Бекмаханның туған күніне тарихи кеш ұйымдамтырылды. «Адал ұрпақ» клубының фестивалі өткізіліп, оқушыларды адалдыққа жетеледі.

"Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу - ынтымақтастық" айы аясында 1 наурыз Алғыс айту күні – ортақ тарихымызға көрсетілген құрметтің, бүкіл қазақстандықтардың өз шаңырағына айналған киелі қазақ жеріне деген ризашылықтың белгісі. Бұл мереке біз үшін ең алдымен, қазақ

жеріне, қазақ халқына шексіз алғыс айту мүмкіндігі. Себебі қазақ халқы қандай заман болмасын, ешкімді ұлтқа, дінге бөлмей, соңғы нанымен бөлісті деп айтуға болады. Тағдыр тәлкегіне түсіп, жан сауғалап келіп, қазақ жерінен пана тапқан өзге этностар қазақ халқына шексіз риза. Олар қазақтың дархан даласынан жылу, пана тапты. Бүгінде біздің ұрпағымыз Қазақстанды өз Отаны деп санайды. "Қайырлы таң" жобасы 1 наурыз Алғыс айту күніне арналды.

"Мен қазақтың қызымын" тақырыбында қыз сыны байқауы өтті.

Жүлдегерлер:

Бас жүлде - 1Е сынып оқушысы Жакен Адиля , 1орын - 1А сынып оқушысы Болатхан Баян , 2 орын - 1Ғ сынып оқушысы Базарбай Айзере

3 орын - 1Д сынып оқушысы Қуандық Айлин

2-сыныптар бойынша Бас жүлде - 2"Б"сынып оқушысы Төлеген Айзере, 1-орын - 2"В" сынып оқушысы Марат Айханым Айдарханқызы

2- орын - 2"Ғ "сынып оқушысы Құрмвнбек Зере, 3-орын -2"Г" сынып оқушысы БАбеккызы Раяна.

3-сыныптар бойынша Бас жүлде - 3 "Б"сынып оқушысы Маратбек Жансая, 1-орын - 3"Ж" Нұрлан Айзере сынып оқушысы

2- орын - 3"А "сынып оқушысы Балтабай Раяна, 3-орын -3" Ә" сынып оқушысы Берикжанқызы Айзере

4-сыныптар бойынша 4"Г" сынып Сатубалдинова Қарлығаш 1-орын, 4"А" сынып Қуатбай Айғаным 2 орын, 4"Б" сынып Сәрсенбек Нұрділдә 3 орын . 5-7 сыныптар арасында Бас жүлде - Өмірзақ Джанетта 6 "Ғ" сынып оқушысы, I орын - Жаркынқызы Айбөпе 6 "Ә"сынып оқушысы;

II орын - Кумарбекова Ясмин 6 "А"сынып оқушысы, Мұсалим Айару 7 "В"сынып оқушысы; III орын - Мақұлбек Алуа 6 "В"сынып оқушысы

Мухамбетжанова Ақерке 5 "Д"сынып оқушысы, Оразбек Елдана 5 "В"сынып оқушысы жүлделі орындарды иеленді.

«Педагогтердің әлуеуетін көтеруде кәсіби тәжірибесін жетілдіру» тақырыбында қалалық семинар өткізілді. Осы семинардың 3-кезеңі біртұтас тәрбие бағдарламасының негізінде тәрбие сағаттары және дебат турнирі өтті. Мектебіміздің «АЛАШ АМАНАТЫ» дебат клубынан 8-сынып оқушысы Малдыбай Перизат, 10-сынып оқушысы Жасарова Мерей қатысып алғыс хатпен мараппатталды.

18 наурыз «Аналар мектебі» мүшесі Ғалия Оралбекқызы 4 «В» және 4 «Г» сынып оқушыларына «Ұлттық киім - ұрпаққа мұра» тақырыбында қазақ ұлттық киімдерінің мәні мен мағынасын, киім үйлесімділігі туралы айтып өтті.

«Абай» электронды мобильді кітапханасының ұйымдастыруымен «Наурыз – ұлттық құндылық айы» аясында 5 «Г» сынып оқушыларымен (сынып жетекшісі Әйгерім Ғабитқызы) «Ұлы дала мұрагерлері» атты тұлғатану-танымдық сабағы өткізілді.

"Мінез-құлық және қарым-қатынас мәдениеті" тақырыбындағы онкүндік, "Дені сау денеге - сау рух" тақырыбында онкүндік, "БІРГЕ ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" атты сенбілік өтті. Сенбілікке мектебіміздің оқушылары және мектеп ұстаздары,ата-аналарымыз барлығы 800-ге жуық адам қатысты.

"Тазару" жалпы ұлттық экологиялық акциясы шеңберінде жалпықалалық экологиялық айлығында "Табиғатты қорғау " Эко-жоба балаларды қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын үйретіп қана қоймай,оларды белсенді практикалық іс-шараға тарту сабағы өткізілді

Еділ қаған клубының ұйымдастыруымен "Еділ қаған ерлігі" тақырыбында 6-9 сыныптар арасында дебат өтті. Дебат барысында Еділ қаған жайлы жазылған деректер талқыланып, жалпы Еділ қаған ерлігі, оның адалдығы мен ел басқарудағы өнері жайлы айтылды. Дебатшылар ішінде ұшқыр ойы мен сөз шешендігімен көзге түскен дебат спикерлері мектеп директорының қолынан марапат алды. Атап айтсақ: 6 ғ сынып оқушысы Молдағалиева Жания, 8 а сынып оқушысы Малдыбаева Перизат, 9 в сынып оқушылары Бекзада және Гүлмира . Дебатқа төрешілік еткен қалалық аудандық дебат сайысында жүлделі орындар иеленіп жүрген оқушымыз Ибраш Нұрислам болды.

Жас ұрпақты тарихи-мәдени және рухани құндылықтарды бағалауға мақсатында 1 Мамыр мерекесіне орай «Бірлігіміз жарасқан қазақ елі» атты іс-шарасы болып өтті.

Мамырдың 6-ы күні Мемлекет басшысының "Таза Қазақстан" экологиялық акциясы аясында елімізде "Түлектердің ағаш отырғызу" республикалық эко-челленджі басталды. Аталған акция аясында Қ.Мұхамедханов атындағы №90 гимназиясының түлектері шырша ағашын отырғызып, қоршаған ортаны көгалдандыруға үлесін қосты

«Игі істер» 1-11 сыныптар арасында акция өткізілді. Акцияда жиналған азық-түлік сияқты заттарды аз қамтылған отбасы, қамқоршысынан айырылған отбасыларға үлестірді.

2024 жылдың 29 күні Астана қаласы білім беру ұйымдарының арасындағы Халық Қаһармандары Сағадат Нұрмағанбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына, 7 мамыр –Отан қорғаушылар күніне және 9 Мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған «САПТА СЫМБАТТЫ-ҰРЫСТА АЙБАТТЫ» сап және ән байқауы № 38 мектеп-лицей базасында өткізілілген жарысқа қатысты. Жарыста – әскери-патриоттық тәрбиені нығайтып,жауынгерлік дәстүрлердегі ерлік құндылықтарды бағалай білу, оған деген мақтаныш сезімді қалыптастыру; Жарысқа 10 сынып оқушыларынан құрылған «САМРҰҚ» взводы қатысып, жүлделі III орынды жеңіп алды.

<u>«Біртұтас тәрбие бағдарламасының»</u>

Тиімді жағы:

- Өскелең ұрпаққа құндылықтар негізінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастырды;
- Құндылықтарды пәндік негізде, сынып сағаттары мен сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы дарытты;

Кемшілік жағы:

- Кейбір сыныптарда сынып сағатының тұрақты өткізілмеуі, сапасының болмауы;
- Сынып жетекші мен пән мұғалімдерінің құндылыққа негізделген білім мен тәрбиенің берілуі күнделікті сабақта, тәрбие жұмысындажүргізілуі, оқушы бойында қалыптасу орташа деңгейінде болуы;

Жетілдіру жағы:

- Сынып жетекшілердің сыныптағы әрбір оқушының біліміне, әлеуметтік тұрмыс жағдайына, мінез-құлқы мен тәрбиесіне баса назараудару;
- Сыныпта ерекшеленген (мінез-құлық, үлгермеуші, отбасы жағдайы төмен т.б.) оқушымен жеке жұмыс жасау, психологиялық қолдаукөрсетуге бағыттау, ата-анамен тығыз байланыс жүргізу;
- Сыныптағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру: сынып сағатын дәстүрден тыс түрлендіру, «оқуға құштар мектеп» кітап оқу, құндылыққанегізделген тәрбиені қалыптастыру.
- Ата-аналарды тәрбие жұмысына белсенді тарту.

4.2.Мектептегі тәрбие жұмысы бойынша жобалар:

- **Республикалық және қалалық әлеуметтік жобалар гимназиямызда іске асырылады:**

❖ «Мектеп парламенті»
❖ «Ұшқыр ой алаңы»
❖ «Оқуға құштар мектеп»
❖ «Балалар кітапханасы»
❖ «Еңбегі адал жас өрен»
❖ «Жеткіншектің жеті жарғысы»
❖ «Ұлттық мектеп лигасы»
❖ «Балалар және театр»
❖ «Төрт тоқсан – төрт өнер»
❖ «Тоғыз айға тоғыз іс-шара»

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша «Өнегелі өмір» тақырыбында 10,11 сынып оқушылары арасында эссе жазу байқауы өтті. Жетістік пен табысқа жеткен, ұлтымыздың алтын қорына енген, ұлы тұлғалардың еңбегімен, іс -тәжірибесімен, туған жеріне қызмет еткен бейнесімен танысу арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және кәсіби бағдарлау мақсатында "Өнегелі өмір" тақырыбында эссе жаздырылды. Байқауға қазақ тілі мен әдебиеті пәні ӘБ жетекшісі А.Е. Әбутәліп және Г.Ж.Сайлаубаева, Қ.Санат әділ қазылық етті. Байқауға қатысушылар ұсынылған 3 тақырыптың бірін таңдап, эссе жазды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 1-11 сынып оқушылары арасында күнделікті 8 минуттық оқу уақытты өткізілді. Оқуға құштар балаларды кітап оқуға баулу, отбасылық оқудың жарқын дәстүрін жаңғырту, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтырды.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында қаланың үздік спортшыларының қатысуымен 5-6 сынып оқушыларымен «Бес асық» жарысы өткізілді.

"Қара шаңырақ"ҚБ "Ұлағатты ұрпақ" жобасы аясында 10-11 сынып оқушыларымен "Адам бол" тақырыбында белгілі театр және кино актёры ҚР еңбегі сіңген қайраткері Қуандық Кыстықбаевпен кездесу өтті . Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай гимназиямызда "Жеңісімді тәуелсіздікке арнаймын!" тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

«Абай» электронды мобильді кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» аясында «8 минуттық оқу» жобасы бойынша 8- сыныптар арасында М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша «Тез тап!» қазақша куиз интеллектуалды сайысы өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әжемнің ертегісі» жобасы бойынша коворкинг алаңында 1 «Д» сыныбымен «Мақта қыз» ертегісі сахналанды.

Гимназияда оқушылардың дамуына бағытталған жобалар жүзеге асып келеді. Мектепішілік жобаларға 1100 оқушы қамтылған. Олар: «Мектеп парламенті», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар және театр», «Оқуға құштар мектеп», «Төрт тоқсан – төрт өнер», «Балалар кітапханасы», «Тоғыз айға тоғыз іс-шара», «Еңбегі адал жас өрен», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «8 минуттық кітап оқу», «Қайырлы таң жобасы» Жоба арасында «Оқуға құштар мектеп», «Жасыл мектеп» «Қайырлы таң» жобаларына оқушылардың қатысуы белсенді болды. 2023-2024 оқу жылының «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үздік оқырман - 2024» байқауы өткізілді**Тиімді жағы:**

- мектепішілік «Оқуға құштар мектеп» жоба жұмыстары да назардан тыс қалған жоқ, ұдайы жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіп

отырды.
- «Қайырлы таң» жобасына сыныптар белсене қатысып отырды.

Кемшілік жағы:
- Аталған жобаларға үнемі белсенді оқушыларды қатыстырып қана қоймай, бойында қабілеті бар оқушыларды қамту назардан тыскалып қоюы.

Жетілдіру жағы:
- «Оқуға құштар мектеп» жобасына 1-11 сынып оқушыларын белсенді қатыстыру, кітап оқу дағдысын дамытуға сынып жетекшілераркылы жүзеге асыруды жоспарлау;
- «Адал ұрпақ» еріктілер тобын жаңа құрамын бекіту, жоспарлы жұмыс жүргізуді жолға қою. Мектеп ішіндегі құқықтық тәрбиежұмысын жүргізуге ат салысу.

4.3."Сана" ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы:

Гимназияда ата-аналармен түрлі тәрбие іс-шаралары жоспарлы іске асырылды. Отбасы мәдениетін дамыту мақсатында «Сана» ата-аналарды педогогикалық қолдау орталығы ашылды.

«Әкелер кеңесінің» ұйымдастыруымен волейбол ойынының жарыс есебі өтті. Әкелер арасында «Әкелер кеңесінің» волейбол ойынынан жарыс ұйымдастырылды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорт мәдениетін кең тарату. Ата-аналар сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысудың қажет екендігін түсіндіру. Сайыска 30 әке қатысты. Алтын уақыттарын қиып, спорттық сайыска қатысқандары үшін пән бірлестікке мақтау қағазы және медальмен марапатталды.
- Қалалық «Әке – отбасы тірегі» атты конкурсқа мектебіміздің әкесі Мәлжанбай Азамат ұлдарымен қатысып, жүлделі I орынды иеленді.
- Әлеуметтік осал топтағы оқушылардың отбасыларына көмек көрсетілді.
- Сыныптарда анықталған үлгермеуші оқушылар, құқық бұзушылықтың алдын алу туралы ата-аналармен кездесулер өткізілді. Оның қорытындысы негізінде оқушы бақылауға алынып, ата-анамен тығыз байланыста сынып жетекші арқылы жұмыс жасалады.
- 9 ай бойы ата-аналармен бірыңғай ашық есік күні өткізілді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылды. Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізілді.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жұмысы аясында «Бұлақ көрсең, көзін аш» тақырыбында бірыңғай ашық есік күні өткізілді.

Ақпан айының екінші аптасында «Қайырымдылық акциясы» ұйымдастырылып, ата-аналар тарапынан аз қамтылған, асыраушысынан айырылған отбасыларға азық-түлік, киім-кешектер берілді. Әлеуметтік педагог Толыбаева Қымбат қамқоршылық кеңес

мүшелерімен таратты.
27 сәуір мен 11 мамыр аралығында экология айлығы жарияланды. Айлыққа мектеп қызметкерлері , ата-аналар, оқушылар тартылды.

Әр сенбі күні мектеп ауласында сенбіліктер ұйымдастырылды. Әр сенбілік сайын мектеп ауласына ағаштар мен көшеттер отырғызылды. Әр сыныптан ата-ананың қолдауымен 10 бірнеше қайын және мектеп тарапынан 20 қайың мең көшеттермен абаттандырды. 10 сынып ата-аналары мектеп ауласына раушан гүлін отырғызды.

Тиімді жағы:

- Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін білді;
- Баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренді;
- Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыретін дамытты;
- Бала тәрбиесіне ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында әртүрлі тренинг – сабақтар өткізілуін қамтамасыз етілді;
- Мектептің тәрбие жұмыстары мен іс-шараларына оқу жылы ішінде 1-4 сынып ата-аналары жақсы белсенді қатысты. Отбасылық тәрбиемен құндылық жағы ата-ана мен баланың арасында қарым-қатынасты нығайтуға, баланың сенімін арттыруға, дамуына ықпалды болды.
- Ата-аналар мектепішілік іс-шараларда, ашық есік күндеріне қатысты;
- Ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетілді;

Кемшілік жағы:

- Ата-аналар тарапынан орталыққа келу сапасының төмендігі;
- Орталыққа Отбасы сүйемелдеу орталығынан мамандарды көптеп тарту;

Жетілдіру жағы:

- 2023-2024 оқу жылында «Сана» орталығының жұмысын әлі де жетілдіру, жыл бойынамектептің әлеуметтік отбасы жағдайына қолдауға, оқу-тәрбие жұмыстарын бірлесе жүргізуге тарту;
- Ата-аналарды сынып сағатында сынып жетекшімен бірге тақырыптық тәрбие жұмысын жүргізуге ат салысуға тарту;
- Мектепішілік есепте тұрған оқушының ата-анасымен тұрақты бақылау жасау, оң нәтиже беруге жұмыс жүргізу.
- Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту;
- Ата – аналарды бірыңғай ашық есік күніне жүз пайыз келуін қамтамасыз ету;
- Ата-аналарды тәрбие жұмысына белсенді тарту;

4.4.8 минуттық кітап оқу жобасы:

Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, танымдық көзқарасын кеңейту, көркем әдебиетке деген қызығушылығын ояту. Оқу жылының екінші тоқсанынан бастап Астана қаласы Білім басқармасының бастамасымен елорданың барлық білім беру ұйымында «8 минуттық көркем әдебиет оқу» жобасы басталды. «Абай» электронды мобильді кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» аясында «8 минуттық оқу» жобасы бойынша 8- сыныптар арасында М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша «Тез тап!» қазақша куиз интеллектуалды сайысы өткізілді. «Кітап – ең сабырлы ұстаз» тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітап оқуға құмарландырау, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізе білуге

баулу. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 1-11 сынып оқушылары арасында күнделікті 8 минуттық оқу уақытты өткізілді. Оқуға құштар балаларды кітап оқуға баулу, отбасылық оқудың жарқын дәстүрін жаңғырту, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтырады.

Желтоқсан айында мектеп оқушылары мен мұғалімдерін кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқушылар мен мұғалмідер арасында «Буккроссинг-бірге оқимыз» атты іс-шара өткізілді.

Оқушылардың тілге, отанды сүюге, туған жерге сүйіспеншілігін арттыруға, сөйлеу мәнерін арттыру мақсатында «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында бастауыш сыныптардың оқушылары арасында мәнерлеп оқу ұйымдастырылды.

Абай" электронды мобильді кітапханасының ұйымдастыруымен "Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт" жобасы аясында "Үнемі оқитын адма-табысты адам" тақырыбында оқыған кітаптар туралы талқылау өткізілді.

Сайыс мақсаты: Оқушылардың білімдерін жинақтап, тереңдету, қызығушылықтарын арттыру, шапшаңдыққа баулу, белсенділіктерін арттыру. Топпен жұмыс істей отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа баулу. «Абай» электронды мобильді кітапханасының ұйымдастыруымен «Поэзия падишасы» атты Фариза Оңғарсынованы еске алуға арналған 9-сыныптарға кеш өткізілді.

Әділқазылар алқасының шешімімен:

Бас жүлдені 8 «Г» сыныбы;1-орынды 8 «А» сыныбы;2-орынды 8 «Ә» сыныбы;3- орынды 8 «Б» сыныбы иеленді .

2 сәуір - Халықаралық балалар кітабы күніне орай "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында бүгін "АБАЙ" КІТАПХАНАСЫНЫҢ кітапқұмарлары үшін өте қызықты сәт болды.

«Абай» электронды мобильді кітапханасында 12.04.24жылы "Ғылым" айлығы "Еңбегі адал жас өрен" тақырыбында кітапханамыздың кішкентай оқырманы, 2"Ғ" сынып оқушысы Орденбай Мирас өзінің зеректігімен, дарындылығымен ерекшеленіп, әр елді астанасымен көрсетіп, таныстырып берді.

Тиімді жағы:

- Күн сайын кітап оқуға дағдыланды;
- Оқушылардың тілдік қорын молайтуға септігі тиді;
- Кітап бұрышы, буккросинг ұйымдастырылды;
- Қығармашылық ойлау жүйесін жақсартты;
- Кітап оқуға деген қызығушылықтың артуы;
- Оқу жылының соңына дейін әр оқушы кемі 10 кітапты оқып шықты

Кемшілік жағы:

- Кейбір сыныптарда кітап оқу барысын сынып жетекші тарапынан қадағаланбауы;
- Оқушылардың кітап оқуға, өз кітабын әкелуінен белсенділіктің төмендігі;
- Ата-ана тарапынан балалардың кітап оқуына қолдаудың болмауы;

Жетілдіру жағы:

- Орталық кітапханаларға апару;
- Әдеби шығармаларды таныстыру мен оқуды жетілдіру;

- «Оқырмандар клубын» құру;
- Үздік оқырмандарды марапаттау;

4.5.Құқықбұзушылықтың алдын алу:

Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-v әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Осыған байланысты 2023-2024 оқу жылының жоспары бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында біршама жұмыстар жүргізілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу жоспары құрылып, профилактикалық кеңес құрамы бекітілді.

Жыл басынан бастап мектепішілік есепке 7 оқушы алынды. Олар: Ерденұлы Ерасыл, Болатбек Бекжан, Бейсенбай Бекбол, Молдахмет Наурызбай, Аманкелдіұлы Серікжан, Оспанов Мансур, |Жумагулов Ислам.

Ерденұлы Ерасыл мен Болатбек Бекжан 11 «А» сынып оқушысы өз сыныптасы А. Туракуловты бопсалап қысым көрсеткені үшін 17 қаңтар 2024 ж есепке алынды. Бейсенбай Бекбол сабаққа себепсіз келмегені үшін есепке алынды. Молдахмет Наурызбай сауда орталығының алдында қайыр тілеумен айналысқаны үшін есепке алынды. Амангелді Серікжан сабаққа себепсіз келмегені үшін есепке алынды. Оспанов Мансур мен Жумагулов Ислам екеуі бірігіп бопсалау әрекетін жасағаны үшін есепке алынды.

- Құқықбұзушылықтың алдын мақсатында әртүрлі тренинг – сабақтар өткізілуін қамтамасыз етілді;
- Қалалық ювеналды полиция инспекторымен тығыз байланыста профилактикалық жұмыстар жүргізілді;
- Мобильді топтың құрамымен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында АКТ ЖБУ жасалып, профилактикалық жұмыс жүргізілді;

Қыркүйек айында 9-11 сынып оқушыларына ювеналды полиция инспекторы Мусабекова Улбосын Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудаланудың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Оқушылар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес өткізілді. Мектеп оқушыларына құқықтық, буллинг тақырыптарына арналған 5-11 сыныптарына дәрістер, кеңестер жүргізіліп отырды. 5-7 сынып оқушылары соның ішінде ер балалар арасында анықталған буллинг жағдайлары бойынша оқушымен, ата-анасымен кездесулер өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бақылауға алынды. Оқушыларға құқықтық тәрбие беруде оқу жылы бойына ювеналдық полиция инспекторы Мусабекова Улбосын «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, зорлық –зомбылықтың кудалаудың алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді, құқық қорғау органдары академиясының оқытушыларымен профилактикалық кездесу өтті, «Салауатты Астана» емханасы психологы Баймаханова Арайлым Хаппарқызы 6-сыныптар арасында «Буллинг және Кибербуллингке жол жоқ» тақырыбында дәріс өтті.

15.09.2023ж. Кибербуллингтің алдын алу мақсатында 7-сыныптармен «Қауіпсіз интернет ғаламторға тәуелділіктен арылу» тақырыбында жүргізілген түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ғаламтордағы қауіпсіз мінез-құлық туралы түсінік қалыптастыру, аламтордағы тәуелділіктің балалар психикасына кері әсері туралы түсіндірілді.

«Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» тақырыбында 8-сынып оқушыларына профилактикалық түсіндіру жұмысы өткізілді.

Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне орай оқушыларға профилкатикалық жұмыс жүргізілді. Оқушылар ортасында ЖИТС таралуының алдын алу, оқушыларда ЖИТС проблемасының маңыздылығы және олардың мінез-құлқы үшін жеке жауапкершілік туралы хабарлықтарын қалыптастыру мақсатында өткізілген профилкатикалық жұмыска 5-11 сынып оқушылары қатысты.

Қазан айында Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтары біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында 8-11 сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу басты міндет» тақырыбында профилактикалық түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Желтоқсан айында Құқық қорғау органдары академиясының оқытушылары жасөспірімдер арасындағы «Нашақорлықтың алдын алу» және «Буллинг, әлімжеттік», «Жыныстық қол сұғушылыққа қарсы қылмыстың алдын алу» тақырыптарында 9-11 сыныптарға профилактикалық кездесу өткізілді.

24.01.2024 жылы «Біз үрейден қалай құтыла аламыз?» тақырыбында 11- сынып оқушыларымен тренинг өткізілді.

Мақсаты: Балалардың өмірге деген жақсы көзқарасын қалыптастыру. Бір-бірімен қарым-қатынасын, болашаққа деген үміттерін арттыру. Қажу мен күйзеліске бейімділік деңгейін төмендету. Сенімділіктерін арттыру. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Есепте тұрған оқушылармен «Жарасымды қарым-қатынас» тренингі өткізілді.

Мақсаты: Сынып ұжымдарындағы жақсы қарым-қатынасты нығайту. Білім алушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнату. Бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға тәрбиелеу. Коммуникативті дағдыларын дамыту. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Сынып ұжымдарындағы жақсы қарым-қатынасты нығайту. Білім алушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнату. Бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға тәрбиелеу. Коммуникативті дағдыларын дамыту мақсатында білім алушылармен тренинг жүргізілді. Тренинг барысында «Бір-бірімізбен», «Күн», «Өз ойымнан бір бейне», «Көңілді шарлар», «Пирамида» жаттығулары өткізілді. Қатысушылар тренингке қызығушылық танытып, белсенді қатысты. Ұйымшылдықпен берілген жаттығуларды орындады. Тренинг соңында өз ойларын айтып, тренингтен жақсы әсер алғандарын айтып, пікірлерін білдірді.

Тренинг мақсатына жетті. Білім алушылар арасында қарым-қатынас жағдылары дамыды. Сынып ұжымдарында жақсы қарым-қатынас нығайды. Алдағы уақытта білім алушылармен алдын алу жұмыстары жалғасын тапсын.

«Сен және заң» тақырыбында Айдын Құмарбекұлы оқушылармен дәріс жүргізді. Оқушылардың құқығы мен міндеттерін таныстырып, өз құқығын білуге және өзге жанның құқығын таптамауға үйретті.

«Күйзелістен шығар жол», «Күйзелісті жеңуге көмектесеміз!», «Қылмыс қайдан шығады?», «Сіз құқығыңызды білесіз бе?» тақырыбында Қазкенова Гульнара 9-11 сынып оқушыларына тренинг өткізді. Тренингте оқушылар өздерін еркін сезініп, күйзелістен шығар жолдың шешімін қарастырды. Қылмыстың шығу себептері мен оны болдырмаудың әр түрлі жолдарын көрсетті.

Тиімді жағы:

- Сыныпта ерекшеленген (мінез-құлық, үлгермеуші т.б.) оқушымен жеке жұмыс жасалды;
- Ата-анамен тығыз байланыс жүргілді;
- Мектепішілік есепте тұрған оқушының отбасылық жағдайымен ортасын танидық;

Кемшілік жағы:

- Құқықтық тәрбие жұмысын мектепішілік құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын көптеп өткізу;
- Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылардың сабаққа қатысуын бақылауды күшейту;

- Сабақтан кешігетін, себепсіз сабақ босататын оқушыларды дер кезінде анықтау;

Жетілдіру жағы:

- Профилактическая беседа (профилактикалық әңгімелесу) жиі өткізу.
- Кәмелетке толмаған балалар арасындағы және оларға қатысты жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тәрбие бөлімі, сынып жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік - педагог түрлі форматта іс - шаралар өткізу;
- Ата-анамен тығыз байланыс жүргізу;
- Оқушылар арасында өзара қарым-қатынас мәдениетін нығайту мақсатында жобаларды енгізу;
- Мектептегі оқушылар медиациясын құру, тұрақты жүргізу;
- Мектептегі «Ата-аналар институты» жанында оқушыларға арналған құқықтық тәрбие беруге отбасылық тәрбие жұмыстарын өткізуді жоспарлау;
- Оқушыларға құндылыққа негізделген білім беруді оқыту мен тәрбиелеу арқылы күнделікті өмірде қолдануға бағыттауды мұғалімдердіңіске асыру.

Сынып жетекшілермен жұмыс:

2023-2024 оқу жылында 70 сынып бойынша 1808 оқушы білім алды. 70 сынып жетекші тәрбие жоспарына сәйкес жұмыс жүргізілді. Мектепішілік тәрбие жұмыстарына 70 сынып толықтай қамтылды.

1. Сынып жетекшілеріне арналған әдістемелік қолдау жағынан – 1 семинар өткізілді, 1-4 сынып жетекшілері, 5-8 сынып жетекшілері қатысты. 1-9 параллель сыныптар бойынша тәрбие жұмысынан педагогикалық, психологиялық, құқықтық мектепішілік 4 семинар-тренинг өткізілді. Қатысқан сыныптар – 5-7 сынып жетекшілері, 8-10 сынып жетекшілері.
2. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығының» қолдауымен 1 семинар өткізілді, семинарға – 70 сынып жетекшісі қатысты.
3. Сыныптан тыс тақырыптық іс-шараларға белсенді қатысқаны: 3 «Б», 1 «Д», 2 «Ә», 2 «В», 2 «Д», 6 «А», 6 «Ә», 6 «Г», 6 «В», 5 «Г», 8 «Ғ», 10 «Г»

Жас маман, алға бас қадам» тақырыбында жүргізілген тренинг өткізілді. Мақсаты: Жас мамандардың эмоцияларын және көңіл-күйлерін көтеру, бойындағы мынадай маңызды сапаларды: кәсіби іс-әрекеттердің эффективті индивидуалды стилін қалыптастыру; оқушылармен, олардың ата-аналарымен, мектеп басшылығымен, әріптестерімен сонымен қатар өз отбасы мүшелерімен ойдағыдай қарым-қатынас жасай алуын қалыптастырып, дамыту. Жас мамандарға оқушылармен қарым-қатынастың тиімді жолдарын көрсету, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

Мектебіміздің психологтарының ұйымдастыруымен мектеп ұстаздарымен «Көтеріңкі көңіл-күй-жан шуағы» атты психологиялық тренинг өткізілді. Қатысушыларға әртүрлі көңіл-күй мен эмоциядағы суреттер таратылады. Қатысушы тез арада сұраққа жауап беруі тиіс: «Бұл қандай эмоция және көңіл-күй, адамдарда мұндай көңіл-күй қайдан болады? Сенде осындай көңіл-күй болды ма?» Осындай көңіл-күйді пантомимо арқылы көрсету, біреу көрсетеді, қалғандары қайталайды.Нақты, анық көрсетуге тырысу қажет (қимылды, мимиканы, белгілі бір сөзді қолдана отырып). Топтың қалған мүшелерінің міндеттері –бұл эмоцияны табу, басқа адамның уайымын сезіне білу, оны көре білу және шеше білу.

Тиімді жағы:

- Сынып жетекшілердің мектепішілік әдістемелік, педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетілді. Оқушылармен жағымды қарым-қатынас орнату, ата-аналармен бала тәрбиесіне арналған кеңестер, тренингтер, сынып сағатында қызықты әдіс- тәсілдерді қолдану тиімділігі ұсынылды.
- Сынып жетекшілердің өткізген сыныптан тыс іс-шаралары әлеуметтік желіге тұрақты жарияланып отырды.

Кемшілік жағы:

- Кейбір сыныптарда сынып сағатының тұрақты өткізілмеуі, сапасыныңболмауы;
- Сынып жетекші мен пән мұғалімдерінің құндылыққа негізделген білім мен тәрбиенің берілуі күнделікті сабақта, тәрбие жұмысындажүргізілуі, оқушы бойында қалыптасу орташа деңгейінде болуы;

Жетілдіру жағы:

- Сынып жетекшілердің сыныптағы әрбір оқушының біліміне, әлеуметтік тұрмыс жағдайына, мінез-құлқы мен тәрбиесіне баса назараудару;
- Сыныпта ерекшеленген (мінез-құлық, үлгермеуші, отбасы жағдайы төмен т.б.) оқушымен жеке жұмыс жасау, психологиялық қолдаукөрсетуге бағыттау, ата-анамен тығыз байланыс жүргізу;
- Сыныптағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру: сынып сағатын дәстүрден тыс түрлендіру, «оқуға құштар мектеп» кітап оқу, құндылыққанегізделген тәрбиені қалыптастыру.
- Ата-аналарды тәрбие жұмысына белсенді тарту.

4.6.<u>Үйірме, секциялар:</u>

- Гимназияда оқушыларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру факультативтер, шығармашылық үйірмелер мен спорттықсекциялар ұйымдастырылды. Жалпы қамтылған оқушы саны - 1414

Дене тәрбиесі сабақтан тыс уақытта 5-11 сынып оқушыларына спорттық ойындар жүргізді. Соның ішінде: асық ойыны, баскетбол, волейбол, футбол, қазақ күресі секциясы жұмыс кестесіне сәйкес өткізілді.

Гимназия оқушыларының 2023-2024 оқу жылында үйірмелермен қамту есебі

№	Үйірме атауы	Оқушылар саны	Пайыздық көрсеткіш
1	Баскетбол	33	
2	Тілдік	92	
3	Волейбол	94	
4	Футбол	88	
5	Қазақша күрес	184	
6	Домбыра	100	
7	Вокал	31	
8	Ұлттық ойын	371	

9	Хор	119	
10	Басқа сәндік секциялар	250	
11	Пікірталас (дебат)	52	
Барлығы:		1414	78,25%

4.7.Халықаралық, республикалық, қалалық конкурстарға, фестивальдарға, шығармашылық сайыстарға қатысу:

Оқушылардың шығармашылық түрлі қалалық, республикалық сайыстарға қатысу деңгейлері орташа. Соның ішінде ән, би, спорттық және көлөнер сайыстарына қатысып жүлделі орындар иеленді. Қалалық - 31 сайыс, республикалық - 15 сайысқа, халықаралық – 4 сайысқа қатысты.

Сайыстарға қатысу көрсеткіштері бойынша:


4 А	Амантай Бейбарыс	Күрестен Республикалық, қалалық сайыстарың бірнеше дүркін чемпионы
4 А	Қуатбай Айғаным	Көркем гимнастикадан сайыстар жеңімпазы
4 А	Айса Гүлназ	Көркем гимнастикадан сайыстар жеңімпазы
4 В	Абдуманап Таңсұлтан	Футбол қалалық турнирі ІІІ орын
4 В	Байарстан Бауыржан	Футбол қалалық турнирі І орын
4 В	Сакен Али Султан	Қалалық "Sdance" спорттық би сайысы бас жүлде, І, ІІ орын иегері
4 Г	Жексенбекұлы Елдос	"Елорда қоры " қазақ күресі жасөспірімдер арасында 1-орын
1"Ә"	Ғалым Аяулым	Астана қаласы Халықаралық әйелдер мерекесіне орай футболдан өткен жарыста үздік ойын көрсеткен ойыншы
4Г	Балшимбаева Раухия	ІІ Республикалық хореографиялық жарыс «Жаңа ұрпақ»
4 Г	Аманбек Айзере	Халықаралық хареографиялық жарыс «Дара Бала»
6 Ғ	Асылбекұлы Арсен	Киокушинкай каратэ бойынша республикалық ашық турнир. 2-орын
6 Ғ	Қожабек Бейбарыс	Киокушинкай каратэ бойынша республикалық ашық турнир. 2-орын
6 "Г"	Мақсатұлы Арман	Облыстық бокс турнир, 2 орын
6 "Г"	Нұргазы Раян	Burabay cup бокс бойынша республикалық турнир. 1-орын
6Ә	Сейділдә Ернұр	Футболдан республикалық жарыстан 1 орын
7В	Жанәділ Асфендияр Әзізұлы	Қалалық диплом киокушинкай каратэден жас өспірімдер, жастар және қыздар арасында өткен samurai dojo клубының ашық чемпионатының жеңім пазы
10 Г	Амантай Бауыржан	Қалалық, Аймақтық, Республикалық бокс турнирлерінің жеңімпазы
10 А	Акпарова Руза	Аудандық жарыс-3 орын, "Мерген ару" атты пневматикалық мылтықтан оқ ату

10 Б	Есіркеп Ерназар	Аудандық- 3 орын, "Батырлар жарысы" әскериленген кросс
10 А	Серік Ислам	Аудандық- 3 орын, "Сапта сымбатты-ұрыста айбатты" сап және ән байқауы
7 А	Боранбай Диас	1.Үстел теннисі(аудандық)1 орын 2.Олимпиада химия (мектепшілік кезеңі)1 орын 3.жүзу (топ аралық) 1 орын 4.КМС тоғызқұмалақ (республикалық)
8Ә	Сапаржол Аяла	Көркем гимнастикадан сайыстар жеңімпазы
8 Ә	Нұрлыбек Санжар	Футболдан республикалық жарыстан 3 орын
3 Ғ	Алпысбай Ілияс	Футболдан республикалық жарыстан 3 орын
4 д	Бейсембі Нұрдәулет	Футболдан республикалық жарыстан 3 орын
4 д	Нұрлан Нұрасылхан	Каратэден 3- дүркін 1-орын иегері
4 д	Ғалымжан Мирас	Қалық турнир «Үздік шабуылшы»
4 д	Сырымова Адия	Қалалық каратэден 3-орын
4 д	Ахметжан Ақбота	Қалалық каратэден 2-орын

10 "Г"	Амантай Бауыржан	Қалалық сапта ән айту байқауы 3-орын
10 "Г"	Каримова Айару	Қалалық сапта ән айту байқауы 3-орын
10 "Г"	Оралбек Биназир	Қалалық сапта ән айту байқауы 3-орын
10 "Г"	Оценова Аяжан	Қалалық сапта ән айту байқауы 3-орын
10 "Г"	Уалиханова Айгерім	Қалалық сапта ән айту байқауы 3-орын
10 "Г"	Кожабаева Арай	Қалалық сапта ән айту байқауы 3-орын
10 "Г"	Дамир Жанель	Қалалық сапта ән айту байқауы 3-орын
10 "Г"	Белекей Балғынбек	Қалалық сапта ән айту байқауы 3-орын
10 "Г"	Сайын Әли	Қалалық сапта ән айту байқауы 3-орын
10 "Г"	Жоракызы Мадина	Қалалық сапта ән айту байқауы 3-орын
4 г	Жақып Мансұр	«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруымен «Үздік ғылыми жоба авторы»
8 Г	Дузенова Бакытжамал	Ата-баба өнері - ұрпақтар мұрасы бағыты бойынша Үршық иіру сайысынан 1 орын
8 Г	Ерсайынқызы Інжу	Ата-баба өнері - ұрпақтар мұрасы бағыты бойынша Үршық иіру сайысынан 1 орын

4 ғ	Мықтыбек Іңкәр	«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» республикалық инновациялық орталығының ұйымдастыруымен «Үздік ғылыми жоба авторы»
1 ғ	Омарбеков Асыл	Балапан телеарнасы ұйымдастырылған Мағжан оқулары сайсының "Bil-BALA" кітабының жүлдегері 1-орын
1ғ	Жұманғали Райана	Халықаралық балалар және жасөспірімдер арасындағы турнер "ZHULDYZ CUP" байқау 1-орын
1 ғ	Курманбеков Алихан	Халықаралық Ашихара Каратэ турнирі 2-орын
1 ғ	Егемберді Мариям	Халықаралық "SAMGAU" вокалдық турнир 2-орын
1 ғ	Еркебұлан Айзере	Республикалық көпжанрлық " Көктем нұры" байқауы Шұғыла би ансамблі 1-орын
6 ә	Сейділда Ернұр	Республика күніне орай футболдан 2012-13ж арасында сынып 1 орын.
4 Г	Мухаметханов Муслим	Халықаралық байқау TALEND ZHOW
4 Г	Тұрсынақынұлы Мұстафа	Халықаралық байқау TALEND ZHOW
4 Г	Сатубалдинова Карлыгаш	хореографиядан халықаралық байқау жеңімпазы

Оқушылардың қосымша білім беру үйірмелеріне қамтылуы



Тиімді жағы:

- Үйірмелерге қатысу арқылы оқушылар өзін дамытады;
- Бос уақытын тиімді пайдаланады;
- Құқықбұзушылықтың алдын алады;
- өзіне сенімді тұлға қалыптасады;

Кемшілік жағы:

- мектептің спорттық ойындарға оқушыларды қамту жағынан футбол, баскетбол, тир ату секцияларының көрсеткіші төменгі деңгей.
- Қалалық спорттық жарыстарда: футбол, баскетбол, асық ойынынан қатысу белсенділігі, жүлделі орындар саны аз.
- Хореограф маманының болмауына байланысты би байқауларына қатыса алмадық;
- Сабақтан тыс жаттығулардың футбол, баскетбол кестеге сәйкес тұрақты жүргізілмеуі.

Жетілдіру жағы:

- Спорттық жарыстарда волейбол, асық ойыны, футбол ойыны қала деңгейіндегі сайыстарда қатысуды күшейту;
- Домбыра үйренушілер санын арттыру, мектептегі «Алтын ұрпақ» домбыра жобасын тұрақты жүргізу
- Шығармашылық сайыстарға оқушыларды қатыстыру санын арттыру;

- Мектепте оқушылар арасында шығармашылық байқау, сайыстарды, жобаларды тұрақты жүргізу.
- Хореограф маманын тарту;

4.8.Өзін-өзі басқару мектеп парламенті:

- Мектеп парламенті яғни, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымына 2023-2024 оқу жылында сайлау жүргізіліп, нәтижесінде 9-10 сынып оқушылары арасынан Өзін-өзі басқару ұйымының парламенті мен мүшелері сайланды. Өзін-өзі басқару ұйымының әрбір мүшесі оқушыларды мектеп ортасында өзін-өзі басқару дағдыларын дамытып, азаматтық айқын көзқарас танытып, адамгершілік қасиетті жоғары ұстауға, оқушылардың рухани мәдениетін көтеруге, құндылықтарды сақтауға мектеп парламентінің әр мүшесі 1-11 сынып оқушыларымен түрлі іс-шаралар ұйымдастырып өткізді.
- Гимназия оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының негізі ретінде президенттік басқару жүйесі қалыптасқан. Балалардың білімге құштарлығын арттыру, өзін-өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуге қалыптастыру. Оқушының дүние танымын, жан-жақты ойлау қабілетін, ой-өрісін дамыту, көп ізденуге, бірін-бірі тыңдап, өз ойын еркін айтуға дағдыландыру.
- Оқушылардың мектепке деген құрмет сезімін ояту, "Өзін-өзі басқару әліппесін" меңгерту, болашақта мемлекет тұтқасын ұстайтын ұрпақты отан сүйгіштікке тәрбиелеу - деген мақсатты негізге ала отырып гимназия 20 қазан 2023 күні өз президентін сайлайды. Құрметті гимназия оқушылары, атаулы шарамызға белсенді ат салысып, өз дауыстарыңызды беріңіздер!
- Біздің кандидаттар:
- ✓Жоракызы Мадина 10"Г" сынып ✓Оразхан Бекасыл 8 "Г" сынып ✓Мұхтар Оразәлі 10 "А"сынып
- ✓Каримова Айару 10"Г" сынып ✓Каримова Айару - 180 дауыс ✓Оразхан Бекасыл - 183 дауыс
- ✓Мұхтар Оразәлі - 202 дауыс жинады ✓Жоракызы Мадина - 80 дауыс
- Гимназия парламентінің Президентін сайлау нәтижесі бойынша:
- Сайлау нәтижесінде 10 "А" сынып оқушысы Мұхтар Оразәлі жеңіске жетті.

Тиімді жағы:

- әрбір мүшесі педагог-ұйымдастырушымен кеңесе отырып, өздігінен шешім қабылдай алуы.
- оқушылардың өзін-өзі басқаруда алуан түрлі әдістерін пайдалануы;
- мектепішілік, қалалық, республикалық іс-шараларға қатысуы.
- ұжымдық, топтық шығармашылық жұмыстарды өз деңгейінде ұйымдастырды.
- мектеп оқушылары арасынан бойында шығармашылық қабілеті жоғары оқушылар мен енжар оқушыларды әр түрлі іс-шараларға тартуы.

Кемшілік жағы:

- қала мектептерінің Өзін-өзі басқару мүшелерімен тәжірибе алмасу жұмысының жүргізілмеуі.
- өзін-өзі басқару мүшелерінің қозғалысы.

Жетілдіру тұстары:

- өзін-өзі басқару мүшелеріне сайланатын оқушыларды жан-жақты саралау;
- спорт және мәдениет бағыттары бойынша жұмыстарды жүйелі жандандыру;
- креативті, ұтымды, жұмыс жоспарын құру;
- жаңа оқу жылында, жаңа құраммен жаңа игі істерді қолға алу.
- «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімін жандандыру.

4.9.<u>Қамқоршылық кеңестің жұмысы:</u>

- Қамқоршылық кеңестің 11 мүшесі мектеп директорының бұйырығымен бекітілді. Жұмыс жоспарына сәйкес мектептің іс-шара мената-аналар жиналыстарына, мектептегі әлеуметтік көмек беру тізімін құруға, «Жас ел» жобасына балаларды қамтуға, қалалық жаңа –жылдық шыршаға әлеуметтік санаттағы отбасы балаларын қамтуға және асхана жұмысының сапасын арттыруға брокеражды комиссия құрамына қатысты.

Тиімді жағы:

- Мектептің оқу-тәрбие процесіне, әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына әлеуметтік көмек беру жұмыстарына қатысу белсенділіктері жақсы. Әлеуметтік отбасы санатын іріктеуге арнайы комиссия құрамы бекітіліп, құжаттар талаптарына сәйкес тізім жасау жұмыстарын жан-жақты қарастыратыны, қалалық жаңа-жылдық шыршасына әлеуметтік санаттағы отбасы балаларын қамтуда мектеп әкімшілігімен бірлесе шешім қабылдауда өзіндік пікір-ұсыныстарын ашық жетізеді. Мектептегі ата-аналар жиналыстарында таныстырады. Қамқоршылық кеңесі мүшелері арасында тұрмысы төмен отбасы балаларына әлеуметтік көмек жағына азық-түліктей т.б. көмек көрсетілді

Кемшілік жағы:

- Қамқоршылық кеңестің мүшелері мектептің оқу-тәрбие жұмысына толықтай қатысауы, соның ішінде 2-3 ата-ана жиі қатыса алмайды;
- Қамқоршылық кеңес тарапынан мектептің дамуына, оқушылардың жетістіктерін марапаттауға қолдау көрсету жағынан белсенділіктері төмен.

Жетілдіру жағы:

- Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамына өзгерістер енгізу;
- Мектептің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатыстыру белсенділіктерін арттыру.

(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы. ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамыз, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі№ 130 бұйрығына 4-қосымша негізінде)

2024-2025 оқу жылына жүзеге асыратын ұсыныстар:

№	Ұсыныстар
1.	"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы Қазақстан Республикасы 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысынегізінде: (2-бағыт. Орта білім 3-міндет.) *1.* Балаларды қосымша білім берумен қамтуды жетілдіру (білім беру, спорттық, шығармашылық); сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастыру 2. Мектепті жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасын қамтамасыз ету: *- оқушылардың зияткерлік, танымдық, шығармашылық бағытта тәрбиелеу ортасын құру: өзін-өзі басқару ұйымыныңжобалар арқылы жүзеге асыру;* *- оқушылар мен мұғалімдер арасында буллингке қарсы құқықтық сауаттылықты орнату: мұғалімдер мен оқушыларарасында ашық сұхбат, клуб жұмысын ұйымдастыру.* *- мектепішілік есептегі оқушыларды тәрбие жұмыстарына қамту: үйірме, жобалар, іс-шараларға*
2.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 3-қосымша. Қазақстан РеспубликасыБілім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтар №18 бұйрығынегізінде - *Сынып жетекшілердің жалпы ережесіне сәйкес сыныптың тәрбие жұмысын тиімді үйлестіру.* - *Сыныптағы зерттеу тәжірибе дағдысын қалыптастыру.*
3.	Мектептің жылдық тәрбие жоспарына, сынып жетекшінің сынып сағатына енгізу: - ***«Тоғыз айға 9 іс-шара»*** *тұжырымдамасын іске асыру, 1-11 сыныптар;* - ***«Төрт тоқсан- төрт өнер»*** *ұлттық мәдени- ағартушылық жобаның тұжырымдамасын орындау, 1-11 сыныптар, қазақ тіл мен әдебиеті, тарих, эстетикалық, дене тәрбиесі мұғалімдері*
4.	**Оқу жылы бойына «Оқуға құштар мектеп» жобасын сыныптың тәрбие сағатында, сыныптан тыс уақытта :** *1-тоқсан :* кітап оқу *2- тоқсан:* кітап оқу ,оқыған кітаптарды - ***талдау, бөлісу*** *3- тоқсан:* кітап оқу , оқыған кітаптарынан - ***эссе жазу*** , *4- тоқсан:* кітап оқу, көп кітап оқыған оқушылар арасынан - ***«Үздік оқырман-2025»*** қорытындысын шығару.*(мамыр)*
5.	- Ата-аналармен жүргізілетін тәрбие жұмыстары: *«Ата-аналар институты» жылдық жоспарын құру, жүзеге асыру.* - Қамқоршылық кеңесі жұмысын жетілдіру: ҚК мүшелерін жаңарту, тәрбие жұмыстарын белсенді ұйымдастыру.
6.	Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының 2023ж. 19 сәуір №2 хаттамасы негізінде Сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастыру әдістемелік ұсынымды жүзеге асыру. - *Спорттық ойын түрлерінен баскетбол, волейбол, шахмат ойындарына оқушыларды аудан, қала сайыстарына қатыстыру.*

5. Әлеуметтік-педагог жұмысы

2023-2024 оқу жылы бірінші жарты жылдығында әлеуметтік-педагогикалық жұмыс мақсаты қойған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды: қоғамда балалар мен ересектердің профилактикалық, әлеуметтік маңызды қызметін ұйымдастыру, балаларды әлеуметтік қорғау мен қолдауды жүзеге асыру және міндеттері:

1. Оқушылардың қоғамға бейімделуіне ықпал ету.

2.Баланың жақын ортасы саласында туындайтын проблемаларды уақтылы анықтау.

3. Балалар мен ата-аналарғаәртүрлісипаттағымәселелердішешугекөмектесу.

4.Мектеп медиациясының(татуласу қызметі) көмегімен жанжал жағдайына қатысушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алуға және әлеуметтік оңалтуға жәрдемдесу.

5.Тәрбиеленушілер арасында девиантты мінез-құлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмысты жетілдіру.

6.Оқушыларға көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың, әлеуметтік қызмет мамандарының, әкімшілі коргандар өкілдерінің өзара іс-қимылын үйлестіру.

Көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып, перспективалық жұмыс жоспары жасалды. Біз өз қызметімізде заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, Бала құқықтары туралы конвенцияны басшылыққа алдық.

Міндеттерді іске асыру үшін мұғалімдермен, ата-аналармен, әлеуметтік қызмет мамандарымен, кәмелетке толмағандар Отдел жөніндегі бөліммен өзараіс-қимыл жасаймыз.

Жылдың басында біз сыныптардың әлеуметтік төл құжаттарын жинаймыз және талдаймыз әр түрлі санаттағы балаларды анықтау үшін отбасылар.

"Тәуекел тобындағы" балалармен, қамқоршылармен, мүмкіндігі шектеулі балармен, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы балалар мен жұмыстың басым бағыттарын анықтаймыз.

- оқушылардың әлеуметтік мәселелерін зерттеймін;

-өмірлік қиын жағдайға тап болған балалармен, ЮПБ-да есепте тұрған балалармен есепке алу және профилактикалық жұмыс жүргіземіз;

-тәуекел тобындағы отбасылардан шыққан балаларды әлеуметтік қорғауды жүзеге асырамыз: көпбалалы, қамқоршы; аз қамтылған.

Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

5.1. 2023-2024 оқу жылына арналған әлеуметтік паспорты

Сынып-жиынтықтар саны: 70

1-4 сыныптар – 868

5-9 сыныптар – 772

10-11 сыныптар – 157

Мектептің әлеуметтік паспорты

№	Әлеуметтік санаттар	саны
	Барлық оқушылар/Всего учащихся	1797

	Отбасы түрі бойынша:	**1797**
1.	Толық отбасылар/Полные семьи	1584
2.	Толық емес отбасылар /Неполные семьи	212
	Анасының тәрбиесінде/с отчимом	0
	Әкесінің тәрбиесінде	2
	Тәтесінің (ағасының) тәрбиесінде	0
	Атасының тәрбиесінде	0
	Әжесінің тәрбиесінде	0
	Оның ішінде өгей әкесінің тәрбиесінде	0
	Оның ішінде өгей шешесінің тәрбиесінде	0
3.	Анасы жоқ балалар	2
4.	Әкесі жоқ балалар	21
5.	Көп балалы отбасы	686
6.	Аз камтамасыз етілген отбасы	122
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	24
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0
10.	Баска мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0
12.	Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар	0
	Ата-аналарының білімі:	
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	1261
2.	Техникалық және кәсіптік	458
3.	Орта	787

5.2. «Мектепке жол акциясы»

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізілуде. Акция еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтеді.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында

- Атаулы әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар отбасынан шыққан балалар;
- Жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен;

- Отбасыда тұратын жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- Төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан отбасы балаларына нақты көмек көрсету болып табылады.

Оқу жылын ұйымдастыруда көмекке мұқтаж балаларды барынша қамту мақсатында және тұрақты негізде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы бойынша жалпыға бірдей білім беру қорынан қаржы бөлініп, **97 оқушыға 41 мың теңге** көлемінде қаржы үлестірілді. Оның ішінде:

- ✓ АӘК (атаулы әлеуметтік көмекті) алушы отбасынан 54 оқушы
- ✓ Күнкөріс деңгейі төмен отбасынан 33 оқушы
- ✓ Өзге санаттар бойынша 10 оқушы көмек алды

Демеуші есебінен Нұра ауданы әкімінің орынбасары Абсеметова Алия Маратқызы келіп, **20 оқушыға кеңсе тауарларымен жабдықталған сөмкелер** беріп көмек көрсетті.

Сонымен **қатар «Еуразиялық банк» АҚ** оқушыларға арналған **2 оқушыға** арналған мектеп сөмкесі мен қажетті құрал-жабдықтарды беріп көмек көрсетті.

	Саны
	✓ АӘК (атаулы әлеуметтік көмекті) алушы отбасынан 54 оқушы ✓ Күнкөріс деңгейі төмен отбасынан 33 оқушы ✓ Өзге санаттар бойынша 10 оқушы
	✓ Көпбалалы және аз қамтылған отбасынан шыққан 20 оқушы
	✓ Күнкөріс деңгейі төмен отбасынан 2 оқушы
	✓ Күнкөріс деңгейі төмен 3 отбасы
	✓ Аз қамтылған 16 отбасы

Соңғы жылдары Қазақстанда ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балалар санының өсуі байқалады.Жыл сайын олардың саны өсуде, және де бұл балалардың аз бөлігі ата-аналарының қайтыс болуына байланысты олардың қамқорлығынсыз қалғандар. Қалғандары «әлеуметтік жетімдер» дейтін құбылысқа жатады, яғни ата-аналары тірі жетімдер.

- Отбасыда тұратын жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- Төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан отбасы балаларына нақты көмек көрсету болып табылады.

Оқу жылын ұйымдастыруда көмекке мұқтаж балаларды барынша қамту мақсатында және тұрақты негізде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы бойынша жалпыға бірдей білім беру қорынан қаржы бөлініп, **97 оқушыға 41 мың теңге** көлемінде қаржы үлестірілді. Оның ішінде:

- ✓ АӘК (атаулы әлеуметтік көмекті) алушы отбасынан 54 оқушы
- ✓ Күнкөріс деңгейі төмен отбасынан 33 оқушы
- ✓ Өзге санаттар бойынша 10 оқушы көмек алды

Демеуші есебінен Нұра ауданы әкімінің орынбасары Абсеметова Алия Мараткызы келіп, **20 оқушыға кеңсе тауарларымен жабдықталған сөмкелер** беріп көмек көрсетті.

Сонымен **қатар «Еуразиялық банк» АҚ** оқушыларға арналған **2 оқушыға** арналған мектеп сөмкесі мен қажетті құрал-жабдықтарды беріп көмек көрсетті.

Көмек түрлері	Саны
«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы бойынша жалпыға бірдей білім беру қорынан көмек *(97 оқушыға 41 мың теңге көлемінде қаржы үлестірілді)*	✓ АӘК (атаулы әлеуметтік көмекті) алушы отбасынан 54 оқушы ✓ Күнкөріс деңгейі төмен отбасынан 33 оқушы ✓ Өзге санаттар бойынша 10 оқушы
Нұра ауданы әкімдігі *(кеңсе тауарларымен жабдықталған сөмкелер)*	✓ Көпбалалы және аз қамтылған отбасынан шыққан 20 оқушы
«Еуразиялық банк» АҚ *(кеңсе тауарларымен жабдықталған сөмкелер)*	✓ Күнкөріс деңгейі төмен отбасынан 2 оқушы
Демеуші тарапынан *(азық-түлік және тұрмыстық заттармен көмек көрсетілді)*	✓ Күнкөріс деңгейі төмен 3 отбасы
«Жақсылық жасауға асығайық» атты қайырымдылық акциясы	✓ Аз қамтылған 16 отбасы

Соңғы жылдары Қазақстанда ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балалар санының өсуі байқалады.Жыл сайын олардың саны өсуде, және де бұл балалардың аз бөлігі ата-аналарының қайтыс болуына байланысты олардың қамқорлығынсыз қалғандар. Қалғандары «әлеуметтік жетімдер» дейтін құбылысқа жатады, яғни ата-аналары тірі жетімдер.

Осы санатқа жататын мектебімізде 1 оқушы бар. Атап айтар болсақ

№	Баланың аты-жөні	Сыныбы	Туған жылы	Отбасылық жағдайы	Қамқоршысы
1	Суттимбетова Көркем	8 «Б»	01.03.2009	жақсы	Ташаева Қарлығаш Сапаргалиевна

Бұл оқушы бақылауда, үйлеріне тоқсан сайын рейд жүргізіліп отырады. Оқушының тоқсан бойынша сабақ үлгерімі бір қалыпты. Оқушының психологиялық жағдайлары жақсы. Отбасындағы қарым-қатынастары бір қалыпты. Мінезі ашық, сабақ үлгерімі жақсы. Оқушының үйін аралау барысында нақтылағаны, барлығында жеке жатын бөлме, жеке кереует, сабақ оқуға қолайлы жұмыс үстелі бар.

Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Сабаққа қатысуы	Сабақ үлгерімі	Статусы
1.	Бейсенбай Нұрерке	7 «Ә»	100 %	қанағаттанарлық	АӘК
2.	Бейсенбай Бекбол	6 «Б»	100 %	қанағаттанарлық	АӘК
3.	Бейсенбай Бектас	5 «Б»	100 %	қанағаттанарлық	АӘК
4.	Жарлығасын Мұхтар	7 «А»	100 %	орташа	Көпбалалы (8 бала)
5.	Жарылғасын Бекарыс	5 «Г»	100 %	орташа	Көпбалалы (8 бала)
6.	Жарылғасын Айда	8 «Б»	100 %	орташа	Көпбалалы (8 бала)
7.	Қағазбек Мадина	6 «Г»	100 %	орташа	АӘК
8.	Қағазбек Ернұр	7 «Г»	100 %	қанағаттанарлық	АӘК
9.	Хабдынасыр Ерәли	7 «А»	100 %	қанағаттанарлық	КДТО

5.3. 1-4 сынып оқушыларының тамақтануы

Мектеп жағдайында азық-түлік өнімдерінің сақталуы мен олардың қалыпты температурада сақтау жарамдылығы белгіленген талаптарға сай. Күнделікті әзірленген тамақтың сапасын, құрамы мен массасын анықтау мақсатында бракераждық құрам тексерді. Соның ішінде тағамның түсі, иісі, дәмі, консистенциялық құрамы, қаттылығы мен мерзім балғындылығы мен тамақтың температурасы бақыланды.Бракераждық комиссия тамақтың оқушыларға таратылуына дейін сапасы мен оқушыға ұсынылуынан бастап бақылады. Меню толық орындалған, тамақтың әзірлену сапасы жоғары. Кулинариялық өнімдердің сапасы және балаларға ұсынылатын өнім талапқа сай. Тағамдар жаңадан әзірленіп, өз балғындылығына сай келеді.

Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізу

Әлеуметтік-педагогикалық қолдау оқушыларды қарым-қатынас жасауға, оқу процесінде еркін ұстауға, жалпы белсенді әлеуметтенуге ықпал етеді.Оқушыны әлеуметтік қолдау бірнеше мамандардың көмегімен жүзеге асады. Атап айтсақ, психолог, логопед, арнайы педагог,

әлеуметтік педагог. Олар отбасымен бірігіп жұмыс жасайды. Ата-аналармен кездесу ұйымдастырып, олармен кеңеседі. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау арқылы отбасы мен мектеп арасында сабақтастық процесі жүзеге асады. Ерекше білім қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен бірнеше жұмыстар жүзеге асыруға болады. Әлеуметтік педагогтың ата-аналармен және оқушылармен жұмыс жасау барысында кеңес берудің пайдасы зор. Кеңес беру арқылы әлеуметтік педагог ата-анаға және оқушыға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетеді. Кеңес беру әртүрлі педагогикалық және психологиялық тақырыптардың аясында жүргізілді. Ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты мынандай тақырыптар ұсынылды: «Отбасындағы бала тәрбиесінің мәні», «Тәрбиенің заманауи сипаты», «Баланың психологиялық портреті», «Әлеуметтік желі және бала тәрбиесі», «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» т.б. Осы тақырыптардың аясында әлеуметтік педагог ата-аналарға және оқушыға кеңес берді. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау негізінде оқушының білім беру ортасына психологиялық комфорттық жағдай жасау. Сыныптағы барлық оқушыға бірдей қабылдау. Олардың физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, этникалық, діни ерекшеліктеріне қарамай, қолдау көрсету. Ерекше білім қажеттілігі бар балалардың даму аймағына сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеу. Ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың әлеуметтенуіне әсер ете отырып, сабақтан тыс тәрбие шараларына қосу, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.



5.4. Мектеп оқушыларын сапалы тамақпен қамтамасыз ету және бракеражды комиссия жұмысы

Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын, Астана қаласының білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы бұйрығын басшылыққа ала отырып, мектепішілік бұйрық шығарылды. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 896 оқушыны құрап отыр. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 868, 5-10 сынып оқушыларының саны 33 құрайды.

Бракеражды комиссия құрылып, ай сайын екі рет келіп тексеру жұмыстары жүргізеді. Қыркүйек айында келіп асханаға мониторинг жүргізді.

Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері , антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 4 уақытқа ұйымдастырылды.

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы,құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп медбикесі бақылап тексеріп отырады. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагог пен мектеп медбикесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы,тазалығы) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі.Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы бар.






Асхана жұмысын бағалау бойынша алынған сауалнама нәтижесі

2023 жылдың наурыз айында 1-4 сынып және 5-11 сынып оқушыларына тамақтану бойынша сауалнама алынды. Оқушылардан алынған сауалнама төмендегідей сұрақтарды қамтыды.

1. Сіздің балаңыз мектепке барар алдында таңғы асын ішеді ме?

440 ответов

Копировать



2. Мектеп асханасының мәзірі сізді қызықтырды ма?

440 ответов


Копировать



3. Сіздің балаңыз мектептегі әртүрлі тағамдарды ұнатады ма?

Копировать


440 ответов



4. Сіздің балаңыз мектептегі ыстық тағғы асты ішеді ме?

Копировать


440 ответов



5. Сіздің балаңыз мектеп асханасындағы өнімдерін пайдаланады ма?

440 ответов


Копировать



6. Мектеп асханасының мәзіріне көңіліңіз толады ма?

440 ответов

Копировать



5.5. 5-сынып оқушыларының бейімделуі

Бастауыш сыныптан орта мектепке өтуі – оқушылардың мектеп өміріндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, ал 5-сынып оқушысының бейімделуі – бала өміріндегі әлеуметтік, психологиялық, физиологиялық жағынан да қиын әрі жауапкершілігі мол кезең.

5-сынып оқушыларының негізгі мектепке бейімделуінің алғышарттарының бірі – оқушының өзінің оқу қызметіне басшылық жасау, оқудың мәні мен мазмұнын түсіне біліп, мақсатты түрде оқуға өзін жұмылдырып, өз бетімен жұмыс істеуге дағдылануы қажет. Бұл кезде оқытудың аса маңызды мақсаттарының бірі – оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттерін өз бетінше жүргізу.

Жоспарға сәйкес сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайы, мәртебесі бойынша мәліметтер алынып мектептің әлеуметтік төл құжаты жасалды. 5-сыныптар арасында нақтылап өтсем жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушы жоқ.

Көпбалалы отбасы саны-42

Толық емес отбасы саны- 15

Азқамтылған отбасы саны-10

Мүгедектігі бар бала саны - 0

Үйден оқитын бала саны-0

Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылар оқулықтармен толық қамтылды.


Көпбалалы және аз қамтылған оқушылардың ішінен көмекке мұқтаж деген оқушыларға ата-аналарының өтініші бойынша 11 оқушыға қаржылай және материалдық көмек көрсетілді. Оның ішінде 8 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.


Ұсыныс: Сынып жетекшілер көпбалалы және аз қамтылған оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыста болу. Осы топтан шыққан оқушылардың сабаққа қатысуы мен сабақ үлгеріміне байланысты үздіксіз бақылауда ұстау.

«Баланы тәрбиелеу мен әлеуметтендірудегі отбасы мен мектеп міндеттерінің ерекшеліктері»


Сыныптан тыс іс-шара 7 «А»,«Г» сыныптарына өткізілді. Жалпы 22 оқушы қатысты. Бала бойындағы адамгершілік қасиеттердің пайда болуы ата-ана, ұстаз, жақсы құрбысынан екені сөзсіз. Сондықтан «Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер. Жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек» деп алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев айтқан – бала тәрбиесі барлығымыздың бірлескен жұмысымыздың нәтижесі. Бұлардың барлығы қоғамға тәуелді.Оқушының жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ететін негізгі күш-орта. Жеке тұлғаның қалыптасуына сыртқы жағдайлар: табиғаттың ықпалы, әлеуметтік орта, мектеп және жанұя үлкен ықпал етеді.

Жеке тұлғаны дамытуда әлеуметтендіру мәселесіне аса назар аударуымыз керек. «Әлеуметтендіру дегеніміз-дейді О. Нұскабаев-жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, жеткіншек жас ұрпаққа оқыту мен тәрбиелеу үрдісін белгілі бір тәртіпке келтіріп, жинақталған қажетті ғылыми-білімдерді, дағды-іскерліктерді және біліктілікті, рухани байлықтарды, мүдделер мен құндылықтарды, дүниетанымдық тағылымдар мен салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен жөн-жоралғыларды, адамгершілік пен мінез-құлық нормаларын белсенді түрде меңгерту арқылы оларды біртіндеп өздері өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрлысына сәйкес әлеуметтік рольдер жүйесіне қосу». Жеке тұлғаның дамуы оның әрекетінен және басқа адамдармен ой алмасу, соңдай-ақ сана-сезімінің пісіп жетілу үрдістерінде өтеді. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру мектепте атқаратын іс-шараларда негізгі орын алады. Яғни, оқушының өмірге деген көзқарасын, адамзат мәдениетін меңгерту, қоғамдағы орнын еркін табуы, ұлтаралық мәдени қатынастарды меңгерту мектептің оқу-тәрбие жұмысынын негізі болып табылады. Сондықтан біздің алдымыздағы негізгі міндет-білімді, тәрбиелі мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Жаһандану жағдайында мәдени этникалық білім мен тәрбие берудің негізгі міндеттері ретінде мыналарды ұсынады және үнемі басшылыққа алынады: жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу. Тұлғаның өзінің төл мәдениеттен сусындауы және өзге мәдениеттерді ұғынуы үшін жағдай жасау. Мәдениеттер алмастығына, бірін-бірі байытуына бағдар ұстау. Көп тілді тұлғаны қалыптастыру. Өзінің ана тілінде және мемлекеттік тілінде еркін ұғынысуға қабілетті азаматтарды даярлау. Сол арқылы өзінің этникалық тобына қатысты “бірдей адалдық,” үлгісін көрсету. Өмірде үш, төрт, одан да көп тілдерді шебер меңгертуге мүмкіндік бар екеніне көз жеткізу.




COWORKING




COWORKING

Жаңа жылдық мереке 2024 жыл

Биыл Жаңа жылға арналған ертеңгіліктер, Нұра ауданы әкімінің шыршасымен бастау алды. Бұл ертеңгілікке азкамтылған отбасынан шыққан 30 оқушы барып қатысып келді. Бұл ертеңгілік 21 желтоқсан күні Жастар сарайында өткізілді. Балалар шырша жанындағы мерекелік іс-шараның және «Ертегі әлеміне саяхат» атты қойылымның куәгері болды. Балаларға тәтті қоржын таратылды.



24 желтоқсан күні Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайында **Президент шыршасына** Қамқоршылық кеңесінің шешімімен бір оқушы қатысып келді. Бұл бір оқушы берілген ережеге сәйкес дарынды және көпбалалы отбасынан шыққан ретінде ұсынылды. 8 «А» сынып оқушысы Мықтыбек Гүлім дарынды және көпбалалы отбасынан шыққан оқушы шыршаға барып келді. Осы оқушымызға сыйлық ретінде, рюкзак, кітап, тәтті қоржын, жұмсақ ойыншық және 100 мың теңгелік киім дүккеніне сертификат берілді.





25 желтоқсан күні Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайында Қамқоршылық кеңесінің шешімімен бір оқушы қатысып келді. **Қала әкімінің шыршасына** денсаулығына байланысты мүгедектік анықтамасы бар 4 «А» сынып оқушысы Алтынбекова Гүлдана ұсынылды. Осы балаға сыйлық ретінде, рюкзак, кітап, тәтті қоржын, жұмсақ ойыншық және 50 мың теңгелік киім дүкеніне сертификат берілді.



5.6. Аз қамтылған отбасыларға демеуші тарапынан көмек

Күн кәрісі темен отбасыларына демеуші тарапынан азық түлік беріліп көмек көрсетілді.

1 отбасы: Зульфикарова Алима 8 баласы бар, мектепте 4 баласы оқиды

2 отбасы: Досжанова Толқын 4 баласы бар. 2 баласы мектепте оқиды

3 отбасы: Альрбаева Гүлжан 2 баласы бар жалғызбасты ана



5.6.Аз қамтылған отбасыларға демеуші тарапынан көмек

Күн көрісі төмен отбасыларына демеуші тарапынан азық түлік беріліп көмек көрсетілді.

1 отбасы: Зульфикарова Алима 8 баласы бар, мектепте 4 баласы оқиды

2 отбасы: Доскенова Толқын 4 баласы бар, 2 баласы мектепте оқиды

3 отбасы: Адырбаева Гүлжан 2 баласы бар жалғызбасты ана









Анықтама

Үшінші тоқсанның қортындысы бойынша бақылауға алынған 5 «Г», 6 «Г»,7 «В» сыныптарының әлеуметтік жағдайларын бақылау. Осы үш сыныптың әлеуметтік жағдайларын зерделей келе жеке тоқталатын болсақ: 5 «Г»- сыныбында 27 оқушының ішінде, көпбалалы отбасынан шыққан 14 оқушы бар, толық емес отбасынан 3 оқушы бар. Күнкөріс деңгейі төмен отбасынан шыққан Қуанышбай Айару. Бұл

отбасына әлеуметтік көмектер көрсетіліп, тұрмыстық акт жбу толтырылған. 6 «Г»- сыныбында 28 оқушының ішінде, көпбалалы отбасынан шыққан 8 оқушы, толық емес отбасынан 3 оқушы бар. Күнкөріс деңгейі төмен отбасынан шыққан Қағазбек Мадина. Бұл отбасына әлеуметтік көмектер көрсетіліп, тұрмыстық акт жбу толтырылған. 7 «В»- сыныбында 26 оқушының ішінде, көпбалалы отбасынан шыққан 15 оқушы, толық емес отбасынан 5 оқушы бар. Осы аталған оқушылар толықтай кітаппен қамтылған, тұрмыстық жағдайлары қанағаттанарлық. Балаларға жатын орны, сабақ оқитын бұрышы бар. Сабақтан қатысулары да қалыпты.

5-7 сынып оқушыларымен «Отбасылық қарым - қатынас»тақырыбындағы эссе анықтамасы


Эссе алынған мерзімі: 30.01.2024 Зерттеу мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтауға,отбасында бір-біріне деген сый-құрметті дамытуға ықпал ету. «Қарым-қатынас мәдениеті» ұғымының мәнін ашу. Балаларда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы отбасының мүмкіндіктерін айқындау. Ата — ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір — біріне деген сезімді нығайту. Ата-ана отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері екенін ескеріп,мектеп , ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге , салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

Эссе нәтижесінде: Оқушылар ашық ойларын жазғандар да бар. Кейбір оқушылар өз ойын толық жеткізе алмаған.



«Өмір құндылығы» 5-11 сыныптар тренинг

"Өмір құндылығы" атты тренинг элементтері бар жаттығулар ұйымдастырды. Мақсаты: балалардың ойын ашу, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру. Тренинг барысында адам үшін өмірдің құндылығын, оның қымбат екендігі жөнінде мағлұматтар беріліп "Сөйлемді жалғастыр...", "Менің өмірлік мақсатым", "Жүрек тыныштығы" жаттығуларын қызығушылықпен орындап, белсенді түрде қатысты. Оқушылар тренингте қойылған сұрақтарға жауап беріп, өмірдің барлық сәтсіздіктері бақытсыздық емес екендігін ұғынуға мүмкіндік ала алды.



«Мен тұлғамын» дөңгелек үстел

Тақырыбы: Баланың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін отбасыныңатқаратын ролі Мақсаты: Отбасының бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру,балаға көңіл бөлдіру.Мектеп ,ата-ана арасындағы ынтымақтастықты арттыру. Білімді де бәсекеге қабілетті ұрпақты ата-ана мен мектеп болып бірлесіп тәрбиелеу.Көрнекілігі: отбасы туралы нақыл сөздер, суреттер, шарлар

Жүру барысы: Құрметті оқушылар! Бүгінгі «Баланың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін отбасының атқаратын ролі »тақырыбындағы дөңгелек үстелімізге қош келіпсіздер! Түрлі сауалдарға жауап іздеп,бірлесіп шешіп көрсек. Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешеге қарап өседі, бойын түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана. Бүгінгі дөңгелек үстелімізге қатысқандарыңыз үшін рахмет айтамын.





Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепішілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру

Ақмола облысы бойынша Лагерьге баратын балалар тізімі

№	Мектеп	Оқушының аты-жөні	Туған жылы	Ата-ана мәліметі	Ұялы телефон	Әлеуметтік мәртебесі	Лагерь атауы
1.	90 гимназия	Молдағали Жания	19.08.2012	Иманбердиева Г	87058068140	Көпбалалы (7 бала)	
2.	90 гимназия	Жумагулов Ислам	06.08.2012	Жумагулова Е.М	8775961315 8	АӘК алушы (7 бала)	
3.	90 гимназия	Аусагит Жанайым	22.12.2010	Жолаева Ж.А	87056546168	Аз қамтылған (Мүгедектік анықтама)	
4.	90 гимназия	Оразбек Елдана	14.03.2013	Карибаева М.С	87712449539	АӘК алушы (7 бала)	

Республикалық көлемде Лагерьге баратын балалар тізімі (Балдаурен)

№	Мектеп	Оқушының аты-жөні	Туған жылы	Ата-ана мәліметі	Ұялы телефон	Әлеуметтік мәртебесі	Лагерь атауы
1	90 гимназия	Қуанышбай Назерке	09.03.2009	Турсынбаева Д.Г 810720450581	87011207991	АӘК алушы (11 бала)	Балдаурен-Щучинск (12.08-26.08)

2	90 гимназия	Рысбек Алихан	30.05.2012	Шинетова О.П 87025713372	87025713372	Аз қамтылған (Толық емес отбасы)	Балдаурен-Балқаш (12.08-26.08)
3	90 гимназия	Бейсенбай Бекбол	02.08.2012	Зульфикарова А.Т 890629402521	87015289892	АӘК алушы (8 бала)	Балдаурен-Қонаев (04.09-24.09)
4	90 гимназия	Ермұрат Мейірхан	09.06.2012	Жанзахова К.Т 841006402141	87779540231	АӘК алушы (7 бала)	Балдаурен-Балқаш (12.08-26.08)

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес қамқорлықтағы балалар, атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға қала сыртындағы лагерге жіберуіне орын берілгендігі туралы айтылды. Қазіргі таңда құжатар жиналып , тізім құрылуда.

«Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясы бойынша соңғы үш жылдық салыстырмалы талдау

Оқу жылы	Оқушы саны	Мектепке жол акциясы бойынша	Көрсетілген көмек
2021-2022	1107	200 бала канц.товары, мектеп формасы ,аяқ киімдер	0 бала канц.товары куртка, аяқ киімдер,
2022-2024	1504	158 оқушы қаржылай көмек алды (40 мың теңге)	10 оқушы канц. товар толтырылған сөмке
2023-2024	1779	93 оқушы қаржылай көмек алды (41 мың теңге)	22 оқушы канц. товар толтырылған сөмке

Соңғы үш жыл бойынша тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар туралы салыстырмалы талдау

Оқу жылы	Оқушылар саны	тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылар саны
2021-2022	585	94

2022-2023	756	81
2023-2024	935	37

2023-2024 оқу жылында жұмыстың нәтижелі болу мақсатында төмендегідей ұсыныстар жасаймын: 1-11 сыныптар бойынша оқушылардың толықтай әлеуметтік жағдайы зерттеліп тұрмысы төмен отбасыларға көмек алуға қажетті құжаттар тізімі уақытында тапсырылсын, ата-ананың өтініші бойынша жалпыға бірдей білім қорынан көмек көрсетілсін, осы категориядағы оқушылар тізімі жасалынып,бақылауға алынсын. 2023-2024 оқу жылында осы ұсыныстар есепке алынып,оқу жылының басында көпбалалы, жетім, тұрмысы төмен отбасылардың балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету керектігі назарға алынсын. Оқушылардың ата- аналарымен тығыз байланыста жұмыс жасап, мектепішілік жұмыстарға керектігі есепке алынсын.

6. 2023-2024 оқу жылындағы психологиялық қызмет

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім алушылар мен тәрбиеленушілерді (18 жасқа дейінгі кезеңде) балалардың оқу-дамыту процесінде де, педагогтердің кәсіби педагогикалық қызметінде де жүйелі ұйымдастырылған кешенді және келісілген іс-әрекетте табысты оқыту, дамыту, бейімдеу және әлеуметтендіру үшін психологиялық-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету.


Психологиялық қызметтің міндеттері:


1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;

6.1. Психологиялық қолдау

2023-2024 оқу жылындағы педагог-психолог қызметінің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, психологиялық қызметтің құрамы бекітіліп бұйрық шығарылды. Мектеп мәселелері бойынша әкімшілікпен бірге жұмыс жасалды. Психологиялық көмек QR-кодты сканерленіз, психологиялық-консультациялық көмек көрсету кабинеті мен ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы кабинеті ұйымдастырылып, оқушылармен ата-аналарға сенім логотипі жазылған жаднамалар таратылып, бақылау жұмыстар жүргізілді.









Мектепке жаңадан келген оқушылар бақылауға алынып, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне кеңестер беріліп, жеке әңгімелесу жүргізілді. Мектеп психологтарының оқушылармен диганостикалық, түзету дамыту жұмыстарын жүргізу және алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін 1-11 сынып ата-аналармен психолог арасындағы келісім-шарт жасалды.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек-қазан айларында 1, 10 сынып оқушыларымен мектептің психологиялық қолдау өз жұмысын жоспар бойынша іске асырды. 1-ші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі мен дайындығын анықтау барысында төмендегідей жұмыстар жасалды:

- Психоәлеуметтік кемелділік дәрежесі (ой-өрісі) С.А.Банков ұсынған сұхбат;
- Мектептік кемелденудің Керн-Йирасиктың бағдарлы тестісі;
- Жазу әріптерден фразаларды көшіру;
- Нүктелерді көшіру

10-сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар:

- Агрессивтілікті диагностикалауға арналған Басс-Дарки әдістемесі;
- Тренинг
- Сыныптағы психологиялық ахуал

№	сыныбы	Бала саны	Жалпы дайындық деңгейі		
			жоғары	орта	төмен
1	1а	26	34.6%	61.5%	3.8%
2	1ә	25	16.6%	70%	4.1%
3	1б	26	57.6%	42.3%	0%
4	1в	26	34.6%	61.5%	3.8%
5	1г	25	31.8%	63.6%	4.5%
6	1ғ	26	57.6%	42.3%	0%
7	1д	24	57.6%	42.3%	0%
8	1е	25	33.3%	58.3%	4.1%
9	1ж	22	41.6%	50%	4.1%
	барлығы	225			

Жалпы мектепке дайындық деңгейі жоғары- 35.9%, орташа-57.6% , төмен-3.4% деңгейді көрсеті. Төмен деңгейді көрсеткен оқушылар:

Жалпы 1-ші сынып бойынша ерекше оқытуды қажет ететін оқушылар:

- 1 «ә» сыныбында Раухат Азиза Дауренқызы (G80.4 атаксический церебралтный паралич) педагог-асистент тағайындалған.

- 1 сынып оқушыларын ортаға бейімдеу бойынша «Мен және менің достарым қандай?» атты тренинг ойын жаттығулары жүргізілді.





Мектеп бойынша 2023-2024 оқу жылында 10-ші сыныптан 5 сынып ашылды. Барлық бала саны

№	Сыныбы	Бала саны	Агрессивтілікті диагностикалауға арналған Басс-Дарки әдістемесі					
			Агрессия индексі			Дұшпандық индексі		
			әлсіз	бірқалыпты	айқын	әлсіз	бірқалыпты	айқын
1	10а	18	1	7	10	2	15	1
2	10ә	22/1	1	9	12	3	14	15
3	10б	19/3	2	10	7	6	8	5
4	10в	15	0	9	5	3	10	2
5	10г	19/1	2	8	9	4	14	1
	Жалпы	93/5	6	42	43	18	61	14

Жалпы 10-ші сынып бойынша ерекше оқытуды қажет ететін бір оқушы бар. 10 сынып оқушыларымен тренинг жүргізу барысында байқалғаны 80% сыныптағы психологиялық ахуалына қанағаттанады, ал 20% психологиялық климат балаларды қанағаттандырмайды.

5-11 сынып оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Егер де сен қандай да бір қиын жағдайға душар болсаң» атты жас жеткіншекке слаид презинттация арқылы таныстырылып, жадынама таратылды. Әрқашанда шешілетін жолдар бар екендігі жайлы айтылып, тек қана соны таба білу керектігі жайлы ұсыныстар берілді, ұсынып отырған кеңестерімізді пайдаланылса, қиын жағдайдан, өздеріне үлкен шығын келтірмей, шыға алуы жайлы ескертілді.





2 сынып оқушылар арасында, дарынды оқушыларды анықтау мақсатында, логикалық ойлау деңгейінің дәрежесі мен интеллектуалдық деңгейін диагностикалауда «Равеннің прогрессивті матрицасы» атты тест алынды. 2 сынып оқушыларының ойлауын диагностикалау барысында: «Равен матрица» тестінің қорытындысы интелектуалды мүмкіндіктерін диагностикалау барысында есептеу қабілеті мен арифметикалық амалдарды орындауы, вербальды икемділік, яғни сөз арқылы ақыл-ой деңгейін көрсетуі, вербальды қабылдауы мен кеңістіктегі ориентация, яғни кеңістіктегі нәрселерді формалды қабылдап, түсіндіре алуы, есте сақтау қабілеті, мен ой қорытындыларын жасауға икемділігі, түрлі заттар мен суреттер арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды жылдамдықпен қабылдауы анықталды.


Нәтижелерді өңдеуде, дұрыс жауаптарды санаудан тұрады. Вербалды емес интеллекттің даму деңгейі дұрыс жауаптар санымен анықталды. Интеллектуалдық даму деңгейін келесі кесте арқылы бағалауға болады:

Дұрыс жауаптар саны IQ коэффициенті IQ деңгейіндегі маниторингісі



Дұрыс жауаптар саны IQ коэффициенті IQ деңгейі	Дұрыс жауаптар саны IQ коэффициенті IQ деңгейі	Деңгейдегі пайыз	IQ деңгейіндегі маниторинг
26-29	Өте биік	97%	1
21-25	Жоғары	78%	6
16-20	Көпшілік деңгейі	50%	18
10-15	Қысқартылған	18%	26
10 төмен	Өте төмен	7%	50

Бастауыш 4 «ә» сынып оқушыларының ойлауы «Равен» матрица маниторнигісі



Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың құжаттары реттеліп, психологиялық тұрғыдан, ұсыныстар мен кеңестер берілді.Ерекше назардағы қиын оқушылар туралы жалпы мәліметтер жинақталып, әлеуметтік жағдайларымен танысып, сынып жетекшілерімен жеке әңгімелесу жүргізіліп жеке кеңестер берілді. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың тұрмыстық жағдайын бақылап, әлеуметтік ахуалымен танысып, ата-аналарымен жеке сұхбат жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек-қазан айында 5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңіндегі қиындықтар туындайтын себептерді ескере отырып, ауыспалы кезеңдегі тұлғаның жас және жеке ерекшеліктерін зерттеу үшін, кездесетін психологиялық сәтсіздіктерін болдырмаудын жолын іздестіру мақсатында 5- сыныпытармен төмендегідей диагностикалық және түзету жұмыстар жүргізілді.

Орта буынға бейімделуін анықтау жұмыстары төмендегідей.

- Оқушылардың өзін-өзі бағалауы бойынша «Мен қандаймын» атты тест алынды.
- 5-сынып оқушылардың оқуға көз-қарасын анықтау барысында Н.Г.Лускановтың «Оқу мотивациясын анықтау» сауалнамасы жүргізілді.
- Оқушылардың сыныптағы қарым қатынасын анықтау үшін Дж.Морененың «Социометрия» әдістемесі жүргізілді.
- Оқушылардың орта буынға көкен кездегі ахуалын анықтау үшін «Мен орта буынға көштім» сауалнамасы алынды.
- 5-сынып оқушыларының пәнге бейімделуін анықтау үшін «Түймедақ» әдістемесі алынды.
- 5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздықтың деңгейін анықтау үшін, Филипс әдістемесі жүргізілді.

Психологиялық жұмыс: оқушының жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделу қабілеттерін анықтау мақсатында «Мен қандаймын?» өзін өзі бағалау әдістемесі бойынша 112 оқушы қатысып, өзін жоғары бағалайтын оқушы саны-79, өзін өзі орташа бағалайтынтын оқушы саны - 28. өзін өзі төмен бағалайты оқушы саны 5.2. Н.Г. Лусканов әдістемесінің мектеп мотивациясы бойынша 112 оқушы қатысып, жүргізілген зерттеу нәстижесі балалардың оқу мотивациясы үш деңгейде көрініс бергенін анықтадық.

Қорытындылап айтқанда Мектепке бейімделуі жоғары деңгейде – 4,6 % оқушы, *Мектепке бейімділігі ортаңғы деңгейде* – 6,4 % оқушы, Мектепке бейімілігі төменгі деңгейде – 2,5 %, Мектепке бейімділігі теріс қарым-қатынаста – 0 оқушы

Жоғары деңгейдегі – оқушының мектепке қатынасы оң; берілген талаптарды адекватты қабылдайды; мәліметтерді толық игерген бала саны – 59 оқушы.

*Ортаңғы деңгей*дегі – оқушының мектепке қатынас оң; оқу материалын түсінеді; бағдарламаның негізгілер меңгереді; тапсырмаларды өз бетінше орындайды, тапсырмаларды орындауда мұқият, бірақ бақылауды талап ететін бала саны – 49 оқушы.

*Төменгі деңгей*дегі – оқушының мектепке қатынасы теріс; денсаулығының нашарлығына реніш білдіреді; көңіл-күйінің нашарлығын көрсетеді: тәртіп бұзады; оқу материалдарын фрагментарлы меңгеретін бала саны- 4 оқушы 7

5-сынып оқушылармен жүргізілген социометрия нәтижесі бойынша

5 «Г» сыныбында 28 оқушы, қатысқаны 15 оқушы, 2 - оқушы жетекші, ұйымдасқан топ жоқ, өзара қарым-қатынаста 8 оқушы, оқшауланған 2 оқушы анықталды.

5 «Д» сыныбында 24 оқушы, қатысқаны 21 оқушы, 1 - оқушы жетекші, ұйымдасқан топ жоқ, өзара қарым-қатынаста 6- оқушы, оқшауланған 3 оқушы анықталды.

5 «Ғ» сыныбында 24 оқушы, қатысқаны 20 оқушы, 2 - оқушы жетекші, 1- ұйымдасқан топ, өзара қарым-қатынаста 18- оқушы, оқшауланған 1-оқушы анықталды.

5 «Ә» сыныбында 24 оқушы, қатысқаны 22 оқушы, 2 - оқушы жетекші, ұйымдасқан топ жоқ, өзара қарым-қатынаста 16- оқушы, оқшауланған 4-оқушы анықталды.

Мен орта буынға көштім сауалнамасы бойынша

Мектепке қандай көңіл күймен келесің? деген сауалға, жақсы көңіл күймен келетін оқушы 3,8 % оқушы, жаңа достарымен кездесу үшін келетін оқушы – 2,1 %, жаңа білімді игеру үшін келетін оқушы 4,1 %.

2. Мектепке келген кезде сен қандай сезімде боласың? деген сауалға, қуанышты сезінемін – 3,1 % оқушы, өзіме сенімді боламын –2,9 % оқушы, шаршаймын –1,8 % жалығамын – 1,2 %, жайбарақаат сезімде боламын - 3,8 %,

3. Оқу үлгеріміңе ризасыңба? деген сауалға «Иә» деп жауап берген оқушы саны 323 оқушы.


4. Жақсы оқуға не кедергі жасайды деген сұраққа, пәнге деген қызығушылық жоқ деп жауап берген оқушы - 2,1 %, отбасы мәселесі деп жауап берген оқушы – 1,3 %, білім мәселесі деп жауап берген оқушы - 3,2 %, жалқаулық деп жауап берген оқушы – 1,5%.

Түймедақ әдістемесі бойынша жақсы көретін пәндері?

- *Математика -143 – 11,9*
- *Қазақ тілі – 158 – 13,1*
- *Әдебиет – 167 - 13,9*
- *Шет тілі – 113 – 9,4*
- *Орыс тілі – 108 - 9*
- *Дене шынықтыру – 298 – 24,8*
- *Сурет – 164 – 13,6*
- *Тарих -182 – 15,1*
- *Жаратылыстану -174 – 14,5*

- *Еңбек – 285 – 23,7*
- *Музыка – 256 – 21,3*
- *Өзін өзі тану – 275 – 22,9*

2023-2024 жылындағы 5 сынып оқушыларының «Түймедақ әдістемесі» бойынша жақсы көретін пәндерінің диаграммасы



Филипстің мектептегі мазасыздықты анықтауға арналған тесті бойынша оқушылардың үрей деңгейі, жалпы мектепте өзін қалай сезінетіні жайлы, сабақтарға қатысып, оқушының мінезін, өзара қатынасын бақылауға алынды. Үрей деңгей: жоғары – 54%, орташа -26 %, төмен -20 % оқушы анықталды.

Кеңес беру : бейімделу кезеңіндегі негізгі міндет және қиындықтармен таныстырырып, қатынасты жақсарту үшін көмек берілді, психологиялық ерекшеліктер және диагностиканың нәтижесімен таныстырылды; үрейді түзетуге, басқыншылықты жоюға, оқуға ынталандыруға нұсқау берілді; бейімделу кезеңіндегі төмен болған оқушылардың ата-аналарына жеке кеңес берілді.

Алдын алу іс-шаралар: оқушыларға қолдау жасалып, диагностиканың қорытындысымен таныстырылды.

Түзету және дамыту жұмыстары: 5-сыныптағы бейімделу кезеңінің қиындықтарының алдын алу бойынша топтық және жекеше түрінде түзету дамыту жаттығуларын жүргізілді.

Талдау жұмысы: жұмыстың мәнін түсіндіріп, жұмысты бағалау және жұмыстық жоспарды түзетуге талап қойылды.

Бейімделу кезеңіндегі психологиялық қолдау бойынша келесі қорытынды жасалып төмендегідей ұсыныстар берілді

1.Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесін пайдалана дамыту жұмыстарын жүргізу.
2.Өзіне сенімсіздік және үрейлікті жою шараларын жүргізу.
3.Ата-аналармен тәрбиелеу және оқыту мәселесі туралы жұмыс істеу.
4.Оқушыларға психологиялық қолдау жасау.
5.Оқушының оқуға ынтасын көтеру, өзін шынайы бағалау, өз бетімен жұмыс істеу, табысқа жете білуге үйрету.
6. Оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізу


Медбикемен бірлескен жұмыс жоспары бойынша, психологтар тарапынан мектеп оқушыларына ықпал ету жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға жеке басының гигиенасын сақтауға, тазалықты ұстануға кеңестер беріліп ұсыныстар айтылды.


Қараша айында 8 «А», 8 «В», сыныптарында «Адамның ең қымбат абыройы – ар ұяты» атты тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг басы шаттық шеңбермен басталып, оқушылармен жылы қарым-қатынас орнатылды. Ар, намыс, ұят туралы мақалдар арқылы оқушыларға ой тасталды. Оқушылар топқа бөлініп, адамның жеке басы туралы өз ойларымен бөлісті. Тренинг барысында «кісілік», «гуманизм» сөздеріне ақпрат беріліп, өсиет әңгіме айтылды. Топтасып бірлескен оқушылар постерлерін қорғады. Сергіту сәті ретінде ұятқа байланысты «Жоқ-иә» ойыны жүргізілді. Сонымен қатар әлеуметтік эксперимент «Ақша/Мейірім сыйлау» акциясы ұйымдастырылды. Топтасқан оқушыларға түрлі жағдаяттар шешу ұсынылды. Тренинг соңында оқушыларға майшам беріліп «Аялы алақан» әдісі арқылы қорытынды жасау берілді. Кері байланыс ретінде шеңберге тұрып, «Жылы леп» әдісі көмегімен алғыс, тілек айту арқылы аяқталды.





2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес аутодиструктивті мінез-құлық алдын алу бойынша 10-11 сыныптар арасында «Мен өмірді сүйемін» атты –эссе алу жұмыстары жүргізіді. Тексеру кезінде аса сұрақ туғызатындай мәселе байқалмады.





Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында соның ішінде «Буллинг, кибербуллинг алдын алу» бойынша мектеп оқушылары арасында жасырын сауалнама алынды. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлармен біріккен жұмыс барысында «Зиянды сайттардан аулақпыз» атты мектеп оқушыларына кеңес жаднамалар таратылды.





Медбикемен бірлескен жұмыс бойынша оқушылардың жеке басының гигиенасын сақтауға, тазалықты ұстануға ықпал етіп, кеңестер мен ұсыныстар айтылды.








Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен «Жаңбыр астындағы адам» Проективті әдістеме жүргізілді.

Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 6-8 сынып оқушылар арасында үлгерімі төмен анықталған оқушылардың оқу мотивациясын анықтау мақсатынла Н.Г.Лусканов әдістемесі алынды.

Н.Г.Лусканов әдістемесі



Аутодеструктивті мінез-құлықалдын алу мақсатында 5-11 сынып оқушылары арасында И.П.Павловтың темперамент типтерін анықтау әдістемесі жүргізілді.



9-10 сынып оқушыларына кәсіби бейінді оқытудағы оқушыларға мамандық таңдау бойынша психологиялық кеңестер берілді.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне байланысты «Менің сыныбымның ғаламшары» атты түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.


2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес бастауыш сынып оқушылар арасында өмірлік қиын жағдайға тап болған оқушылардың отбасылық қобалжуын анықталды. Анықталған оқушылардан А.И.Захаров. Р.Бернстің «Отбасы сурет» атты проективті әдістеме алынды.






10 сынып оқушыларына кәсіби бейінді оқытудағы «Заман талабына сәйкес жаңа мамандықтар» атты презентациямен таныстырылып, жеке кеңесті қажет ететін оқушылармен жеке әңгімелесу жүргізілді.

Олқылықтардың орнын толтыру мақсатында, ата-аналарға білім сапасы төмен оқушылардың «Үлгермеушіліктің басты себептері» атты жаднама таратылып, кеңестер мен нұсқаулартар берілді.





Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың әлеуметтік ортасын дамыту барысында «Жүрек жылуын сыйлаймын» атты жаттығулар жүргізілді.



Адамдар бір-біріне жылы сезімін білдіріп, тек жақсылық ойлау, игілік жасау арқылы мейірімділік таныта алады.

Мектеп мәселелері бойынша әкімшілікпен бірге жұмыс жасалып, оқышылар мен мұғалімдерге кеңестер мен нұсқаулар берілді.

Қ.Мұхамедханов атындағы №90 гимназияда 2023 жылдың 19-25 желтоқсан аралығында балалар мен жасөспірімдерді коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға бағыттау. Өздеріне және басқаларға оң көзқарас, психоэмоционалды жағдайды өзін-өзі реттеу дағдыларын, қақтығыстарды шешу қабілеттілігін және стресстік жағдайларға лайықты түрде әрекет етуге бағыттау, Оқушылардың психологиялық саулығын сақтау. Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында психология апталығы өткізілді. Психология апталығы бойынша жоспар құрылып, бекітілді. 2023 жылдың 20 желтоқсан күні педагог-психологтардың ұйымдастыруымен психология апталығының ашылуы өткізілді. Психология апталығының ашылуы барысында "Кинестетикалық жаттығулар", "Таным процестерін дамытуға арналған жаттығулар", "Нейрожаттығулар", "Дәм сезу ойыны", "Би терапиясы" жүргізілді. "Қызықты психология" бұрышы жасалды. Оқушылар белсенділік танытып, қызығушылықпен қатысты.











6.2. Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.

Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқушылардың бойындағы адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді дамыту. Өмірдегі қуанышты сәттерінен және жалпы адам бақыты туралы түсінік бере отырып рухани-адамгершілік қағидаларды өз бақыты үшін дұрыс қолдана білуге , өмірдің әр сәтін бағалай алуға тәрбиелеу мақсатында жоғары сынып білім алушылармен «Жүрек жылуы» тақырыбында мейірімділік акциясы өткізілді. Акция барысында оқушылар жүрекшелерді беру арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, тілектереін айтты. Оқушыларға жақсы көңіл-күй сылайтын, сенімділіктерін артырып, мотивация беретін, өзін-өзі бағалауын арттыратын тілектер, сөздер жазылған жүрекшелер мен тәттілер берілді.










Кәсіби бағдарға арналған дифференциалды диагностикалық сауалнама (ДДС) адамның белгілі бір мамандық түрлеріне оның құндылық бағдарларында көрінетін бейімділігін анықтауға арналған. Жасөспірімдер мен ересектерге кәсіптік бағдар беру үшін қолдануға болады. Дифференциалды диагностикалық сауалнама (ДДС) тұлғаның психологиялық типін анықтауға көмектеседі. Соған сәйкес адамның


ойлау түрін, оның таланты мен белгілі бір қызмет салаларына бейімділігін анықтау онай. Кәсіби бағдарға арналған, оқушылардың мамандық таңдауына септігін тигізетін Сюьзен Деллингердің психогеометриялық сынағы жүргізілді.Ұсынылған тест тұлғаның фигура таңдау негізінде мінез-құлқының егжей-тегжейлі сипаттамасын беруге мүмкіндік береді. 9, 11 сынып оқушыларынан Дифференциалды диагностикалық сауалнамасы (ДДС), Сюьзен Деллингердің психогеометриялық сынағы алынды 166 оқушы қатысты. Зерттеу нәтижесі бойынша қорытынды шығарылды. Диагностикалық жұмыстың қорытындысы оқушыларға таныстырылды. Мамандық таңдау бойынша бағыт-бағдар берілді.

Оқушылардың темпераментінің ерекшеліктерін айқындау, тұлғалық қасиеттерін анықтау мақсатында 9,11 сынып оқушыларынан Г.Айзенк сауалнамасы жүргізілді. Диагностикалық жұмысқа 11 сыныптардан 49 оқушы, 9 сыныптардан 79 оқушы қатысты. Зерттеу барысы: Шкала: экстраверсия, интроверсия, нейротизм; темперамент түрлері-сангвиник, флегматик, холерик, меланхолик. Сауалнама экстраверсияны, интроверсияны және невротизмді диагностикалауға арналған, сонымен қатар "өтірік шкаласын" құрайтын тоғыз сұрақты қамтиды. Кілтке сәйкес келетін жауаптар бір баллмен бағаланады. Г. Айзенк осы сауалнаманың (А және В) екі нұсқасын әзірледі, бұл, мысалы, берілген жауаптарды бұрын есте сақтау мүмкіндігін жоққа шығарып, белгілі бір эксперименттік рәсімдерден кейін қайта зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Оқушыларға сілтеме жіберілді Әр сұрақты мұқият оқып, оған шындыққа сай жауап берді. Тестті белгілеп аяқтағаннан кейін, балалардың таңдаған жауаптарына байланысты тесттің нәтижесі шығарылды. **Зерттеу нәтижесі бойынша қорытынды:**













Оқушылардың қабілеттері мен талантарын, қызығушылықтарын анықтау мақсатында 9,11 сынып оқушыларынан «Г.Гарднердің интеллект түрлерін анықтау» тесті жүргізілді. Диагностикалық жұмысқа 11 сыныптардан 44 оқушы, 9 сыныптардан 80 оқушы қатысты. Зерттеу барысы: Интеллект түрлері бойынша сауалнама сіздің қандай да бір қызмет түріне бейімділігіңізді анықтауға мүмкіндік береді, бұл сізге болашақ мамандықты таңдауға көмектеседі. Сауалнама Говард Гарднер теориясында баяндалған интеллект құрылымы туралы көзқарастарға негізделген. Оқушыларға сұрақтар берілді. Әр сұрақты мұқият оқып, оған шындыққа сай жауап берді. Келісетін сұраққа «+» деп келіспеген сұраққа «-» деп жауап берді. Тестті белгілеп аяқтағаннан кейін, балалардың таңдаған жауаптарына байланысты тесттің нәтижесі шығарылды. Тестің нәтижесі баллмен есептелді(10-100). **Зерттеу нәтижесі бойынша қорытынды:**












Оқушылардың психоэмоциялық жағдайын, бойындағы алаңдаушылықтың түрі мен деңгейін анықтау мақсатында 8-10 сынып оқушыларынан "Алаңдаушылық шкаласы" әдісі (Кондаш) жүргізілді. Диагностикалық жұмысқа 266 оқушы қатысты. Диагностикалық жұмыстың нәтижесінде оқушы бойындағы алаңдаушылықтың үш шкаласы(мектептегі, тұлғааралық, өзін-өзі бағалау) бойынша деңгейі анықталады. Бұл типтегі шкалалардың ерекшелігі-оларда адам кез-келген тәжірибенің, алаңдаушылық белгілерінің болуын немесе болмауын емес, жағдайды қаншалықты алаңдаушылық тудыруы мүмкін екендігі тұрғысынан бағалайды. Бұл түрдегі шкалардың артықшылығы, біріншіден, олар шындықтың аймақтарын, оқушының мазасыздануының негізгі көзі болып табылатын нысандарды анықтауға мүмкіндік береді, екіншіден, сауалнамалардың басқа түрлеріне қарағанда олар аз дәрежеде оқушылардың интроспекциясының даму ерекшеліктеріне тәуелді болады. Зерттеу нәтижесі бойынша қорытынды жасалды:



Зерттеу қорытындысы бойынша алаңдаушылық өте жоғары және жоғары деңгейді көрсеткен оқушылармен нақтылау жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың сынып жетекшілеріне ұсынымдар мен кеңестер берілді. Оқушылармен жеке әңгімелесу жұмыстары жүргізілді. Алаңдаушылық шкалалары бойынша оқушыларға ұсынымдар мен кеңестер берілді.

